

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Национальный Банк Республики Казахстан
National Bank of Kazakhstan



Қазақстан Ұлттық Банкінің
ХАБАРШЫСЫ

№7

2016 жылғы 1–31 шілде

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы»

Редакциялық кеңестің құрамы:

Редактордың міндетін атқарушы:
А.Л. Терентьев

редакциялық кеңестің мүшелері:
П.Е. Орлов
Ә.Қ. Мадиярова
Н.В. Сәрсенова
А.Е.Сәрсенбаева

шығарылымға жауапты:
Н.Н. Шабанова
Тел: 8 (727) 330-24-97

Құрылтайшы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ
050040, Алматы қ.,
«Көктем-3» ш/а, 21

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде
24.02.1997ж. № 432 тіркелген

1995 жылдан бастап шығарылады

Редакциядан:

Құрметті оқырмандар!

Қазақстан Ұлттық Банкі Сіздердің назарларыңызға «ҚҰБ Хабаршысы» журналының кезекті 2016 жылғы 1-31 шілде аралығындағы № 7 шығарылымын ұсынып отыр.

«Басты оқиғалар» бөлімінде базалық мөлшерлеме туралы ақпарат жарияланған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы халықаралық резервтері және ақша базасы, төлем балансының алдын ала бағасы бойынша деректер берілген.

Сонымен бірге басылым беттерінен Қазақстан Ұлттық Банкі әзірлеген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген № 95, 131, 138 нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратты ала аласыздар.

МАЗМҰНЫ:

1. Басты оқиғалар4 бет;
2. «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 228 қаулысы.....11 бет;
3. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 253 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 231 қаулысы17 бет;
4. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы» ҚРҰБ Басқармасының № 237 қаулысы19 бет;

Басты оқиғалар

Базалық мөлшерлеме туралы

2016 жылғы 11 шілде

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені $+1\%$ дәлізбен $13,0\%$ -ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Инфляция толық көлемде Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес келеді, ағымдағы жағдайлар сақталған кезде инфляциялық үдерістердің жеделдеу тәуекелдері барынша төмен, бұл едәуір ықтималдылықпен 2016 жылдың соңына қарай инфляцияның нысаналы дәліздің $6-8\%$ жоғары шегіне жетуін күтуге мүмкіндік береді. Бір жылда бағаланатын базалық мөлшерлеменің инфляцияға әсер етуінің уақытша аралығын назарға ала отырып, базалық мөлшерлемені төмендету туралы шешім инфляцияны алдағы 12 айда және 2017 жылдың соңына дейін көрсетілген нысаналы дәліздің шегінде сақтаудағы сенімділікті растайды.

Базалық мөлшерлеме бойынша шешім мынадай факторларды ескере отырып қабылданды.

Сыртқы нарықтағы оң үрдістер қолма-қол шетел валютасы нарығында, сол сияқты банк депозиттері нарығында валюталық активтердің теңгедегі активтерге ауысуы жөніндегі соңғы 4 айдағы үрдістің жалғасуына ықпал етуде.

2016 жылғы мамыр-маусымдағы мұнайдың әлемдік нарықтарындағы бағалары күткендегіден әлдеқайда жоғары деңгейде қалыптасты. Ұлыбританиядағы Еуропалық одақтан шығу жөніндегі референдумның нәтижелері қаржы нарықтарындағы қысқамерзімді турбуленттіліктің өсуіне әкелді, алайда Ұлыбританияның Еуроодақтан шығуынан тікелей тәуекелдер Қазақстан үшін шектеулі ретінде бағалануда.

Ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты, валюталық тәуекелдерге қатысты жағымсыз күтулер төмендеуде. Ұлттық Банктің бағалауынша, теңге бағамы іргелі сыртқы және ішкі факторлардың үйлесуін көрсетіп отыр, бұл туралы оның соңғы айлар ішінде шамалы өзгеруі және Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығына қатысу деңгейі растап отыр.

Ақша нарығында өтімділіктің құрылымдық профициті байқалуда, осыған орай Ұлттық Банк артық өтімділікті алу операцияларын белсенді түрде жүргізуін жалғастыруда. Төмен кредиттік белсенділік және кредиттік ресурстарға деген сұраныс инфляциялық үдерістердің жылдамдау тәуекелдерін шектей отырып, оған экономиканың нақты секторына ауысуына мүмкіндік бермейді.

Іс жүзіндегі инфляция мәні Ұлттық Банктің бағалауымен сәйкес келеді. 2016 жылғы бірінші жартыжылдықта оның деңгейі $4,6\%$ -ды, маусымда $0,4\%$ -ды құрады. Халықтың инфляциялық күтулері және кәсіпорындардың мониторингі бойынша сұратуларға сәйкес нақты сектор кәсіпорындарының тұтыну тауарларына және дайын өніміне баға өсуінің барынша қалыпты қарқындары күтілуде. Негізгі сауда әріптес елдердегі инфляция бәсеңдеуде. Елдегі экономикалық белсенділікті төмен деңгейде сақтау тежеуші фактор болып қалуда.

Базалық мөлшерлеме бойынша кейінгі іс-әрекеттер инфляция бойынша іс жүзіндегі деректерге, олардың болжамнан ауытқуына, халық пен нарықтың инфляциялық күтулеріне, сондай-ақ экономика субъектілерінің валюталық басымдықтарына байланысты болады. Базалық мөлшерлеменің ықтимал төмендеуі инфляция деңгейінің нысаналы диапазонға жақындауын куәландыратын орнықты белгінің болуына негізделетін болады. Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2016 жылғы 15 тамызда Астана қаласының уақыты бойынша 17.00-сағатта жария етілетін болады.

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

2016 жылғы 27 шілде

Алматы қ.

1. 2016 жылғы маусымдағы инфляция

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылғы маусымда инфляция 0,4% (2015 жылғы маусымда – 0,1%-ға төмендеу) болды. Азық-түлік тауарлары 0,7%-ға (0,5%-ға төмендеу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,5%-ға (0,3%-ға өсу) қымбаттады. Ақылы қызмет көрсету тарифтері 0,1%-ға өсті (0,1%-ға өсу).

Азық-түлік тауарлары нарығында 2016 жылғы маусымда көбіне картоптың бағасы – 33,5%-ға, сәбіз – 8,8%, пияз – 5,5%-ға, жарма – 3,1%-ға, қант – 2,3%-ға өсті. Орамжапырақтың бағасы 19,1%-ға, жұмыртқа 9,2%-ға төмендеді.


Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың ішінде киім мен аяқ киім 0,8%-ға, оның ішінде аяқ киім – 1,6%-ға, тұрмыстық үй заттарының бағасы – 0,4%-ға өсті.

Ақылы қызметтер тобында қоғамдық тамақтану қызметтерінің бағасы 1,3%-ға, темір жол көлігі 1,2%-ға көтерілді. Ауруханалар қызметі 1,8%-ға, амбулаторлық қызметтер 0,8%-ға қымбаттады.

2016 жылғы қаңтар-маусымда инфляция 4,6% (2015 жылғы қаңтар-маусымда – 1,4%) болды. Жылдың басынан бастап азық-түлік тауарларының бағасы 5,0%-ға (1,4%-ға өсу), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 4,7%-ға (0,7%-ға өсу), ақылы қызмет көрсету – 4,1%-ға (2,1%-ға өсу) өсті (1-график).

1-график

2015 және 2016 жылғы қаңтар-маусымдағы инфляция және оның негізгі топтары



Инфляция жылдық көрсеткіш бойынша 2016 жылғы маусымда 17,3% (2015 жылғы желтоқсанда – 13,6%) деңгейінде қалыптасты. Бұл ретте азық-түлік тауарларының бағасы 14,9%-ға (10,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 27,5%-ға (22,6%), ақылы қызмет көрсету – 10,3%-ға (8,1%) өсті.

2. 2016 жылғы маусымдағы халықаралық резервтер (жедел деректер), ақша базасы және ақша агрегаттары

2016 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоспағанда) алдын ала бағалау¹ бойынша және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша базасы мынадай болды:

¹ Бағалауға сыртқы басқарудағы активтер бойынша аудиттелмеген деректер кіреді

	Ағымдағы бағалармен
Жалпы халықаралық резервтер, млн. долл.	30 494,3
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	29 663,3
оның ішінде:	
ЕАВ-дағы таза активтер	19 578,5
Алтын	10 084,8
Ақша базасы, млрд. теңге	4 894,1
Тар ақша базасы, млрд. теңге	4 285,9
ЕДБ-дің ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттері, млрд. теңге	570,3
KZT/USD (кезең соңында)	338,66
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	1 317,0

ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-дағы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырма

Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-дің ҚРҰБ-дағы мерзімді депозиттерін, депозиттер және арнайы мақсаттағы шоттар бойынша %-ды қоспағандағы ақша базасы

2016 жылғы маусымда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды. Ұлттық Банктің жалпы халықаралық резервтері 1 891,0 млн. АҚШ долларына немесе 6,6%-ға өсті. Бұл ретте шетел валютасындағы активтер 937,2 млн. АҚШ долларына, бағасының 8,8%-ға өсуі кезінде жүргізілген операциялар нәтижесінде алтындағы активтер 953,8 млн. АҚШ долларына ұлғайды.

Халықаралық резервтердің негізгі өсімі Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валюталардың түсуі, алтындағы активтерді қайта бағалау, сондай-ақ банктердің шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың ұлғаюы есебінен болды. Сонымен қатар бекітілген графикке сәйкес банктермен валюталық-пайыздық своп операциялары өтелді, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету операциялары жүргізілді.

Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін (жедел деректер бойынша 65 748,5 млн. АҚШ доллары) қоса алғанда, тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері бір айда 2,3%-ға өсіп, 96 242,8 млн. АҚШ долларын құрады.

Ақша базасы 2016 жылғы маусымда 8,9%-ға немесе 399,0 млрд. теңгеге кеңейді. Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 4,3%-ға кеңейді (жыл басынан бері 8,2%-ға тарылу).

2016 жылғы маусымда ақша массасы 18 398,9 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға (жыл басынан бері 6,9%-ға өсті), айналыстағы қолма-қол ақша 1 582,3 млрд. теңгеге дейін 6,5%-ға (жыл басынан бері 27,9%-ға), банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 16 816,6 млрд. теңгеге дейін 1,9%-ға (жыл басынан бері 5,3%-ға өсті) ұлғайды. Ақша массасының құрылымында депозиттердің үлесі 2016 жылғы мамырдағы 91,7%-дан 2016 жылғы маусымда 91,4%-ға дейін аздап қысқарды (2015 жылғы желтоқсанда – 92,8%).

3. 2016 жылғы маусымдағы ақша нарығы

2016 жылғы маусымда ақша нарығындағы сауда-саттықтың негізгі көлемі автоматты РЕПО нарығында өткізілді. Бұл ретте ақша нарығындағы мөлшерлеме 2016 жылғы 6 мамырдан бастап 15%-дық деңгейде сақталған базалық мөлшерлемені ескере отырып қалыптасты.

	2016 мамыр	2016 маусым	Өзгеруі, %-бен
Автоматты РЕПО нарығындағы сауда-	5 752,0	5 275,9	-8,3

саттық көлемі, млрд. теңге			
Своп нарығындағы сауда-саттық көлемі, млрд. теңге	1 104,9	1 915,4	73,4
ҚҚБ-ғы KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі, млн. АҚШ доллары	2 503,2	2 662,6	6,4
Банкаралық нарықтағы KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі, млн. АҚШ доллары	6 447,6	7 748,5	20,2

2016 жылғы маусымда 1 күндік РЕПО операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме (TONIA² индикаторы) жылдық 14,0% деңгейінде, 1 күндік своп операциялары бойынша орташа алынған мөлшерлеме 12,7% деңгейінде қалыптасты. Ақша-кредит саясатының операцияларын ақша нарығында жүргізу кезінде таргеттелетін (нысаналы) мөлшерлеме болып табылатын TONIA индикаторының базалық мөлшерлемесінің пайыздық дәлізінің төменгі шекарасы айналасында қалыптасты.

Ұлттық Банк 2016 жылғы 11 шілдеде базалық мөлшерлемесінің деңгейін +/-1% дәлізбен 13%-ға дейін төмендетті, ол инфляциялық процестердің жылдамдау тәуекелдерінің азаюына байланысты болды. Базалық мөлшерлеме бойынша одан әрі жүргізілетін іс-әрекет инфляция бойынша нақты және болжамды деректерге, инфляциялық күтулерге, сондай-ақ экономика субъектілерінің валюталық басымдығына байланысты болады.

4. 2016 жылғы маусымдағы валюта нарығы

2016 жылғы маусымда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 330,16-339,69 теңге аралығында өзгерді. 2016 жылғы маусымның соңында теңгенің АҚШ долларына қатысты биржалық бағамы бір ай ішінде 0,8%-ға төмендеп (жыл басынан бастап нығаю – 0,4%), бір АҚШ доллары үшін 338,66 теңге болды.

Қазақстан қор биржасында KZT/USD валюталық жұбы бойынша биржалық операциялар көлемі 2016 жылғы мамырмен салыстырғанда 2016 жылғы маусымда 6,4%-ға өсіп, 2,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Биржадан тыс валюта нарығында KZT/USD валюталық жұбы бойынша операциялар көлемі 2016 жылғы мамырмен салыстырғанда 20,2%-ға ұлғайып, 7,7 млрд. АҚШ доллары болды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 16,3%-ға өсіп, 10,4 млрд. АҚШ доллары болды.

2016 жылғы маусымда Ұлттық Банк ішкі валюта нарығында өктемдік жүргізді, нетто-сатып алу көлемі 2,5 млн. АҚШ долларын құрады. Ұлттық Банктің валюта нарығына қатысуы барынша төмен болып, 0,1%-ды құрады.

Қолма-қол шетел валютасы нарығында айырбастау пункттері арқылы халық тарапынан қолма-қол АҚШ долларын сату үрдісі жалғасуда. 2016 жылғы маусымда халық 25,7 млн. АҚШ долларын сатты (2016 жылғы ақпан-маусымда 972,9 млн. АҚШ доллары сатылды).

5. 2016 жылғы маусымдағы мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2016 жылғы маусымда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша аукцион өткізілмеді. Қаржы министрлігінің айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі маусымның соңында 5 585,7 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноттары

² Биржада автоматты РЕПО секторында МБҚ-мен жасалған бір жұмыс күндік мерзімі бар РЕПО-ны ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2016 жылғы маусымда 4 119,0 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте 7 күндік ноттарды орналастыру бойынша 22 аукцион, 1 айлық ноттарды орналастыру бойынша 5 аукцион, 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 1 аукцион және 6 айлық ноттарды орналастыру 1 аукцион бойынша өткізілді. Орналастырылған 7 күндік ноттар бойынша тиімді кірістілік 15,72%, 1 айлық ноттар бойынша – 15,51%, 3 айлық ноттар бойынша - 14,79%, 6 айлық ноттар бойынша – 14,32% болды. 2016 жылғы маусымның соңында айналыстағы ноттар көлемі 1 552,4 млрд. теңгені (бір ай ішіндегі өсім – 12,6%) құрады.

6. Төлем балансы және сыртқы борыш

2016 жылғы 1-тоқсанның нәтижесі бойынша **ағымдағы операциялар шоты** теріс сальдомен қалыптасып, 2015 жылғы 1-тоқсандағы 125,3 млрд. АҚШ доллары болатын аздаған тапшылықпен салыстырғанда 1,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ағымдағы операциялар бойынша тапшылықтың ұлғаюына 2,7 млрд. АҚШ долларын құраған оң сауда балансының қысқаруы себепші болды, бұл 2015 жылғы 1-тоқсандағы көрсеткіштен (4,2 млрд. АҚШ доллары) 36,7%-ға төмен.

Тауарлар экспорты 30,5%-ға қысқарып, 8,4 млрд. АҚШ долларын құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 12,1 млрд. АҚШ доллары). Мұнай бағасының одан әрі құлдырауы тауарлар экспорты көлемінің қысқаруының негізгі факторы болып отыр. Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы 2016 жылғы 1-тоқсанда орташа алғанда 2015 жылдың осындай кезеңімен (2015 жылғы 1-тоқсанда бір баррель үшін 53,9 АҚШ доллары) салыстырғанда 36,3%-ға төмендеп, бір баррель үшін 34,4 долларды құрады, бұл ретте қаңтардың үшінші онкүндігінде баға ең төменді деңгейге дейін бір баррель үшін 27,8 АҚШ долларына дейін түсті. Мұнай және газ конденсаты экспортының құны 4,5 млрд. АҚШ долларын құрай отырып, 41,1%-ға төмендеді. Қалған тауарлар бойынша экспорт 13,4%-ға қысқарды.

Тауарлар импорты 27,1%-ға қысқара отырып, 5,8 млрд. АҚШ долларын құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 7,9 млрд. АҚШ доллары). Импортының жалпы көлемінде өнімнің барлық түрін әкелу қысқарды, бұл ретте, азық-түлікке жатпайтын тұтыну тауарлары айтарлықтай 36,5%-ға қысқарды.

Резиденттердің шикізат экспортынан түсетін кірістерінің төмендеуі нәтижесінде шетелдік тікелей инвесторларға кірістер төлеу 2,1 млрд. АҚШ долларына дейін 12,9%-ға қысқарды. Сыртқы сауда операциялары және тұтынушылық қызмет көрсету импорты көлемінің төмендеуіне халықаралық қызмет көрсету тапшылығының 1,0 млрд. АҚШ долларына дейін 9,1%-ға қысқаруы себепші болды.

Қаржы шоты бойынша капиталдың таза әкелінуі (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда) 2016 жылғы 1-тоқсанда 1,5 млрд. АҚШ долларын құрады (2015 жылғы 1-тоқсанда 2,6 млрд. АҚШ доллары) және, негізінен, портфельдік инвестициялар бойынша әкетілумен ішінара өтелген тікелей инвестициялау операциялары бойынша әкелінумен қамтамасыз етілді.

Шетелдік тікелей инвестициялар бойынша капиталдың таза әкелінуі 2015 жылғы 1-тоқсандағы 1,4 млрд. АҚШ долларымен салыстырғанда 2,6 млрд. АҚШ долларын құрады. Шетелдік тікелей инвестициялардың (ШТИ) жалпы әкелінуі 4,3 млрд. АҚШ долларын құрады (2015 жылғы 1-тоқсанмен салыстырғанда 2,7%-ға төмен).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шетелдік активтерінің өсуі, резиденттердің қайталама нарықта Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан банктерінің еурооблигацияларын сатып алуы, бұрын шығарылған еурооблигацияларды банктік емес ұйымдардың ішінара өтеуі портфельдік инвестициялар бойынша 2,2 млрд. АҚШ доллары болып қалыптасқан таза әкетілуге себепші болды.

2016 жылғы 31 наурызда **Қазақстан Республикасының сыртқы борышы** жыл басынан бері 0,5 млрд. АҚШ долларына ұлғая отырып, 154,0 млрд. АҚШ долларын құрады.

Сыртқы борыштың құрылымында 7,9% немесе 12,2 млрд. АҚШ доллары мемлекеттік сыртқы борышқа тиесілі болды, 5,0% немесе 7,7 млрд. АҚШ доллары – бұл Банк секторының сыртқы борышы, 33,3% немесе 51,2 млрд. АҚШ доллары – Басқа секторлардың тікелей инвестицияларға байланысты емес берешегі, ал қалған 53,8% немесе 82,8 млрд. АҚШ доллары – Басқа секторлардың фирмааралық берешегі.

Банктердің сыртқы борышы мен үлестес емес кредиторлар алдындағы Басқа секторлардың сыртқы міндеттемелері, негізінен, кредиттер мен қарыздар бойынша борыштық бағалы қағаздардың және ұзақмерзімді міндеттемелердің өтелуі есебінен әрбір сектор бойынша 0,2 млрд. АҚШ долларына қысқарғанына қарамастан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыртқы борышы аздап (23,9 млн. АҚШ долларына) ұлғайды. Бұл ретте, үлестес тұлғалар алдындағы, негізінен, тікелей инвесторлар алдындағы берешек 1,0 млрд. АҚШ долларына ұлғайды.

Сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қарым-қатынасының көрсеткіші 2015 жылғы 31 желтоқсандағы 83,2%-бен салыстырғанда 92,3%-ды құрады. Сыртқы мемлекеттік борыш 2015 жылдың соңындағы 6,6%-бен салыстырғанда ІЖӨ-нің 7,3%-ын құрады. Сыртқы борыштың аздап өсуі кезінде сыртқы борыштың ІЖӨ-ге қарым-қатынасы көрсеткішінің нашарлауы ІЖӨ-нің доллармен есептегендегі көрсеткішінің төмендеуі салдарынан орын алады.

Нақты айырбастау бағамы

2016 жылғы мамырда 2015 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,8%-ға нақты көрсетудегі теңгенің әлсіреуі (37 елдің валютасына қатысты нақты тиімді айырбастау бағамының индексі базасында), ал 2014 жылдың басынан бастап 2016 жылдың мамырына дейін 26,2%-ға әлсіреуі орын алды.

2016 жылғы бес ай ішінде теңгенің Ресей рубліне қатысты әлсіреуі нақты көрсетуде (нақты айырбастау бағамы) 4,8%-ды құраса, ал 2014 жылдың басынан бастап 2016 жылдың мамырына дейін 6,7%-ға әлсіреді.

Негізгі сауда әріптестерінің валюталарына қатысты нақты айырбастау бағамы кестеде берілген.

Кесте. Теңгенің нақты айырбастау бағамы индексінің өзгеруі

Валюта	2016 жылғы қаңтар – мамыр	2014 жылғы қаңтар – 2016 жылғы мамыр
Ресей рубліне қатысты	4,8%-ға әлсіреді	6,7%-ға әлсіреді
АҚШ долларына қатысты	0,6%-ға әлсіреді	42,9%-ға әлсіреді
Еуроға қатысты	4,6%-ға әлсіреді	30,1%-ға әлсіреді
Қытай юаніне қатысты	1,8%-ға нығайды	39,0%-ға әлсіреді
Белорусь рубліне қатысты	0,4%-ға нығайды	13,0%-ға әлсіреді
Қырғыз сомына қатысты	1,0%-ға әлсіреді	27,3%-ға әлсіреді

7. 2016 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша депозит нарығы

Депозит ұйымдарындағы резиденттер депозиттерінің көлемі бір айда 1,9%-ға ұлғайып (жыл басынан бері өсім 5,3%), 2016 жылғы маусымның соңында 16 816,6 млрд. теңгені құрады. Занды тұлғалардың депозиттері 9 781,7 млрд. теңгеге дейін 2,0%-ға көтерілді (жыл басынан бері өсім 6,6%), жеке тұлғалардың депозиттері 7 035,0 млрд. теңгеге дейін 1,8%-ға ұлғайды (жыл басынан бері ұлғаяу 3,6%).

2016 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 7 122,6 млрд. теңге (бір айда 6,6%-ға, жыл басынан бері – 43,8%-ға

өсті), шетел валютасындағы – 9 694,0 млрд. теңге болды (бір айда 1,3%-ға, жыл басынан бері – 12,0%-ға төмендеді). Теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 40,5%-дан 42,4%-ға дейін ұлғайды (жыл басында – 31,0%).

Заңды тұлғалардың ұлттық валютамен депозиттері 2016 жылғы маусымда 4,4%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 37,4%-ға өсті) және 4 838,3 млрд. теңге болды (заңды тұлғалар депозиттерінің 49,5%-ы), шетел валютасымен – 0,3%-ға төмендеді (жыл басынан бері 12,6%-ға төмендеді) және 4 943,4 млрд. теңге болды.

Жеке тұлғалардың теңгемен депозиттері 2016 жылғы маусымда 11,5%-ға өсті (жыл басынан бері 59,7%-ға өсті) және 2 284,3 млрд. теңге болды (жеке тұлғалар депозиттерінің 32,5%-ы), шетел валютасындағы депозиттер 2,3%-ға төмендеді (жыл басынан бері 11,4%-ға төмендеу) және 4 750,6 млрд. теңге болды.

Мерзімді депозиттер маусымда 12 213,8 млрд. теңгені құрап, 1,4%-ға өсті (жыл басынан бері 3,8%-ға өсті). Мерзімді депозиттер құрылымында ұлттық валютамен салымдар 4 484,5 млрд. теңге (бір айда 6,5%, жыл басынан бері – 42,1% өсті), шетел валютасымен – 7 729,4 млрд. теңге (бір айда 1,3%-ға, жыл басынан бері – 10,2%-ға төмендеді) болды.

2016 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютамен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,8% (2015 жылғы желтоқсанда – 20,1%) деңгейінде, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 11,6% (8,5%) болып қалыптасты.

8. 2016 жылғы маусымның соңындағы жағдай бойынша кредит нарығы

Банктердің экономиканы кредиттеуінің көлемі 2016 жылғы маусымның соңында бір ай ішінде 0,2%-ға ұлғайып (жыл басынан бері 1,7%-ға төмендеу), 12 455,9 млрд. теңге болды.

Ұлттық валютамен кредиттер көлемі бір ай ішінде 8 156,4 млрд. теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды (жыл басынан бастап 2,9%-ға төмендеу). Оның құрылымындағы заңды тұлғаларды кредиттеу көлемі 0,7%-ға, жеке тұлғаларды кредиттеу – 0,6% өсті. Шетел валютасымен заңды тұлғаларды кредиттеу көлемі де (0,4%-ға), жеке тұлғаларды кредиттеу көлемі де (1,7%-ға) 4 299,5 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға төмендеді (жыл басынан бастап 0,6%-ға өсу). Теңгемен кредиттердің үлес салмағы бір айда 65,2%-дан 65,5%-ға дейін (2015 жылғы желтоқсанда 66,3%) ұлғайды.

2016 жылғы маусымның соңында ұзақмерзімді кредиттер көлемі 10 349,7 млрд. теңге, қысқамерзімді – 2 106,3 млрд. теңге болды.

Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі 2016 жылғы маусымда 8 464,6 млрд. теңгеге дейін 0,2%-ға ұлғайды (жыл басынан бері 0,5%-ға төмендеу), жеке тұлғаларға кредиттер көлемі 3 991,4 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға өсті (жыл басынан бері 4,1%-ға төмендеу). Жеке тұлғаларға кредиттердің үлес салмағы бір айда 32,0% деңгейінде сақталды (жыл басында – 32,9%).

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 2016 жылғы маусымда 2 719,7 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға ұлғайды (экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 21,8%-ы). Жыл басынан бері шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу көлемі 32,0%-ға ұлғайды.

Салалар бойынша банктердің экономикаға кредиттерінің барынша айтарлықтай сомасы сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 21,1%), өнеркәсіп (12,8%), құрылыс (8,2%), ауыл шаруашылығы (5,7%) және көлік (4,7%) сияқты салаларға тиесілі.

2016 жылғы маусымда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақының орташа алынған мөлшерлемесі 16,3% (мамырда 16,5%), жеке тұлғаларға 19,0% (18,2%) болды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 228

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, ақша белгілерін қолдан жасаудан қорғау жөніндегі шараларды қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Балахметов А.А.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының күші жойылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1232 тіркелген, 2000 жылғы 29 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 211 (22481) жарияланған).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысымен бекітілген Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесіне өзгерісті бекіту туралы» 2001 жылғы 29 қыркүйектегі № 376 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1671 тіркелген, 2001 жылғы 5-18 қарашада «Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы» журналында № 23 (220) жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 1232 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2003 жылғы 25 шілдедегі № 234 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2457 тіркелген, 2003 жылғы 5 қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетінде № 229-230(23529) жарияланған).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2004 жылғы 29 желтоқсандағы № 202 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3392 тіркелген, 2005 жылғы 2 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 21 (23979) жарияланған).

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2006 жылғы 25 шілдедегі № 69 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4343 тіркелген, 2006 жылғы 1 қыркүйекте «Заң газеті» газетінде № 158 (964) жарияланған).

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2006 жылғы 27 қазандағы № 113 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4448 тіркелген, 2006 жылғы 1-30 қарашада «Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы» журналында № 21 22 жарияланған).

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Айналыстағы ұлттық валютаның ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру ережесін бекіту туралы» 2000 жылғы 20 шілдедегі № 301 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 212 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7388 тіркелген, 2012 жылғы 26 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде № 37-38 (27110) жарияланған).

**Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша
белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру
қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерінің дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының айналыстағы ұлттық валютасы ақша белгілерінің (бұдан әрі – ақша белгілері) дизайны (нысаны) өзгерген кезде оларды ауыстыру тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар жаңа үлгідегі ақша белгілерін айналысқа шығару талаптарын, ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңін, ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста жүруін аяқтауды қамтиды.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақша белгісінің дизайнын (нысанын) өзгерту – графикалық бейнелерін, мәтінін өзгерту және енгізу, қолдан жасаудан қорғаудың, мөлшерін, нысанын, түсін, бастапқы материалдарын және ақша белгісінің басқа да белгілерін өзгертудің қосымша элементтерін енгізу;

2) банктер – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері;

3) ескі үлгідегі ақша белгілері – дизайнының (нысанының) өзгеруіне байланысты айналыстан алуға жататын айналыстағы ақша белгілері;

4) жаңа үлгідегі ақша белгілері – айналысқа шығарылатын, бұрынғы дизайнға (нысанға) карағанда жаңа ерекшеленетін белгісі бар ақша белгілері;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығы (филиалы);

6) Ұлттық почта операторы – Үкіметтің шешімі бойынша құрылған акционерлік қоғам, оның жалғыз акционері ұлттық басқарушы холдинг болып табылады, оған почта байланысының әмбебап қызметтерін, арнайы байланыс қызметтерін және қаржылық қызметтерді көрсету және қаржылық қызметті жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелер жүктелген.

2. Жаңа үлгідегі ақша белгілерін айналысқа шығару

4. Ескі үлгідегі ақша белгілерінің дизайнына (нысанына) өзгерістердің енгізілуіне байланысты жаңа үлгідегі ақша белгілерін айналысқа шығару туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қабылдайды.

5. Айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстырған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк):

1) мерзімді баспасөз басылымдарында Ұлттық Банк Басқармасының айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы қаулысын жариялайды;

2) мерзімді баспасөз басылымдарында, теле-, радиоарналарда Ұлттық Банктің айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы ресми хабарын орналастырады.

Ұлттық Банктің айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы ресми хабарында:

1) жаңа үлгідегі ақша белгісін айналысқа енгізу күні, оның номиналы және дизайнының (нысанының) қысқаша сипаттамасы;

2) жаңа үлгідегі ақша белгісін айналысқа енгізген күннен бастап жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі, сондай-ақ ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру тәртібі;

3) ескі үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының аумағында заңды төлем құралы болудан қалған күннен бастап жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күні қамтылады.

6. Ұлттық Банк Басқармасының айналыстағы ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру туралы қаулысы қолданысқа енгізілген күннен бастап Ұлттық Банк Ұлттық Банктің филиалдарына, банктерге, Ұлттық Банктің Ресей Федерациясындағы өкілдігіне, шет елдердің орталық (ұлттық) банктеріне және Халықаралық қылмыстық полиция ұйымына (Интерпол) айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру мерзімдері туралы ақпаратты назарда ұстау үшін жібереді.

3. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі

7. Ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңін Ұлттық Банк Басқармасы белгілейді.

8. Айналыста қатар жүру кезеңінде ескі және жаңа үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында барлық төлемдер мен аударымдар түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін олардың белгіленген құны бойынша қабылдануға міндетті заңды төлем құралы болып табылады, Ұлттық Банктің барлық филиалдарында, Ұлттық почта операторында және банктерде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

4. Ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналысын аяқтау

9. Жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің Ұлттық Банк белгілеген айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған соң ескі үлгідегі ақша белгілері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында айналыстан алынады. Ескі үлгідегі ақша белгілері Қағидалардың 10, 11, 12-тармақтарында белгіленген тәртіппен ауыстыруға жатады.

10. Банктер және ұлттық почта операторы жаңа және ескі үлгідегі ақша белгілерінің айналыста қатар жүру кезеңі аяқталған күннен бастап 12 (он екі ай) ішінде:

1) заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдайды және жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстырады;

2) қолындағы ескі үлгідегі ақша белгілерін Ұлттық Банктің филиалдарына өткізеді.

11. Қағидалардың 10-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін банктер және ұлттық почта операторы:

1) ескі үлгідегі ақша белгілерін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстырмайды;

2) 5 (бес) операциялық күн ішінде операциялық кассадағы ескі үлгідегі ақша белгілерінің қалдықтарын Ұлттық Банктің филиалдарына өткізеді.

12. Ұлттық Банктің филиалдары Қағидалардың 10-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін 3 (үш) жыл ішінде жеке және заңды тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдайды және олардың түпнұсқалығы «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген) сәйкес расталғаннан кейін жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстырады.

13. Қағидалардың 12-тармағында белгіленген, заңды және жеке тұлғалардан ескі үлгідегі ақша белгілерін қабылдау және жаңа үлгідегі ақша белгілеріне ауыстыру мерзімін ұзарту туралы шешімді Ұлттық Банк Басқармасы қабылдайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 231

"Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 253 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 253 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7926 тіркелген, 2012 жылғы 24 қазанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 696-701 (27773) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстан алынатын және алынған банкноттары мен монеталарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының тозған және бүлінген банкноттары мен монеталарын айырбастау қағидаларында:

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар – Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 26 желтоқсандағы № 477 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2689 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларында айқындалған бүлінулер бар тозған банкноттары мен ақаулы (бүлінген) монеталары;»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Банктерге келіп түскен тозған және бүлінген банкноттар мен монеталар «Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 3 наурыздағы № 58 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1482 тіркелген) бекітілген Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды

инкассациялау бойынша операцияларды жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен сұрыпталады, айналысқа жіберілмейді және Ұлттық Банктің филиалдарына өткізіледі.»;

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық Банктің филиалы тозған және бүлінген банкноттар мен монеталарды «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен қасалық операциялар жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 247 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10204 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде жеке және заңды тұлғалармен қасалық операциялар жүргізу қағидаларына сәйкес сараптамадан өткізеді және айырбастайды.».

2. Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Балахметов А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына:

оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ

ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2015 жылғы 19 желтоқсан

№ 237

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларын бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 75) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрылтайшысы (уәкілетті органы) не акционері болып табылатын заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 260 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10243 тіркелген, 2015 жылғы 21 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде № 35 (28513) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Әкімшілік департаменті (Нұрпейісов Д.Қ.) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Құқықтық қамтамасыз ету департаментімен (Досмұхамбетов Н.М.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс департаменті (Қазыбаев А.Қ.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы Қағидалардың 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 11-тармағының 2) тармақшасын, 14-тармағының екінші бөлігінің 2) тармақшасын, 16-тармағының екінші бөлігі 1) тармақшасының үшінші абзацын, 21-тармағының 6) тармақшасының үшінші абзацын, 28-тармағын, 29-тармағының 2) тармақшасын, 38, 42-тармақтарын, 46-тармағының 2) тармақшасын, 64-тармағының екінші бөлігін, 67-тармағының төртінші бөлігін, 68-тармағының 2) тармақшасын, 69-тармағының 2) тармақшасын, 71-тармағын, 72-тармағының 2) тармақшасын, 77-тармағының 2) тармақшасын, 79-тармағының 2) тармақшасын, 83-тармағының 1) тармақшасының үшінші абзацын, 4) тармақшасының үшінші абзацын, 8) тармақшасын, 91, 95-тармақтарын, 100-тармағының 2) тармақшасының үшінші абзацын, 104-тармағының 2), 6) тармақшаларын, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169-тармақтарын, 176-тармағының 1) тармақшасының сегізінші абзацын, 203, 204, 205, 206, 207, 208, 209, 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 250-тармақтарын, 263-тармағының бірінші бөлігінің 2) тармақшасын, 265-тармағының төртінші бөлігін және Қағидаларға 3, 10, 11, 12, 13, 19, 25-қосымшаларды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) орталық аппараты бөлімшелерінің, филиалдарының, өкілдігінің, ведомстволарының, Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдардың, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлікпен басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың:

1) жеке тұлғалардан еңбек шарттары бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;
2) кәсіпкерлік қызмет субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалардан өтеусіз қызмет көрсету шарттары бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

3) мыналарды:

бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды қабылдау, сақтау, сынақтан және сараптамадан өткізу, сондай-ақ көрсетілген операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын дайындау, сатып алу, сату, өтеп алу, сақтау, жеткізу, әкету, ауыстыру, өңдеу, орау, айырбастау, айналыстан алу және жою, олардың дизайнын айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары туралы ақпараттық материалдарды олар айналысқа шыққанға дейін дайындау, сондай-ақ аталған операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

ұлттық валютаның банкноттарын, монеталарын және бағалы металдарды сақтау орындарының жұмыс істеу жүйелерінің (күзет, дабыл және өрт сигнализациясы, өрт сөндіру, байланыс, қолжетімділікті бақылау, бейне бақылау, жел айдау, кондиционирлеу, электрмен қамту, сумен қамту және жылумен қамту) жұмыс істеуі жүзеге асырылу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды қоспағанда, монетарлық қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

4) іссапар шығыстарын;

5) жарналар (салымдар), оның ішінде заңды тұлғалардың жарғылық капиталына жарналар (салымдар) енгізуді;

6) бағалы қағаздарды, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлестерін сатып алуды;

7) басқару және қадағалау кеңесі органының мүшелеріне сыйақылар төлеуді;

8) өкілдік шығыстармен байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

9) егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелердің көрсетілетін қызметтерін сатып алуды;

10) соттардағы, төреліктердегі және аралық соттардағы дауларды шешумен байланысты алымдарды, басқа шығыстарды төлеуді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе басқа елдердің заңнамасында айқындалған алымдарды және төлемдерді төлеуді;

12) екінші деңгейдегі банктердің активтерін сатып алумен және осы активтерді басқарумен, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу, талап-арыз жұмысы іс-шараларын жүргізумен және атқарушы өндіріспен байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

13) мемлекеттік тапсырыстарды орындаумен байланысты өнімді өндіру үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

14) адвокаттардың, нотариустардың, жеке сот орындаушыларының көрсетілетін қызметтерін сатып алуды;

15) сақтандыру қызметтерін қоспағанда, қаржылық көрсетілетін қызметтерді, трансфер-агенттің көрсетілетін қызметтерін, сондай-ақ депозитарлық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

16) мүлікті сенімгерлікпен басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

17) лизингтік қызметті жүзеге асыру кезінде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін оларды сатып алуды;

18) уақытша сақтау қоймаларын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, уақытша сақтау қоймаларының көрсетілетін қызметтерді сатып алумен байланысты алымдары мен басқа да төлемдерін төлеуді;

19) қызметкерлердің шетелдегі курстарда, семиналарда, тренингтерде және тағылымдамаларда және жоғары оқу орнынан кейінгі жоғары білім саласында біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

20) дүлей күш жағдайларының туындауы салдарынан, оның ішінде төтенше оқиғалар мен жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою үшін, электроэнергетикалық объектілердегі, өмірді қамтамасыз етудің коммуникациялық жүйелеріндегі және өзге де қауіпті өндірістік объектілердегі апаттарды жою үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды;

21) тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде орналасқан филиалдарының және өкілдіктерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуын;

22) Қазақстан Республикасының аумағында шығарылмайтын және шет елден сатып алынатын, тапсырыс берушінің өнімін өндіру үшін негізгі және (немесе) қосалқы болып табылатын тауарларды сатып алуды;

23) тауарларды тауар биржалары арқылы сатып алуды;

24) шетелдік электрондық мерзімді баспа басылымдарын сатып алуды қоспағанда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік департаменті – Ұлттық Банк орталық аппаратының бөлімшесі;

2) әлеуетті жеткізуші – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы). Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі тұрғын үйді сатып алған жағдайда әлеуетті жеткізуші болып табылады;

3) әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы – әлеуетті жеткізушінің шешімдерін айқындауға және (немесе) ол қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде жазбаша нысанда жасалған мәміленің күшіне орай ықпал ететін кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты әлеуетті жеткізушінің осындай құқығы болатын кез келген жеке немесе заңды тұлға;

4) біртекті тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер – бірдей болмаса да, белгілі бір функцияларды орындауына және өзара алмастырушы болуына мүмкіндік беретін ұқсас сипаттамалары бар және ұқсас құрамдас бөліктерден тұратын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер;

5) біріздендіру – жол берілетін элементтер мен шешімдер тізбесін қысқарту, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді біртектілікке келтіру арқылы шектен тыс әртүрлілікті жоюға бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

6) бюджет – бюджет (шығыстар сметасы), бизнес-жоспар (жылдық бюджет);

7) дүлей күш (форс-мажор) – тараптар алдын ала болжауға және алдын алуға дәрменсіз төтенше және еңсерілмейтін оқиғалар (дүлей сипаттағы құбылыстар, әскери іс-қимылдар, төтенше жағдайлар, электроэнергетикалық объектілердегі, өмірді қамтамасыз етудің коммуникациялық жүйелеріндегі және өзге де қауіпті өндірістік объектілердегі апаттар), мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді қабылдауы және басқа да осындай жағдайлар. Атап айтқанда, нарықта қажетті тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтер түрлерінің болмауы мұндай жағдайларға жатпайды;

8) жауапты бөлімше – тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жауапты Ұлттық Банктің орталық аппаратының, филиалының бөлімшесі, өкілдігі, ұйымдары;

9) жеткізуші – тапсырыс берушімен (сатып алуды ұйымдастырушымен) жасасқан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартта оның қарсы агенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциумы). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға тапсырыс беруші осындай жеке тұлғаға жеке меншік құқығында тиесілі баспананы сатып алған жағдайда жеткізуші болып табылады;

10) жұмыс – заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

11) кешенді жұмыстар – мыналарды:

жобалау және іздестіру жұмыстарын орындауды, толық аяқталған құрылысты салуды, жобалау және іздестіру жұмыстарын, толық аяқталған құрылысты басқаруды және көрсетілген жұмыстарға ілеспелі тауарларды жеткізу және (немесе) ілеспе қызметтерді көрсетуді;

«кілтпен тапсырылатын» ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларды іске асыруды, оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз етуді жеткізуді, ақпараттық жүйені енгізу жөніндегі консалтингтік қызметтерді және жабдықтар жеткізуді қамтитын іс-шаралар жиынтығы;

12) конкурстық комиссия – Қағидаларда көзделген конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы құратын алқалы орган;

13) конкурстық құжаттама – конкурс тәсілімен сатып алуды өткізудің шарттары мен тәртібі қамтылатын, конкурсқа қатысуға арналған өтінімді әзірлеу үшін әлеуетті жеткізушіге берілетін құжаттама;

14) көрсетілетін қызмет – тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған заттық нәтижесі жоқ қызмет;

15) қаржы жылы – ағымдағы жылғы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталатын уақыт аралығы;

16) құрылыс жұмыстары – жобалау және іздестіру жұмыстарын, толық аяқталған құрылысты салуды, жобалау және іздестіру жұмыстарын, толық аяқталған құрылысты басқаруды және көрсетілген жұмыстарға ілеспелі тауарларды жеткізуді және (немесе) ілеспе қызмет көрсетуді қамтитын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтығы;

17) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі – «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қалыптастырылатын әлеуетті жеткізушілер мен жеткізушілердің тізбесі;

18) мүдделер қақтығысы – конкурстық комиссия мүшесінің жеке мүдделерінің конкурстық комиссия шешімдер қабылдағанда оның қатысу әділдігіне әсер етуі мүмкін жағдай;

19) сараптама комиссиясы – әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасына сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) құратын алқалы орган;

20) сарапшы – әлеуетті жеткізушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасына сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) айқындайтын маман;

21) сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімі – әлеуетті жеткізушімен шарт жасасу мақсатында сатып алуды ұйымдастырушы Қағидаларға сәйкес жүзеге асыратын өзара байланысты, жүйелі іс-шаралар кешені;

22) сатып алуды ұйымдастырушы – Ұлттық Банктің орталық аппаратының жауапты бөлімшесі, филиалы, өкілдігі арқылы Ұлттық Банк, Ұлттық Банк ұйымының сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін жүзеге асыратын бөлімшесі арқылы Ұлттық Банктің ұйымы;

23) сатып алу порталы – Ұлттық Банктің электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйесі;

24) сатып алу порталына қатысу – сатып алу порталына қатысушының электрондық сатып алуға қатысу, оның ішінде сатып алу порталында орналастырылған ақпаратты алу мақсатында сатып алу порталында орындайтын іс-қимылдары;

25) сатып алу порталына қатысушы – тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы), әлеуетті жеткізуші, сатып алу порталында тіркеуден өткен олардың уәкілетті өкілдері;

26) сатып алу порталында тіркеу – жеке және заңды тұлғаларды электрондық сатып алуға қатысуға жіберу;

27) сатып алу порталының операторы – сатып алу порталының иесі (әкімшісі) айқындаған тәртіппен сатып алу порталын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қызметкері немесе тапсырыс берушінің уәкілетті құрылымдық бөлімшесі;

28) стандарттау – тауарға, жұмысқа, көрсетілетін қызметке және процестерге қойылатын талаптарды реттеудің оңтайлы дәрежесіне нақты және әлеуетті міндеттерге қатысты жалпыға бірдей, көп реттік және ерікті пайдалану үшін ережелерді белгілеу арқылы қол жеткізуге бағытталған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

29) тапсырыс беруші – Ұлттық Банк, Ұлттық Банктің филиалы, өкілдігі, ведомствосы және ұйымдары;

30) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) үлестес тұлғалары – Ұлттық Банк, оның ішінде Ұлттық Банктің филиалдары, өкілдігі, ведомстволары және ұйымдары;

31) тауар – нәрсе (зат), оның ішінде жартылай фабрикат немесе қатты, сұйық немесе газ тәріздес күйдегі шикізат, электр және жылу энергиясы, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективтендірілген нәтижелері, сатып алу-сату мәмілелерін жасасуға болатын заттық құқықтар;

32) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу – тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өз ақшасының есебінен Қағидаларда белгіленген тәртіпте сатып алуы (бұдан әрі – сатып алу);

33) ұзақмерзімді сатып алу – тауарларды, жұмыстарды, және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын, жеткізу (орындау, көрсету) мерзімі он екі айдан асатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

34) ұзақмерзімді шарт – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес он екі айдан аса мерзімге жасалатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт;

35) Ұлттық Банктің ұйымдары – Ұлттық Банктің құрылымына кіретін ұйымдар, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі немесе оның сенімгерлікпен басқаруындағы заңды тұлғалар және олармен үлестес заңды тұлғалар;

36) шарт – 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) және Қағидаларға сәйкес тапсырыс беруші мен жеткізуші арасында тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету туралы жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

37) шартты баға – конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысына конкурстық құжаттамада көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдануды ескере отырып есептелген және конкурстың жеңімпазын айқындау мақсатында конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру кезінде ғана пайдаланылатын баға;

38) ішкі кооперация – тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) Ұлттық Банктен немесе Ұлттық Банктің ұйымынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы;

39) электрондық сатып алу – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу порталын пайдалана отырып сатып алу.

3. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алуды жүргізу кезінде мынадай қағидаттарды негізге алады:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысуы үшін тең жағдай жасау;

3) әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) сатып алу процесінің жариялылығы және айқындылығы;

5) отандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге қолдау көрсету;

6) ішкі кооперацияға қолдау көрсету.

4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесі мыналарды қамтиды:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын қалыптастыру және бекіту;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді таңдау және олармен шарт жасасу;

3) шартты орындау.

5. Ұлттық Банк Басқармасы Ұлттық Банктің ұйымын Ұлттық Банк пен оның ұйымдарының ақпараттық-коммуникациялық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді бірыңғай жеткізуші етіп айқындайды.

6. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді жауапты бөлімшелер жүзеге асырады.

Тапсырыс берушіде (сатып алуды ұйымдастырушыда) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты жеке құрылымдық бөлімшесінің болуына жол беріледі.

7. Өткізілетін (өткізілген) сатып алу бойынша құжаттар тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) бекітілген номенклатурасына сәйкес тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) жауапты бөлімшесінде сақталады.

2. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау тәртібі

8. Тапсырыс беруші тиісті бюджеттің негізінде Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын әзірлейді және бекітеді.

Ұлттық Банктің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын Ұлттық Банк Төрағасының әкімшілік департаментіне жетекшілік ететін орынбасары бекітеді.

Ұлттық Банк ұйымдарының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын Ұлттық Банк ұйымының бірінші басшысы не оның міндеттерін атқаратын адам, не атқарушы органы бекітеді.

9. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қаржы жылына арналған жоспары тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету және міндеттері мен функцияларына, стратегиялық жоспарларына, инвестициялық бағдарламаларына қол жеткізу үшін қажетті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілік негізінде қалыптастырылады. Бұл ретте тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары үш жылдық кезеңнен аспайтын мерзімге ұзақмерзімді сатып алуды да көздейді.

10. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарын тапсырыс беруші тиісті бюджет бекітілген күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде бекітеді және ол мынадай негізгі мәліметтерді қамтиды:

1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген, қосылған құн салығы есепке алынбаған сома. Ұзақмерзімді сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома әрбір қаржы жылына бөліне отырып көрсетіледі;

3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру тәсілі мен мерзімдері;

4) тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің жоспарланған орны және мерзімдері, оның ішінде әрбір қаржы жылына және көзделген сомалар шегінде кестеге сәйкес және (немесе) жылдар бойынша бөлінген.

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін жоспарлау кезінде өндірістің технологиялық мерзімі және (немесе) сатып алынатын тауарды жеткізу мерзімі, сондай-ақ тауарларды кедендік ресімдеу мерзімдері, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі ескеріледі.

11. Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспары бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты, конфиденциалды ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, оны:

- 1) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында;
- 2) сатып алу порталында орналастырады.

12. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың бекітілген жоспарының негізінде қабылдайды.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына Қағидалардың 218-тармағының 21), 24) тармақшаларында, 251-тармағының 4), 13) тармақшаларында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кірмейді.

13. Тапсырыс беруші екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алудың бірінші кезеңін өткізетін жағдайда ғана бюджет бекітілгенге дейін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

14. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына, оның ішінде тапсырыс берушінің бекітілген стратегиялық жоспарларына, инвестициялық бағдарламаларына, бюджетіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайларда өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол беріледі.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және (немесе) таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратты, конфиденциалды ақпаратты қамтитын мәліметтерді қоспағанда, енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды:

- 1) тапсырыс берушінің интернет-ресурсында;
- 2) сатып алу порталында орналастырады.

15. Мынадай жағдайларда:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалатын шығыстар қысқартылған;

2) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығы негізделген;

3) дүлей күш жағдайлары басталған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға жол беріледі.

16. Сатып алудан бас тарту тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына тиісті өзгерістер енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда тапсырыс беруші өзі осындай шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) өткізілетін сатып алуға қатысатын тұлғаларды қабылданған шешім туралы хабардар етеді және тиісті хабарландыруды:

- тапсырыс берушінің интернет-ресурсында;
- сатып алу порталында жариялайды;

2) конкурса қатысуға енгізілген өтінімдерді қамтамасыз етуді және (немесе) шарттардың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

Тапсырыс беруші тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудан бас тартқан жағдайда, сатып алуға арналған шығыстарды кейіннен ұлғайтуды, қажеттілікті ұлғайтуды немесе осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ағымдағы жылы сатып алу орындылығының туындауын білдіретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

3. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

1-параграф. Сатып алуды ұйымдастырушыны айқындау тәртібі

17. Сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс берушінің бұйрығымен сатып алуды ұйымдастырушыны:

- 1) Ұлттық Банкте – Ұлттық Банк Төрағасы не оның міндетін атқарушы адам, не Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары;
- 2) филиалда – филиалдың директоры не оның міндетін атқарушы адам;
- 3) Ұлттық Банктің ұйымында – бірінші басшысы не оның міндетін атқарушы адам, не атқарушы орган айқындайды.

18. Мыналар:

- 1) тікелей тапсырыс берушінің өзі не өзінің сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты құрылымдық бөлімшесі;
- 2) тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы сатып алудың ұйымдастырушысы болады.

19. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің ұйымдары үшін сатып алуды ұйымдастырушы болады не Ұлттық Банк Төрағасының не оның міндетін атқарушы адамның, не Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасарының шешіміне сәйкес олар үшін сатып алуды ұйымдастырушыны айқындайды.

20. Тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушымен өзара іс-қимылы егер тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайда, тапсырыс беруші мен сатып алуды ұйымдастырушының бірлескен бұйрығының не тапсырыс беруші бұйрығының негізінде белгіленеді (айқындалады).

21. Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды Қағидаларда белгіленген тәртіппен, мынадай кезеңдерді сақтай отырып жүзеге асырады:

1) тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыға сатып алынатын тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен байланысты құжаттарды қоса бере отырып, сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін өткізу туралы тапсырманы ұсынуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушының Қағидаларда белгіленген құжаттардан тұратын тапсырыс беруші ұсынған тапсырманың негізінде конкурстық құжаттаманы әзірлеуі және оны тапсырыс берушінің бекітуіне ұсынуы;

3) сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық комиссияның құрамын, сарапшыны не сараптама комиссиясын бекітуі;

4) сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттамаға тапсырыс беруші ұсынған тапсырмаға қайшы келмейтін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі және оларды тапсырыс берушінің бекітуіне ұсынуы;

5) сатып алуды ұйымдастырушының сатып алуды өткізу туралы хабарландыруды орналастыруы;

6) сатып алуды ұйымдастырушының тапсырыс берушіге шарттың және (немесе) конкурстық құжаттаманың техникалық ерекше нұсқамасының жобасына:

тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында;
сатып алу порталында тіркелген тұлғалар тарапынан ұсыныстар мен ескертулерді жіберуі;

7) сатып алуды ұйымдастырушының сатып алудың жеңімпазымен шарт жасасу үшін сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы тапсырыс берушіге жіберуі.

22. Сатып алуды ұйымдастырушы Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған жағдайларда, тапсырыс берушілер сатып алуды ұйымдастырушыға өздері белгілеген мерзімде конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарынан үзінді-көшірмені, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын, құрылыс жұмыстарын сатып алған кезде объект құрылысының жобалау-сметалық құжаттамасын береді, сондай-ақ сатып алуды ұйымдастырушыға берілген ақпараттағы барлық өзгерістер туралы тез арада хабарлайды.

23. Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған сатып алуды ұйымдастырушы бекітетін конкурстық комиссия құрамына тапсырыс берушінің өкілдері кіреді.

24. Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасына сәйкес айқындалған сатып алуды ұйымдастырушы сатып алуды өткізу нәтижелері бойынша сатып алудың жеңімпазымен шарт жасасу үшін сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін тапсырыс берушіге жібереді.

25. Міндетті сертификаттауға жататын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде сәйкестік сертификатының болуы туралы талап міндетті талап болып табылады.

26. Импортталатын тауарларды сатып алған кезде жеткізу талаптары Қазақстан Республикасының жеткізілімдер туралы заңнамалық актілерінің талаптарымен, сондай-ақ халықаралық шарттармен және сауда терминдерін түсіндірудің халықаралық қағидаларымен реттеледі.

2-параграф. Әлеуетті жеткізушілерге қойылатын талаптар

27. Мынадай біліктілік талаптарына сай келген әлеуетті жеткізушінің өткізілетін сатып алуға қатысуына жол беріледі:

1) құқық қабілеттілігі (заңды тұлғалар үшін), азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігі (жеке тұлғалар үшін) бар;

2) төлем қабілеттілігі бар, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық берешегі және берешегі жоқ;

3) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмаған.

Қағидалардың осы тармағының 3) тармақшасында көрсетілген талаптар өздеріне қатысты оңалту рәсімі өткізіліп жатқан әлеуетті жеткізушілерге, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсімін қолдану міндетті болатын, мемлекеттік қолдау шараларының қатысушылары болып табылатын әлеуетті жеткізушілерге қолданылмайды.

28. Өткізілетін электрондық сатып алуға қатысуға сатып алу порталының қатысушылары жіберіледі. Әлеуетті жеткізушілерді сатып алу порталының қатысушылары деп тану және оларды сатып алу порталында тіркеу үшін әлеуетті жеткізушілер тапсырыс берушіге заңды тұлғалар үшін құқық қабілеттілігін және жеке тұлғалар үшін азаматтық іс-әрекетке қабілеттілігін растайтын нотариат куәландырған құжаттар көшірмелерін ұсынады.

29. Әлеуетті жеткізуші өзінің Қағидалардың 27-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін сатып алуды ұйымдастырушыға:

1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үлгі конкурстық құжаттаманың (бұдан әрі – үлгі конкурстық құжаттама) 8-тармағының 3), 5) тармақшаларында;

2) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың (бұдан әрі – электрондық үлгі конкурстық құжаттама) 8-тармағының 2), 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті жеткізушісі өзінің Қағидалардың 27-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын нақ сондай құжаттарды не Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті жеткізушісінің біліктілігі туралы осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес апостильденген (заңдастырылған) конкурстық құжаттаманың тілдеріне жасалған аудармасын нотариус куәландырған құжаттарды ұсынады.

30. Әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін мынадай құжаттардың бірін:

1) әлеуетті жеткізушіге халықаралық рейтинг ұйымының рейтингі берілгендігін растайтын құжатты;

2) әлеуетті жеткізушінің биржаның ресми листингіне енгізілгендігі туралы қор биржасының үзінді-көшірмесін ұсыну арқылы растауына жол беріледі.

Лицензиялануға жататын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті жеткізушінің құқықтық қабілеті «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы расталады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті жеткізуші «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген тиісті лицензиясының нотариат куәландырған көшірмесін табыс етеді.

31. Әлеуетті жеткізушінің төлем қабілеті туралы біліктілік талаптарына сәйкестігін сатып алу өткізілетін соманың 100 (бір жүз) пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банктерінің банктік кепіл түрінде конкурсқа қатысуға өтінімнің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну арқылы конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде, оның ішінде бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурсқа қатысуға өтініммен бірге растауына жол беріледі.

32. Қағидалардың 27-тармағында белгіленген біліктілік талаптары әлеуетті жеткізуші жүргізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушылар ретінде тартуды көздейтін жеке және заңды тұлғаларға да қолданылады.

Жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерді не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушыларды тартуды көздейтін әлеуетті жеткізуші тартатын қосалқы мердігерлердің не бірлескен орындаушылардың Қағидалардың 27-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

Жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлерге не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушыларға берілетін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі сатып алынатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен аспайды.

33. Қағидалардың 27-тармағында белгіленген біліктілік талаптары сатып алу:

1) ерекше тәртіп қолданылатын конкурс;

2) Қағидалардың 218-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 9), 11), 13), 14), 16), 20), 21), 24) тармақшалары бойынша шарт жасасу жолымен бір көзден;

3) баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен жүзеге асырылған кезде қолданылмайды.

34. Қағидалардың 27-тармағында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді.

35. Әлеуетті жеткізуші мынадай негіздердің бірі болған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып танылады:

1) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлескен орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) табыс етпеуі;

2) әлеуетті жеткізуші біліктілік талаптарына өзінің сәйкестігін, сондай-ақ ол тартатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігердің не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушының сәйкестігін растау үшін табыс етілген құжаттарында қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісінің анықталуы;

3) біліктілік талаптары бойынша дәйексіз емес ақпаратты беру фактісінің анықталуы.

Әлеуетті жеткізуші ұсынатын біліктілік талаптары бойынша ақпараттың дәйектілігін тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) сатып алуды жүзеге асырудың кез келген кезеңінде анықтайды.

36. Әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерді не қызметтер көрсету бойынша бірлескен орындаушыны Қағидалардың 35-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді.

4. Сатып алуды жүзеге асыру тәсілдері

37. Сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) конкурс, оның ішінде бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық қолдана отырып, екі кезеңдік рәсімдерді, ерекше тәртіпті пайдалана отырып;

2) шарт жасасу арқылы бір көзден алу;

3) баға ұсыныстарын сұрату, оның ішінде хабарландыру орналастырмастан, хабарландыру орналастыру арқылы.

38. Қағидалардың 37-тармағының 1), 3) тармақшаларында көзделген тәсілдермен жүзеге асырылатын сатып алуды электрондық сатып алу арқылы жүргізуге жол беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігі ерекше тәртіп пайдалана отырып конкурс және хабарландыру орналастырмастан баға ұсыныстарын сұрату қолданыла отырып тәсілдерімен жүзеге асырылатын сатып алуға қолданылмайды.

39. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәсілін тапсырыс беруші дербес таңдайды.

40. Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асыру тәсілін оның қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі негізінде айқындайды.

5. Сатып алуды конкурс тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

41. Конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай жүйелі іс-шараларды орындауды көздейді:

- 1) тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауы;
- 2) сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы үлгі конкурстық құжаттама негізінде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлеуі;
- 3) конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын қалыптастыру және бекіту, сондай-ақ сараптамалық комиссияны (сарапшыны) қалыптастыруға және бекітуге жол беріледі;
- 4) тапсырыс берушінің конкурстық құжаттаманы бекітуі;
- 5) сатып алуды ұйымдастырушының тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды және тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында конкурстық құжаттаманың көшірмелерін орналастыруы;
- 6) сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың ережелерін оның көшірмесін Қағидалардың 76, 77, 78-тармақтарында көзделген тәртіппен алған әлеуетті жеткізушілерге тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсы арқылы түсіндіруі;
- 7) сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркеуі;
- 8) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуы, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдеуі;
- 9) сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялауы;
- 10) конкурстық комиссияның біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтау үшін конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауы;
- 11) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастыруы және қол қоюы, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілер анықталған жағдайда, оның мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялауы;
- 12) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға рұқсат етілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін және шартты жеңілдіктердің мөлшерін айқындауы және қалыптастыруы, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдеуі және қол қоюы;
- 13) сатып алуды ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманың мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялауы;
- 14) сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурстық баға ұсыныстарын Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналында мәліметтерді тіркеуі;
- 15) конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді ашуы, конкурстық комиссияның конкурстық баға ұсыныстарын бағалауы және салыстыруы (конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындыларын шығаруы);

16) конкурстық комиссияның конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдеуі және қол қоюы, оның мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялауы;

17) тапсырыс берушінің конкурс жеңімпазымен шарт жасасуы.

42. Конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын электрондық сатып алуды ұйымдастыру және өткізу мынадай жүйелі іс-шараларды орындауды қамтиды:

1) тапсырыс беруші және сатып алуды ұйымдастырушы бір тұлға болған жағдайларды қоспағанда, тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыға шақыруды жіберуі;

2) конкурстық комиссияның құрамын, конкурстық комиссияның хатшысын қалыптастыруы және бекітуі, сондай-ақ сараптама комиссиясын (сарапшыны) қалыптастыруға және бекітуге жол береді;

3) сатып алуды ұйымдастырушының Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес конкурстық құжаттаманы әзірлеуі;

4) тапсырыс берушінің конкурстық құжаттаманы бекітуі;

5) сатып алуды ұйымдастырушының сатып алу порталына конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды, конкурстық комиссияның бекітілген құрамын (сараптама комиссиясының (сарапшының) бар болған кезде), конкурстық комиссия хатшысын, конкурстық құжаттаманы орналастыруы;

6) сатып алуды ұйымдастырушының сатып алу порталы арқылы, Қағидалардың 76, 77 және 78-тармақтарында көзделген тәртіппен, конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті жеткізушілерге конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруі;

7) конкурсқа қатысуға өтінімнің, оның ішінде конкурстық баға ұсынысының сатып алу порталында автоматты түрде тіркелуі, ол әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға жіберілгеннен кейін не конкурсқа қатысуға кемінде екі өтінім берілген жағдайда сатып алуды ұйымдастырушыға қолжетімді болады;

8) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді автоматты түрде ашу және Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын сатып алу порталында жариялау;

9) конкурстық комиссияның біліктілік талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді анықтау үшін конкурсқа қатысуға өтінімдерді сатып алу порталы арқылы қарауы;

10) біліктілік талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер анықталған жағдайда конкурстық комиссияның Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын қалыптастыру және қол қоюы, оның мәтінін сатып алу порталында жариялау;

11) біліктілік талаптарға және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді сатып алу порталында автоматты түрде тіркеуі;

12) конкурстық комиссияның сатып алу порталы арқылы конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушілерді және шартты жеңілдіктер мөлшерін айқындауы, Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу туралы хаттаманы ресімдеуі және қол қоюы;

13) конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын автоматты түрде ашу, бағалау, салыстырып тексеру және конкурс жеңімпазын айқындау;

14) Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурс тәсілімен электрондық сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы сатып алу порталында автоматты түрде жариялау;

15) тапсырыс берушінің конкурс жеңімпазымен шарт жасасуы.

43. Біртекті болып табылмайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде сатып алуды ұйымдастырушы осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурстық құжаттамада лоттарға міндетті түрде бөле отырып, аталған тәсілмен бірыңғай сатып алуды ұйымдастырады және өткізеді.

Біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде, сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөледі.

Біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асырған кезде, сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері және (немесе) жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөледі.

Құрылыс жұмыстарын, кешенді жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада құрылыспен тығыз байланысты жұмыстарды және құрылыспен байланысты емес тауарларды лоттарға бөлуге міндетті.

44. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру, сондай-ақ конкурс жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

45. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша айқындалған біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін және конкурстық комиссия конкурсқа қатысушы деп таныған әлеуетті жеткізушілер қатысады.

2-параграф. Конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту тәртібі

46. Конкурстық құжаттаманы сатып алуды ұйымдастырушы:

- 1) үлгі конкурстық құжаттаманың негізінде конкурс тәсілімен сатып алуды;
- 2) электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың негізінде конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде «Мемлекеттік құпиялар туралы» 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттік құпияларды қорғау талаптарын ескере отырып, қазақ және орыс тілдерінде әзірлейді.

47. Конкурстық құжаттаманы:

Ұлттық Банкте – Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары немесе өзге уәкілетті лауазымды тұлға;

Ұлттық Банктің филиалында – филиал директоры немесе оның міндетін атқарушы адам;

Ұлттық Банктің ұйымдарында – бірінші басшы немесе өзге уәкілетті лауазымды тұлға бекітеді.

48. Сатып алуды негізгі (орнатылған) жабдықтарды толық жасақтау, жаңғырту және толық жарақтандыру үшін жүзеге асыруды қоспағанда, конкурстық құжаттамада тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға арналған сілтемелердің болуына жол берілмейді.

49. Ең аз шартты конкурстық баға ұсынысын айқындау мақсатында сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына әсер ететін мынадай критерийлерді:

әлеуетті жеткізушіде:

өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің;

ұсынылатын тауарлардың сәйкестігіне ерікті түрде растау жүргізу туралы құжаттың; ұлттық стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің);

ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) және (немесе) экологиялық таза өнім стандартына сәйкестікті растаудың;

тауардың шығарылуы туралы сертификатының, отандық тауарларды және көрсетілетін қызметтерді жеткізуші мәртебесінің болуына рұқсат беріледі.

50. Конкурса қатысуға бір өтінім берілген жағдайларды қоспағанда, конкурстық комиссия барлық ұсынылған конкурса қатысуға өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде Қағидалардың 49-тармағында аталған, конкурстық құжаттамада айтылған критерийлерді ескереді және оларды кері қайтарылмаған конкурса қатысуға өтінімдерге қолданады.

51. Әлеуетті жеткізуші конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, конкурстық комиссия осындай әлеуетті жеткізушіге шартты жеңілдікті қолданбайды, бұл ретте конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді растайтын құжаттарды ұсынбау осындай өтінімді кері қайтару үшін негіз болып табылмайды.

52. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурса қатысатын әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесінің болуы мәселесін қараған кезде конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімнің бағасын шартты түрде әлеуетті өнім берушінің бір жылдан бастап, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтағы жұмыс тәжірибесінің әрбір күнтізбелік жылы үшін 0,3 (ноль бүтін оннан үш) пайызға, бірақ 1,5 (бір бүтін оннан бес) пайыздан аспайтындай азайтады. Бір жылға дейін жұмыс тәжірибесі болған немесе ол болмаған жағдайда ондай пайыз белгіленбейді.

Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесі заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеген (қайта тіркеген), заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын беретін құжат берілген күннен бастап не лицензия (рұқсат) берілген күннен бастап анықталады.

53. Ұсынылған тауарларды сәйкестігіне ерікті растау жүргізу туралы құжат болған кезде конкурстық комиссия осындай конкурса қатысуға өтінімнің бағасын шартты түрде 1 (бір) пайызға азайтады.

54. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің жүйесін сертификаттауды растайтын құжат болған кезде конкурстық комиссия осындай конкурса қатысуға өтінімнің бағасын шартты түрде 1 (бір) пайызға азайтады.

55. Ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес қоршаған ортаны басқару менеджментінің жүйесін сертификаттауды растайтын және (немесе) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігін растайтын құжат болған кезде конкурстық комиссия осындай конкурса қатысуға өтінімнің бағасын шартты түрде 1 (бір) пайызға азайтады.

56. Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімнің бағасын шартты түрде: тауардың шығарылуы туралы сертификаты болған кезде 1 (бір) пайызға азайтады; жұмыстың, көрсетілетін қызметтің отандық жеткізушісі мәртебесі болған кезде 5 (бес) пайызға азайтады.

3-параграф. Конкурстық комиссияның, сараптама комиссиясының құрамдарын не сарапшыны бекіту тәртібі

57. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу рәсімдерін орындау үшін сатып алуды ұйымдастырушы әрбір конкурсқа жеке конкурстық комиссия құрады және конкурстық комиссияның хатшысын анықтайды.

Конкурстық комиссия құру және конкурстық комиссияның хатшысын анықтау туралы шешімді:

1) сатып алуды ұйымдастырушы болып тікелей тапсырыс берушінің өзі не сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындауға жауапты өзінің құрылымдық бөлімшесінің атынан әрекет еткен жағдайда:

Ұлттық Банкте – Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары немесе өзге уәкілетті лауазымды тұлға;

Ұлттық Банктің филиалында – филиал директоры немесе оның міндетін атқарушы адам;

Ұлттық Банктің ұйымдарында – бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам не атқарушы орган немесе уәкілетті лауазымды тұлға бекітеді;

2) сатып алуды ұйымдастырушы болып тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы айқындалған жағдайда – сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам не атқарушы органы қабылдайды.

Конкурстық комиссияның құрамына онымен келісім бойынша тиісті қызмет саласындағы уәкілетті органның өкілдерін енгізуге рұқсат беріледі.

58. Конкурстық комиссияның мүшелері конкурстық комиссияның төрағасы, төрағасының орынбасары және басқа мүшелері болып табылады. Конкурстық комиссияның төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын конкурстық комиссия төрағасының орынбасары орындайды. Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны кемінде үш адам болатын тақ санды құрайды.

59. Егер сатып алуды ұйымдастырушы ретінде тапсырыс беруші болып тікелей не өзінің жауапты құрылымдық бөлімшесі арқылы Ұлттық Банктің ұйымы әрекет ететін болса, конкурстық комиссияның төрағасы болып Ұлттық Банк ұйымының бірінші басшысы немесе оның орынбасары белгіленеді.

60. Егер сатып алуды ұйымдастырушы ретінде тапсырыс беруші болып тікелей не өзінің жауапты құрылымдық бөлімшесі арқылы Ұлттық Банк әрекет ететін болса, конкурстық комиссияның төрағасы болып Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары не осы жауапты бөлімшенің басшысынан төмен емес лауазымды тұлға белгіленеді.

Егер сатып алуды ұйымдастырушы ретінде тапсырыс беруші – Ұлттық Банктің филиалы болса, конкурстық комиссияның төрағасы болып филиал директоры немесе филиал директорының орынбасары белгіленеді.

61. Егер Қағидалардың 18-тармағының 2) тармақшасына және 19-тармағына сәйкес айқындалған тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы сатып алуды ұйымдастырушы болса сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды тұлға конкурстық комиссияның төрағасы болып белгіленеді.

62. Конкурстық комиссияның төрағасы:

1) конкурстық комиссияның жұмысын жоспарлайды және қызметіне басшылық жасайды;

2) конкурстық комиссияның отырыстарында төрағалық етеді;

3) Қағидаларда көзделген өзге функцияларды жүзеге асырады.

63. Конкурстық комиссия оны құру туралы шешім күшіне енген күннен бастап әрекет етеді және шарт жасасқан күннен бастап өз қызметін тоқтатады.

Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігінің қатысуы шартымен өткізіледі және конкурстық комиссияның қатысып отырған мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі болмаған жағдайда конкурстық комиссия отырысының хаттамасында аталған фактіні растайтын құжатты қоса бере отырып, оның болмау себебі көрсетіледі.

64. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы берілген болса, қабылданған болып саналады.

Электрондық сатып алулар бойынша конкурстық комиссияның шешімі сатып алу порталында дауыс беру арқылы қабылданады, егер оған конкурстық комиссияның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы берілген болса, қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының немесе ол болмаған жағдайда төраға орынбасарының даусы шешуші болып табылады.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесі ерекше пікірді құрайды, ол жазбаша түрде айтылады және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

65. Сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны белгілеуге:

1) конкурстық құжаттаманы әзірлеу сатысында сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық ерекше нұсқаманы дайындау үшін;

2) әлеуетті жеткізушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау бойынша конкурстық комиссиясымен оларды қарау сатысында айқындау үшін рұқсат беріледі.

Бұл ретте мынадай:

1) сатып алу рәсімдерінің нәтижесіне мүдделі;

2) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) не тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) үлестес тұлғаларының бірінші басшыларының жақын туысы болып табылатын тұлғаны сарапшы ретінде тартуға жол берілмейді.

Сатып алуды ұйымдастырушының белгіленген талаптарға сәйкес келетін сарапшылары болмаған жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы не тапсырыс беруші сарапшы ретінде жұмыс істеуі үшін тиісті саладағы мемлекеттік қызметшілерді не мамандануы сатып алынатын жұмыстарға сәйкес келетін өзге да мамандарды тартады. Мемлекеттік қызметшілер сарапшы ретінде ақысыз негізде тартылады, ал өзге мамандар тараптардың келісуі бойынша ақылы, сондай-ақ ақысыз негізде де тартылады.

Сол немесе өзге тұлғаны сарапшы ретінде тарту үшін оның қызмет саласының сатып алу мәніне сәйкес келуі міндетті талабы болып табылады.

Бірнеше сарапшыны тартқан кезде сатып алуды ұйымдастырушы тартылған сарапшылар қатарынан сараптама комиссиясын құрады және олардың ішінен сараптама комиссиясының жетекшісін белгілейді.

Ақылы негізде сарапшылар ретінде тартылатын адамдарды таңдау Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Сатып алуды ұйымдастырған кезде сатып алуды ұйымдастырушының сарапшы ретінде тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының мамандарын тартуына жол беріледі.

Конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде сарапшылар дауыс бермейді.

66. Сарапшы (сараптама комиссиясы) әлеуетті жеткізушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптама қорытындысын береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқылы емес. Конкурстық комиссия сарапшының (сараптама комиссияның)

қорытындысын, егер ол конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалса ғана міндетті түрде ескереді. Сараптама қорытындысы жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшы (сараптама комиссиясының мүшелері) қол қояды және конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қоса беріледі.

Сараптама комиссиясының қорытындысымен келіспеген жағдайда, сарапшы ерекше пікірін жазбаша түрде баяндайды, пікір сараптама комиссиясының қорытындысына қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

67. Конкурстық комиссияның ұйымдастыру қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беру құқығы жоқ.

Конкурстық комиссияның хатшысы жауапты бөлімшенің қызметкерлерінің қатарынан белгіленеді.

Конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссияның отырысын өткізуді ұйымдастырады;

2) конкурстық комиссияның шешімдерін және өткізілетін конкурсқа қатысты басқа да құжаттарды ресімдейді және конкурстық комиссия мүшелеріне қол қойғызады;

3) конкурстық комиссия шешімдерінің мәтінін, сарапшының (сараптама комиссиясының) қорытындысын және өткізілетін конкурсқа қатысты басқа да құжаттарды тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына орналастырады;

4) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан сәттен бастап тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;

5) осы Қағидаларда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Электрондық сатып алуды өткізу кезінде конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссияның отырысын жүргізуді ұйымдастырады;

2) сатып алу порталында конкурстық комиссияның шешімдерінің, сарапшының (сараптамалық комиссия) қорытындыларының мәтінін және конкурспен байланысты басқа да құжаттарды орналастырады;

3) Қағидалармен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4-параграф. Конкурстың өтетіндігі туралы хабарлау және әлеуетті жеткізушілерге конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі

68. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін соңғы ұсыну күнінен кемінде күнтізбелік он күн бұрын:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін;

2) сатып алу порталында конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін жариялайды.

69. Конкурс тәсілімен қайталама сатып алуды жүзеге асырған жағдайда конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы күнінен кем дегенде күнтізбелік жеті күн бұрын:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында конкурс тәсілімен қайталама сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарламаның мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін;

2) сатып алу порталында конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтінін жариялайды.

70. Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бекітілген конкурстық құжаттамаға сәйкес ресімделеді және мынадай мәліметтер қамтылады:

1) сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, электрондық және пошталық (заң) мекенжайы;

2) жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың атауы;

3) конкурстық комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), оның лауазымы және байланыс телефоны;

4) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы, сондай-ақ тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін көлемі, орны және мерзімдері;

5) конкурстық құжаттаманы алу тәсілі;

6) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну орны мен соңғы мерзімі, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу күні, уақыты және орны.

71. Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру тікелей сатып алу порталында жасалады және Қағидалардың 70-тармағында көзделген мәліметтерді қамтиды.

72. Конкурсстық құжаттаманың көшірмесін алған, сатып алуға қатысуға ниет білдірген тұлғалар туралы мәліметтер:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында;

2) электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі.

73. Конкурсстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу кезінде мынадай мәліметтер көрсетілуге тиіс:

1) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді конкурс тәсілімен сатып алудың атауы және өткізу мерзімі;

2) тапсырыс берушінің және сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың орналасқан жері;

3) әлеуетті жеткізушілер туралы мәліметтер (әлеуетті жеткізушінің толық атауы, орналасқан жері мен байланыс телефондары);

4) конкурстық құжаттаманы алу уақыты мен күні.

74. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруды жариялағанға дейін конкурстық құжаттаманың мәтінін ұсынуға жол берілмейді.

5-параграф. Конкурсстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру тәртібі

75. Конкурсстық құжаттаманың ережелерін түсіндіруді сатып алуды ұйымдастырушы жүргізеді.

76. Конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті жеткізушілер сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұратумен конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде күнтізбелік бес күн бұрын өтініш береді.

Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрату сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық құжаттамада көрсетілген тәсілдермен жіберіледі.

77. Сатып алуды ұйымдастырушы сұратуды алған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұратудың кімнен келіп түскенін көрсетпей-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру мәтінін:

- 1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында;
- 2) электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында жариялау арқылы конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті жеткізушілерге электрондық пошта бойынша хабарлайды.

78. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы күні аяқталғанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмейтін мерзімде өзінің бастамасы бойынша немесе мәліметтері тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында тіркелген тұлғалардың сұратуына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді. Конкурстық құжаттамаға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу Қағидалардың 47-тармағында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

79. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін:

- 1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында;
- 2) электрондық сатып алуды жүргізу кезінде сатып алу порталында орналастырады.

80. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі бес күнтізбелік күннен кем емес мерзімге ұзартылады.

6-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну тәртібі

81. Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарларды жеткізуді жүзеге асыруға, жұмыстарды орындауға қызметтерді көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.

82. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға бір өтінімді оның конкурстық құжаттамада көрсетілген түпкілікті ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін ұсынады.

Конкурсқа қатысуға өтінімде әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың 282-тармағында көзделген фактілер анықталған жағдайда және тапсырыс берушінің Қағидалардың 15-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан жағдайда шартты бұзуға келісуі туралы растауы қамтылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімге қоса берілетін мәліметтер және құжаттар Қағидалардың 83-тармағында айқындалады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген талап етілетін мерзімге сәйкес келеді.

83. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінімде мыналар қамтылады:

- 1) мыналар:
үлгі конкурстық құжаттаманың 2, 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша;

электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған және әлеуетті жеткізушінің қолы қойылған өтінім.

Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде онда көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін растайды;

2) өзінің және ол тартқан қосалқы мердігерлерінің (бірлескен орындаушының) біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі;

3) конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсынысына (бар болса) ықпал ететін критерийлерді растайтын құжаттар;

4) қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсеткен кезде бірлескен орындаушылар) (болған кезде) туралы және әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) мердігерлікке (бірлесіп орындауға) жұмыстардың (құрылыс құнының), қызметтердің жиынтығында үштен екісінен асатын көлемін беруіне тыйым салынатын талап туралы мәліметтер:

үлгі конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

5) ұсынылатын тауарлардың атаулары, олардың шыққан жері, шыққан жылы, бар болса моделі көрсетілген, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, мерзімдері және (немесе) тауарлардың саны, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің көлемдері, тауарларға қызмет көрсетудің сапасына, тауарларды пайдалануға жұмсалатын шығыстарға кепілдік беру, тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсету талаптары сипатталған техникалық ерекше нұсқама;

6) банк кепілдігі не сатып алуды ұйымдастырушының банк шотында не тапсырыс берушінің банк шотында орналастырылатын кепілдік ақша жарнасын растайтын төлем құжаты түріндегі Қағидалардың 99-тармағында белгіленген мөлшердегі конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету;

7) әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қоюға құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүддесін білдіретін адамға (адамдарға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою және конкурстық комиссия отырыстарына қатысуға берілген сенімхат;

8) конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс жүргізу кезінде конкурстық баға ұсынысы қамтылуға тиіс.

84. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға тігілген, беттері нөмірленген түрде ұсынады, соңғы беті оның қолтаңбасымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық ерекше нұсқамасы (тігілген, беттері нөмірленген, соңғы бетінде әлеуетті жеткізушінің қолтаңбасымен және мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған түрде және банк кепілдемесінің түпнұсқасы немесе конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын төлем құжаты жеке беріледі. Әлеуетті жеткізуші электрондық тәсілмен төлемді жүзеге асыру кезінде сатып алу ұйымдастырушысына қағаз түрінде банкпен куәландырылған электрондық төлем құжат мазмұнының көшірме басылымын немесе өзге бейнесін ұсынады.

85. Конкурсқа қатысуға өтінімнің нысаны басып шығарылады немесе өшірілмейтін сиямен жазылады және оған әлеуетті жеткізуші қол қояды және мөрмен (ол болған кезде) бекітеді.

86. Конкурсқа қатысуға өтінімде әлеуетті жеткізуші грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелерге, өшірулерге немесе қосымша жазуларға жол берілмейді.

87. Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімді оларды өткізудің соңғы мерзімі

аяқталғанға дейін желімдеп жабылған конвертте ұсынады, оның бет жағында әлеуетті жеткізушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы (конкурсқа қатысуға өтінім «кешіккен» деп жарияланған болса, оны ашпастан қайтару мақсатында), сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурс тәсілімен сатып алудың атауы, сондай-ақ «(Конкурстың атауы көрсетіледі) сатып алу бойынша конкурс» және «(Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні және уақыты көрсетіледі) дейін ашылмайды» деген мәтіндер көрсетіледі.

88. Конкурстық құжаттамада белгіленген мерзім ішінде сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды.

89. Сатып алуды ұйымдастырушы:

1) әлеуетті жеткізушінің атынан конкурсқа қатысуға өтінім салынған конвертті қолма-қол ұсынған әлеуетті жеткізуші өкілінің өкілеттіктерін құжаттамалық растауының болуын тексереді;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерде Қағидалардың 87-тармағында көрсетілген мәліметтердің болуын тексереді.

Қағидалардың 87-тармағының талаптарын бұза отырып, ресімделген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер тіркелінеді және мыналарға:

әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конвертті пошта байланысымен алған күнінен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей;

конкурсқа қатысуға өтінімі салынған конвертті ұсынған әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкіліне дереу қайтарылады.

Әлеуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық (заңды) мекенжайы көрсетілмей ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверт тіркелмейді және ашылмайды, бірақ күнтізбелік жыл бойы сақталады;

3) тиісінше ресімделген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды және Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына мәліметтер енгізеді;

4) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінім салынған конверттердің қайтарылуын осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қамтамасыз етеді;

5) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

6) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін оны қайтарып алған кезде конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

90. Сатып алуды конкурс тәсілімен жүргізген кезде бір қаржы жылы ішіндегі барлық сатып алу бойынша конкурстарға қатысуға өтінімдерді тіркеудің бірыңғай журналын жүргізуге жол беріледі.

91. Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуеттік жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімді, техникалық ерекше нұсқаманы, конкурстық баға ұсынысын сатып алуды ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында ұсынады.

Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде конкурстық баға ұсынысы берілмейді.

Конкурсқа қатысуға өтінім және оған қоса берілген және әлеуетті жеткізуші толықтырған құжаттар оның электрондық-цифрлық қолымен куәландырылады.

Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін банк кепілдемесінің түпнұсқасын немесе енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуді растайтын төлем құжатын сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады. Әлеуетті жеткізуші электрондық тәсілмен төлемді жүзеге асыру кезінде сатып алу

ұйымдастырушысына банкпен куәландырылған қағаз түрінде электрондық төлем құжат мазмұнының көшірме басылымын немесе өзге бейнесін ұсынады.

Конкурсқа қатысуға өтінім сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі, бұл ретте конкурстық баға ұсынысы әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға жіберілгеннен кейін не конкурсқа қатысуға кемінде екі өтінім берілген жағдайда сатып алуды ұйымдастырушыға қолжетімді болады.

Конкурсқа қатысуға өтінім сатып алу порталы конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушіге автоматты түрде хабарлама жіберген сәттен бастап қабылданған деп саналады.

92. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін әлеуетті жеткізушінің енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуді қайтарып алуға өзінің құқығын сақтай отырып, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертуіне және (немесе) қайтарып алуына жол беріледі. Өзгеріс конкурсқа қатысуға өтінімнің өзі сияқты сол тәртіппен ресімделіп, ұсынылады.

Конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, сол сияқты қайтарып алуға жол берілмейді.

93. Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтару туралы хабарлама әлеуетті жеткізушінің сатып алуды ұйымдастырушының атына жазылған еркін нысандағы өтініш түрінде ресімделеді.

94. Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер енгізу және (немесе) конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін алса, жарамды болып табылады.

95. Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімін сатып алу порталы:

- 1) егер әлеуетті жеткізуші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім берген;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінім осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен;
- 3) ұсынылған конкурстық баға ұсынысы конкурсқа бөлінген сомадан (лоттан) асып кеткен жағдайларда қабылдаудан автоматты түрде бас тартады.

96. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі күнтізбелік бес күннен кешіктірмей әлеуетті жеткізушілерден олардың қолданылуын нақты уақыт кезеңіне ұзартуды сұратады. Әлеуетті жеткізуші өзінің ұйғаруы бойынша мыналарға:

- 1) оның конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға;
- 2) осындай өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан осындай сұратудан бас тартады.

97. Әлеуетті жеткізуші өзінің конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптау комиссиясы, сарапшы конкурс тәсілімен жүргізілетін сатып алудың нәтижесіне қарамастан осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді атқармайды.

7-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәртібі

98. Әлеуетті жеткізуші конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға өтінімді қамтамасыз етуді, оның:

1) конкурсқа қатысушы ретінде танылған жағдайда өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген уақытта ұсынып, ал кейін қайтарып алмауына;

2) оны конкурстың жеңімпазы ретінде анықтаған кезде шарт жасауына;

3) шарт жасаған жағдайда конкурстық құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талапты уақтылы және тиісінше орындауына кепілдік ретінде енгізеді.

99. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді Қағидалардың 177-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, конкурсқа (лотқа) туарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға бөлінген соманың 1 (бір) пайызы мөлшерінде не Қағидалардың 30-тармағында көзделген жағдайда өткізілетін сатып алу сомасының 100 (бір жүз) пайызына тең мөлшерде енгізеді. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа қатысуға өтінім ұсынылған лоттарға ғана енгізеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді өтінімді конкурстың барлық лоттарына толық ұсынбаған кездегі лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомаға енгізуге рұқсат беріледі.

100. Әлеуетті жеткізуші конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің мына түрлерінің бірін таңдайды:

1) кепілдік берілген ақша жарнасы, ол сатып алуды ұйымдастырушының банк шотына не тапсырыс берушінің шотына енгізіледі;

2) банк кепілдігі:

үлгі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша.

101. Әлеуетті жеткізушінің үшінші тұлғалардың конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға оның өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін енгізілген кепілдік берілген ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігіне талап ету құқығының туындауына апаратын іс-қимылдарды жасауына рұқсат етілмейді.

Сатып алуды ұйымдастырушының немесе тапсырыс берушінің әлеуетті жеткізуші енгізген кепілдік берілген ақша жарнасын пайдалануына рұқсат берілмейді.

102. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімінен кем емес мерзімге белгіленеді. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімін өтінімді ұзарту мерзіміне ұзартуға рұқсат беріледі.

103. Конкурсстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуі жоқ барлық конкурсқа қатысуға өтінімдерден конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтін өтінім ретінде бас тартады.

104. Сатып алуды ұйымдастырушы:

1) конкурсқа қатысушы ретінде танылған әлеуетті жеткізуші, бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылған конкурсты қоспағанда, өзінің конкурстың баға ұсынысын белгіленген мерзімде бермеген не қайтарып алған;

2) әлеуетті жеткізуші бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылған конкурсты қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтініммен бірге конкурс тәсілімен электрондық сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысын бермеген;

3) әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алған не өзгерткен және (немесе) толықтырған;

4) конкурстың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жеткізуші шартты жасаудан жалтарған;

5) конкурсқа қатысушылардың еш біреуі сауда-саттық басталғаннан кейін он минут ішінде бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, жүргізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы туралы

ұсынысты бермеген. Бұл жағдайда конкурстың барлық қатысушыларына сатып алуды ұйымдастырушы өтпеді деп танылған лоттың сомасынан 1 (бір) не 100 (бір жүз) пайызға тең бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз ету сомасы қайтарылмайды;

б) конкурс тәсілімен электрондық сатып алуға қатысушылардың еш біреуі сауда-саттық басталғаннан кейін отыз минут ішінде бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, жүргізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы туралы ұсынысты бермеген. Бұл жағдайда конкурстың барлық қатысушыларына сатып алуды ұйымдастырушы өтпеді деп танылған лоттың сомасынан 1 (бір) не 100 (бір жүз) пайызға тең бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз ету сомасы қайтарылмайды;

7) конкурстың жеңімпазы шарт жасап, конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы уақтылы орындамаған жағдайларда конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтімді қамтамасыз етуді әлеуетті жеткізушіге қайтармайды.

Көрсетілген жағдайлардың бірі басталған кезде конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға өтімді қамтамасыз етудің сомасы тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушы) тиісті бюджетіне кіріске алынады.

105. Сатып алуды ұйымдастырушы:

1) осы әлеуетті жеткізуші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін қайтарып алған;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған жағдай басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушіге ол конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға енгізген өтімді қайтарады. Көрсетілген жағдай конкурсқа қатысушы ретінде танылған әлеуетті жеткізушілерге қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алудың қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған жағдай басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушіге ол конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға енгізген өтімді қайтарады. Көрсетілген жағдай конкурстың жеңімпазы деп танылған конкурс қатысушысына қолданылмайды;

4) шарт күшіне енген және (немесе) конкурстың жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген;

5) әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі аяқталған жағдайлардың бірі басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әлеуетті жеткізушіге ол конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға енгізген өтімді қайтарады. Көрсетілген жағдай конкурстың жеңімпазы деп танылған конкурс қатысушысына қолданылмайды.

8-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу және қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру тәртібі

106. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссия мүшелерінің жай көпшілігінің қатысуымен конкурстық құжаттамада көрсетілген күні, уақытта және орында ашады және қарайды.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімі бар әрбір конвертті ашқан кезде конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылған құжаттардың және материалдардың тізбесі туралы ақпаратты жариялайды.

107. Конкурсқа қатысуға өтімді ұсынған әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның уәкілетті өкілінің конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуға қатысуына рұқсат етіледі.

Конкурстық комиссияның отырысы басталғанға дейін конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімі бар конверттерді ашу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде әлеуетті жеткізушілердің мүдделерін білдіруге әлеуетті жеткізушілер өкілдерінің құжаттамалық негізде ресімделген өкілеттіктерін тексереді.

108. Егер конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу белгіленген күні конкурстық комиссия мүшелерінің жеткілікті саны, конкурстық комиссияның хатшысы болмаса, конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған кезде конкурстық комиссия төрағасының орынбасары конверттерді ашу белгіленген уақытқа дейін үш сағаттан кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушыға бұл туралы жазбаша не ауызша хабарлайды, ол конверттерді ашу рәсімі басталғанға дейін конкурстық комиссия құрамына конкурстық комиссия мүшелерін, конкурстық комиссияның хатшысын ауыстыру бөлігінде осындай ауыстырудың себебін көрсете отырып, өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды.

109. Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда және конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімдерде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылуға жатады.

Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа (лотқа) бір ғана өтінім ұсынылған жағдайда ғана ашылады және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне қаралады.

110. Конверттерді ашу бойынша конкурстық комиссияның отырысында:

1) конкурстық комиссияның төрағасы не оның орынбасары конкурстық комиссияның қызметін басқарады, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінің тиісінше орындалуына бақылауды қамтамасыз етеді;

2) конкурстық комиссия мүшелері қатарынан төраға ретінде белгілеген адам қатысушыларға мыналар:

конкурстық комиссияның құрамы, конкурстық комиссияның хатшысы туралы;

әлеуетті жеткізушілердің конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру бойынша сұрауларының болуы не болмауы;

конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактілерінің болуы не болмауы, сондай-ақ себептері туралы;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген, конкурсқа қатысуға өтінімдерді белгіленген уақытта ұсынған әлеуетті жеткізушілер туралы хабарлайды;

осы конкурс бойынша өзге де ақпаратты жариялайды;

хронологиялық тәртіппен конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген, конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған әрбір әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтерді жариялайды;

конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған, оның ішінде өтінімге Қағидалардың 49-тармағында көзделген критерийлерді қолдануға болатынын растайтын құжаттардың тізбесін және олардың қысқаша мазмұнын жариялайды;

3) конкурстық комиссияның хатшысы:

Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын ресімдейді;

әлеуетті жеткізушілерді немесе олардың уәкілетті өкілдерін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының мәтінін жариялау мерзімі туралы хабардар етеді;

әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерінен конкурстық комиссияның іс-әрекеттеріне және (немесе) әрекетсіздігіне шағымдарының немесе қарсылықтарының болуы туралы сұратады.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдер болмаған жағдайда конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама жасайды.

111. Конкурса қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына отырысқа қатысушы конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды және әр парағына бұрыштама қояды.

112. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық комиссияның көрсетілген отырысы өткен күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында конкурса қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашудың қол қойылған хаттамасының мәтінін жариялайды.

113. Конкурса қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысы:

1) конкурстық комиссияның төрағасымен, ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасарымен конкурса қатысуға өтінімдерді қарау бойынша конкурстық комиссияның отырысын өткізу күнін және уақытын келіседі;

2) конкурстық комиссия мүшелерін конкурса қатысуға өтінімдерді қарау бойынша конкурстық комиссияның отырысын өткізу күні және уақыты туралы хабардар етеді;

3) конкурстық комиссияның қарауына Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойғыза отырып, конкурса қатысуға өтінімді қарауға ұсынады;

4) сарапшыға (сараптау комиссиясына), олар тартылған жағдайда, қарау үшін әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті жеткізушілердің өтінімдерін уақытша беру журналына қол қойғыза отырып ұсынады.

114. Конкурстық комиссияның мүшелері, сарапшы (сараптау комиссиясының жетекшісі) құжаттардың, әлеуетті жеткізушілердің конкурса қатысуға өтінімдерін оларды қарау кезінде оларды конкурстық комиссияның хатшысына қайтарғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

115. Өтінімдерді қарау бойынша конкурстық комиссияның отырыстары конкурстық комиссия мүшелерінің жай көпшілігінің қатысуымен өткізіледі.

Конкурстық комиссияның отырысын өткізбестен конкурса қатысуға өтінімдерді қарауға рұқсат етілмейді.

116. Конкурстық комиссия:

1) конкурса қатысуға өтінімдерді құрайтын құжаттар топтамасының толықтығын және тиісінше ресімделуін қарайды;

2) құжаттар тізбесін толық емес ұсынған және (немесе) тиісінше ресімделмеген құжаттарды ұсынған әлеуетті жеткізушілерді анықтайды;

3) конкурса қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушілерден конкурса қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдарды және түсіндірмелерді жазбаша нысанда сұратады;

4) конкурса қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында конкурстық комиссия тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратады. Конкурстық комиссияның Қағидалардың 128-тармағына сәйкес шешім қабылдауын қоспағанда, конкурстық комиссияның конкурса қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестендіруге байланысты сұратуларына және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді;

5) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтайды және оларды конкурса қатысушы ретінде таниды.

117. Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында тиісті уәкілетті органдардың интернет-ресурсында не мемлекеттік ақпараттық жүйесінде орналастырылған ақпаратты төмендегілерге қатысы:

1) банкроттық не тарату рәсімдеріне қатысты болмау;
2) атқару құжаттары және борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізілмеген орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

3) 1 (бір) теңгеден артық салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің болмауы;

4) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қосалқы мердігерінің (қоса орындаушысының) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болуын немесе олар туралы мәліметтердің болмауын тексеру бөлігінде қарайды.

118. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімнің енгізілген қамтамасыз етуін:

1) банк кепілдігі түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға енгізілген өтінімнің қамтамасыз етілуінің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген жағдайда, ол төмендегі мәліметтердің:

банк уәкілетті тұлғасының банк кепілдігіне қолының қойылмауын мен банк мөрінің (ол болған кезде) болмауын;

қатысу үшін банк кепілдігі түрінде ұсынылған өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу атауының;

банк кепілдігі түрінде және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасы түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің, сондай-ақ оны ұсыну талаптарының;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген адам туралы;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін адам туралы мәліметтердің болмауын білдіреді;

3) конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың кемінде 1 (бір) пайызы мөлшерінде не өткізілетін сатып алу сомасының кемінде 100 (бір жүз) пайызы мөлшерінде енгізген жағдайларда, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды.

119. Әлеуетті жеткізуші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не қоса орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынбаса;

жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсынбаса;

заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші, егер заңды тұлға қызметін «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес үлгі жарғының (бұдан әрі – Үлгі жарғы) негізінде жүзеге асыратын болса, заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесін немесе мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің көшірмесін немесе заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың не электрондық анықтаманың көшірмелерін ұсынбаса;

әлеуетті жеткізуші қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайды қоспағанда, заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші жарғының нотариат куәландырған көшірмесін не мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударып отырып, нотариат куәландырған сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді-көшірмені ұсынбаса;

заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтері бар нотариат куәландырған құрылтай

құжаттарының үзінді-көшірмесін (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса) не конверттерді ашу күні алдындағы бір айдан кешіктірілмей берілген, белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен (ол болған кезде) расталған акционерлік қоғамдар үшін бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінен үзінді-көшірмені немесе жүргізілуін тіркеуші жүзеге асыратын серіктестікке қатысушылардың тізілімінен үзінді-көшірмені ұсынбаса;

әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын, оның ішінде бірлескен шаруашылық қызмет (заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциум) қатысуы кезінде) туралы шартта көзделген лицензиялауға жататын қызмет бойынша тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге құқығын растайтын лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, басқа құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылмаса;

лицензия электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түрінде ұсынылмаса, сондай-ақ лицензияны электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түрінде ұсынған кезде мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаса;

заңды тұлғалар (консорциум қатысушылары) (заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциум) қатысуы кезінде) арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмелері ұсынылмаса;

конверттерді ашу күні алдындағы бір айдан ерте емес берілген, үлгі конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының, анықтаманы берген күннің алдында үш айдан астам мерзімге созылған банк алдындағы немесе банк филиалының алдындағы әлеуетті жеткізушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы анықтамасының қол қойылған және мөрі бар түпнұсқасы ұсынылмаса (егер әлеуетті жеткізуші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтамаларды осындай банктердің әрқайсысынан ұсынбау);

банктің немесе банк филиалы анықтамасының түпнұсқасында әлеуетті жеткізушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы;

салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек туралы мәліметтерде 1 (бір) теңгеден артық (төлем мерзімі 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) сома болса;

біліктілік талаптары туралы шынайы емес ақпаратты ұсыну фактісі анықталса;

банкроттық не тарату рәсіміне жатқызылса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

үлгі конкурстық құжаттаманың 2, 3-қосымшаларына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінім ұсынылмаса;

Қағидалардың 83 және 84-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға өтінім ұсынылса;

конкурсқа қатысуға өтінімде көрсетілген мәліметтерде дәйексіз ақпарат болса;

техникалық ерекше нұсқама ұсынылмаса;

анағұрлым жақсы техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну жағдайларын қоспағанда, әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттаманың техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынса;

үлгі конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмысты орындау бойынша мердігерлер (қызметті көрсету кезінде қоса орындаушылар), сондай-ақ әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтер түрлері туралы мәліметтер (әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерді (қоса орындаушыларды) тартқан жағдайда) берілмесе;

әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынылған жағдайда, қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) жиынтықта жұмыс (құрылыс құны), қызметтер көлемінің үштен екісінен асатын бөлігін қосалқы мердігерлікке (қоса орындауға) берсе;

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ұсынылмаса конкурсқа қатысуға жіберілмейді және конкурсқа қатысушы болып танылмайды.

120. Сарапшы не сараптама комиссиясы конкурстық комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары белгілеген мерзімде, бірақ әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға ұсынған өтінімдерін қарау мерзімінен кешіктірмей:

1) өз құзыреті шегінде әлеуетті жеткізушілер ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін растау үшін олардың толықтығы мен тиісті түрде ресімделуіне қатысты құжаттарды қарайды және зерделейді;

2) әлеуетті жеткізушілер ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келуі не сәйкес келмеуі туралы сараптама қорытындысын ресімдейді және оған қол қояды;

3) қол қойылған сараптама қорытындысын ұсынады, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілердің құжаттарын конкурстық комиссияның хатшысына береді.

121. Сарапшының (сараптама комиссиясының) қорытындысына, сарапшы ерекше өз пікірін білдірген жағдайларды қоспағанда, сарапшы (сарапшылар) қол қояды және әр парағына бұрыштама қояды.

122. Сарапшының (сараптама комиссиясының) қорытындысын алғаннан кейін конкурстық комиссияның хатшысы:

1) бұл туралы конкурстық комиссия төрағасын, ал ол болмаған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының орынбасарын хабардар етеді және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау қорытындыларын шығару үшін конкурстық комиссия отырысы өткізілетін күнді және уақытын онымен келіседі;

2) конкурстық комиссияның мүшелерін, сондай-ақ сарапшыны (сараптама комиссиясын) конкурстық комиссия отырысы өткізілетін белгіленген күн мен уақыт туралы хабардар етеді.

123. Конкурсқа қатысуға өтінім, егер онда ұсынылған өтінімнің мәніне тиіспей жөндеуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап береді деп танылады.

124. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды әлеуетті жеткізушілердің және оларға ұсынған өтінімдердің біліктілік талаптарына, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау, оларды конкурсқа қатысушылар деп тану мақсатында жүзеге асырады.

125. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болу мәніне қарау нәтижелері бойынша:

1) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда Қағидаларға 6-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманы;

2) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдеу арқылы шешімдердің біреуін қабылдайды.

126. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру не рұқсат беру (конкурсқа қатысушылар деп таниды) туралы (күрделі техникалық сипаттамалары және ерекше нұсқамалары бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді күрделі сатып алу жүргізілген жағдайда, мұндай өтінімдер конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қаралады) шешім қабылдайды.

Егер конкурсқа (лотқа), конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, ол әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне қаралады.

127. Әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда, конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама жасау талап етілмейді.

128. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілерді анықтаған жағдайда, осындай әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманың мәтіні жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы беріледі.

129. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде:

1) олардың сәйкес келмеу себептерін көрсете отырып, біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін;

2) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынған әлеуетті жеткізушілер туралы ақпаратты қамтиды.

Егер конкурс тәсілімен сатып алу лоттардан тұратын болса, онда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамада әлеуетті жеткізушілер әрбір лот бойынша көрсетіледі. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру жалпы хаттамасын онда әрбір лот бойынша әлеуетті жеткізушілер көрсетілген жағдайда ресімдеуге рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні қол қояды, әрбір парағына бұрыштама қояды және конкурстық комиссияның хатшысы хаттаманың мәтінін оған қол қойған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында орналастырады.

130. Сарапшы не сараптама комиссиясы белгіленген мерзімде, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімді қарау мерзімінен кешіктірмей, өтінімдерді қайта қарайды және Қағидалардың 120 және 121-тармақтарына сәйкес қорытынды береді.

131. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарауды біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде жүргізеді, оның нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурс қатысушыларына, бағаны төмендетуге бағытталған сауда-саттықтар қолданылған конкурсты қоспағанда, Қағидалардың 49-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәндерін қолданады;

3) баға ұсыныстарын қарау бойынша конкурстық комиссияның отырысына қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізушілерді соңғы тіркеу мерзімін көрсете отырып, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

132. Егер конкурс тәсілімен сатып алу лоттардан тұратын болса, онда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада конкурсқа қатысушылар әрбір лот бойынша көрсетіледі. Конкурсқа қатысушыларды әрбір лот бойынша көрсеткен кезде конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы ресімдеуге рұқсат етіледі.

133. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға рұқсат беру (конкурсқа қатысушылар деп тану) туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды, әр парағына бұрыштама қояды. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға бар болса, сараптама қорытындысы не конкурстық комиссия мүшесінің ерекше пікірі, сарапшының (сараптама комиссиясы мүшесінің) ерекше пікірі қоса беріледі.

134. Конкурсстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманың мәтінін оған қол қойылған күні тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялайды.

9-параграф. Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуға қатысуға өтінімдерді ашу және қарау, конкурсқа қатысуға рұқсат беру тәртібі

135. Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүргізу кезінде конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссияның хатшысы сатып алу порталында ашады. Бұл ретте конкурстық баға ұсынысы ашылмайды және әлеуетті жеткізушіге конкурсқа қатысуға рұқсат берілген соң ғана не конкурсқа қатысуға кем дегенде екі өтінім берілген жағдайда қолжетімді болады.

Конкурстық комиссияның хатшысына конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуға рұқсатты сатып алуды ұйымдастырушы конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда көрсеткен күні және уақытта, сатып алу порталы автоматты түрде береді.

136. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасын Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алу порталы автоматты түрде қалыптастырады және конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмей сатып алу порталында жарияланады. Бұл ретте сатып алу порталы конкурстық комиссияның, сараптама комиссиясының мүшелеріне (сарапшыға), конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушілерге автоматты түрде хабарлама жібереді.

137. Егер конкурсқа (лотқа), конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, ол ашылады және әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне қаралады.

138. Конкурсстық комиссия сатып алу порталында біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтау мақсатында конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарайды және конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша:

1) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын;

2) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес болған жағдайда Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдеу жолымен шешімдердің біреуін қабылдайды.

139. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы шешімі конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қабылданады (күрделі техникалық сипаттамасы және ерекше нұсқамасы бар тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді күрделі сатып алу жүргізілген жағдайда, мұндай өтінімдер электрондық конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашқан күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қаралады).

140. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілерді анықтаған жағдайда, осындай әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттаманы сатып алу порталында жариялаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы беріледі.

141. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және оның ішінде:

1) олардың сәйкес келмеу себептерін көрсете отырып, біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін;

2) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынған әлеуетті жеткізушілер туралы ақпаратты қамтиды.

142. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасына сатып алу порталында конкурстық комиссияның мүшелері қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы осындай шешім қабылданған күні конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық дерлік әлеуетті жеткізушілерді электрондық пошта бойынша автоматты түрде хабардар ете отырып, сатып алу порталында орналастырады.

143. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікірі конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі нысанында қоса беріледі.

144. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы хаттама әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда ресімделмейді.

145. Конкурстық комиссияның хатшысы сатып алу порталы арқылы конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген мерзімде біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау рәсіміне бастамашы болады.

Конкурстық комиссия Қағидалардың 116, 117, 118-тармақтарында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

146. Әлеуетті жеткізуші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не қоса орындаушы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші тиісті мемлекеттік орган берген, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесін ұсынбаса;

жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынбаса;

әлеуетті жеткізуші қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асыратын жағдайды қоспағанда, заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші жарғының көшірмесін не мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріне аударып отырып, сауда тізілімінен заңдастырылған үзінді-көшірмені ұсынбаса;

заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші, егер заңды тұлға қызметін Үлгі жарғы негізінде жүзеге асырса, заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің көшірмесін немесе заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесін ұсынбаса;

заңды тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтері бар құрылтай құжаттарының үзінді-көшірмесін (егер жарғыда құрылтайшылар немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтер болмаса) не конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірілмей берілген, белгіленген тәртіппен қол қойылған және мөрмен (ол болған кезде) расталған акционерлік қоғамдар үшін бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінен үзінді-көшірмені немесе жүргізілуін тіркеуші жүзеге асыратын серіктестікке қатысушылардың тізілімінен үзінді-көшірмені ұсынбаса;

әлеуетті жеткізушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын, оның ішінде бірлескен шаруашылық қызмет (заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциум) қатысуы кезінде) туралы шартта көзделген лицензиялауға жататын қызмет бойынша тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге құқығын растайтын электрондық құжат түріндегі лицензия (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, басқа құжаттар ұсынылмаса;

лицензия электрондық құжат түрінде ұсынылған кезде мемлекеттік ақпараттық жүйеде мәліметтер болмаса;

заңды тұлғалар (консорциум қатысушылары) (заңды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциум) қатысуы кезінде) арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың көшірмелері ұсынылмаса;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні алдындағы бір айдан ерте емес берілген, электрондық үлгі конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының, анықтаманы берген күннің алдында үш айдан астам мерзімге созылған банк немесе банк филиалының алдындағы әлеуетті жеткізушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауы туралы анықтамасының қол қойылған және мөрі бар (ол болған кезде) көшірмесі ұсынылмаса (егер әлеуетті жеткізуші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтамаларды осындай банктердің әрқайсысынан ұсынбау);

банктің немесе банк филиалының қол қойылған және мөрі бар анықтамасында әлеуетті жеткізушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешегі туралы мәліметтер болса;

салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешек туралы мәліметтерде 1 (бір) теңгеден асатын және одан көп (төлем мерзімі 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және

бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ұзартылған жағдайларды қоспағанда) сома болса;

біліктілік талаптары туралы бойынша шынайы емес ақпаратты ұсыну фактісі анықталса;

банкроттық не тарату рәсіміне жатқызылса;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі мынадай негіздер бойынша конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін болып анықталса:

конкурсқа қатысу туралы келісімде көрсетілген мәліметтерде дәйексіз ақпарат болса; техникалық ерекше нұсқама ұсынылмаса;

анағұрлым жақсы техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну жағдайларын қоспағанда, әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттаманың техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқама ұсынса;

конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмысты орындау бойынша мердігерлер (қызметті көрсету кезінде қоса орындаушылар), сондай-ақ электрондық үлгі конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтер түрлері туралы мәліметтер (әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерді (қоса орындаушыларды) тартқан жағдайда) берілмесе;

әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлер туралы мәліметтер ұсынылған жағдайда, қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) жиынтықта жұмыс (құрылыс құны), қызметтер көлемінің үштен екісінен асатын бөлігін қосалқы мердігерлікке (қоса орындауға) берсе;

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету ұсынылмаса;

конкурс, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып өткізілетін конкурс тәсілдерімен электрондық сатып алу бойынша конкурстық баға ұсыныстары ұсынылмаса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді және конкурсқа қатысушы болып танылмайды.

147. Сарапшы не сараптама комиссиясы белгіленген мерзімде, бірақ конкурсқа қатысуға өтінімді қарау мерзімінен кешіктірмей, өтінімдерді қайта қарайды және Қағидалардың 120 және 121-тармақтарына сәйкес қорытынды береді.

148. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қарау нәтижелері бойынша:

1) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурс қатысушыларына, бағаны төмендетуге бағытталған сауда-саттықтар қолданылған конкурсты қоспағанда, Қағидалардың 49-тармағында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәндерін қолданады.

149. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижесі бойынша біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген, әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта ұсынуының соңғы мерзімі біткен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама ресімделеді.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасына құжаттың электрондық көшірмесі нысанында сараптамалық қорытынды, сарапшының (сараптама комиссиясы мүшесінің) (ол болған кезде) ерекше пікірі қоса беріледі.

Егер конкурс тәсілімен сатып алу лоттардан тұратын болса, онда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада конкурсқа қатысушылар әрбір лот бойынша көрсетіледі.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы жалпы хаттаманы онда конкурсқа қатысушыларды әрбір лот бойынша көрсеткен кезде ресімдеуге рұқсат етіледі.

150. Конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға конкурстық комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ конкурстық комиссияның хатшысы сатып алу порталында қол қояды және конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған барлық дерлік әлеуетті жеткізушілерді электрондық пошта бойынша автоматты түрде хабардар ете отырып, сатып алу порталында жариялайды.

Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның мүшесі конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға құжаттың электрондық көшірмесі нысанында ерекше өз пікірін қоса береді.

10-параграф. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру тәртібі

151. Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізуші (конкурсқа қатысушы) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, сатып алуды ұйымдастырушыға конкурстық баға ұсынысы салынған конвертті ұсынады.

152. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзім ішінде:

1) конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді ұсыну және конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін конкурсқа қатысушылар өкілдерінің өкілеттіктерін құжаттамалық растаудың болуына көз жеткізеді;

2) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналында:

конкурстық баға ұсыныстары бар ұсынылған конверттерді олардың келіп түсуіне қарай тіркейді;

конкурсқа қатысушылар не олардың уәкілетті өкілдері туралы мәліметтерді енгізеді;

мұндай бас тартудың себептерін көрсете отырып, тіркеуден бас тартылған конкурсқа қатысушылардың тізімін көрсетеді.

153. Мыналар:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген мерзімінен кейін ұсынылған;

2) егер конкурсқа қатысушы осы конкурс бойынша баға ұсынысын бұрын ұсынса, конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттер бағалауға және салыстыруға қабылданбайды.

154. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

Конкурстық комиссияның отырысында:

1) конкурстық комиссияның төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің арасынан төраға белгілеген адам:

конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары салынған конверттерді баға ұсыныстарының тіркеу журналында тіркеудің хронологиялық тәртібімен ашады және жариялайды;

конкурстық комиссияның хатшысына конкурстық баға ұсыныстары бар ашылған конверттерді береді;

2) конкурстық комиссия:

конкурсқа қатысушының осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асатын конкурстық баға ұсыныстарын қабылдамайды;

демпингтік болып табылатын конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысын қабылдамайды;

конкурсқа қатысушылардың қабылданған кемінде екі конкурстық баға ұсыныстарына қатысты конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көрсетілген критерийлердің пайыздық мәнін қолдану арқылы айқындайды, конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын салыстырады және олардың ішінен ең төменгі шартты баға негізінде конкурстың жеңімпазын айқындайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болған кезде конкурс мәні болып табылатын сатылып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында анағұрлым көп тәжірибесі бар әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады. Шартты бағалары тең бірнеше әлеуетті жеткізушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

155. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырыстарының нәтижелері бойынша:

1) конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары конкурстық баға ұсыныстарын бағалауды және салыстыруды жүргізу күні:

конкурстық комиссияның отырыстарына қатысып отырған адамдарға конкурс тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың нәтижелерін жариялайды;

конкурс жеңімпазын хабарлайды;

ұсынысы барынша басым болып табылатын конкурсқа қатысушыны айқындайды;

2) конкурстық комиссияның хатшысы:

конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және қол қояды;

өзі туралы мәліметтер Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген, конкурсқа қатысуға өтінім берген кез келген әлеуетті жеткізушінің талап етуі бойынша осындай жазбаша сұратуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде осындай әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдеріне жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді не ұсынады;

конкурс тәсілімен жүргізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге көрсетілген хаттаманың көшірмесін ұсынуды қамтамасыз етеді.

156. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың мәтінін жасайды және конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына жариялайды.

157. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың мәтіні тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жарияланған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қояды және конкурс жеңімпазына жібереді.

158. Егер конкурс жеңімпазы болып танылған әлеуетті жеткізуші шартқа белгіленген мерзімде қол қоймаса не шарт жасасудан жазбаша бас тартуды ұсынса, тапсырыс беруші

әлеуетті жеткізуші енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалады. Бұл жағдайда ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін техникалық ерекше нұсқамасы бойынша және бағасы бойынша барынша басым болып табылатын конкурстың басқа қатысушысымен шарт жасауға рұқсат беріледі. Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазымен шартқа қол қою мерзімі аяқталған сәттен бастап он күн ішінде не шарт жасасудан жазбаша бас тартуды алған сәттен бастап конкурсқа қатысуға өтінімі барынша басым болып танылған конкурсқа қатысушыға оны конкурс жеңімпазы деп тану туралы хабарламаны және шарттың жобасын жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінімі барынша басым болып танылған конкурсқа қатысушы бұл туралы хабарламаны және шарттың жобасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды немесе тапсырыс берушіге келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоядан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

159. Конкурс тәсілімен сатып алу мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:

- 1) конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер болмағанда;
- 2) конкурсқа қатысуға екіден кем өтінім берілгенде;
- 3) конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті жеткізуші жіберілмесе;
- 4) конкурсқа қатысуға бір әлеуетті жеткізуші жіберілсе;
- 5) конкурсқа қатысушылардың ұсынылған конкурстық баға ұсыныстары болмағанда;
- 6) конкурсқа қатысушылардың кемінде екі конкурстық баға ұсынысы берілсе;

7) Қағидалардың 154-тармағының екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін конкурсқа қатысушылардың кемінде екі конкурстық баға ұсынысы бағалауға және салыстыруға жататын болса;

8) конкурстың жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарса, ұсынысы барынша басым болып табылатын конкурсқа қатысушы шарт жасасудан бас тартса, өтпеді деп танылады.

Осы тармақтың 6), 7) тармақшаларымен қарастырылған жағдайлар бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық қолдана отырып конкурс тәсілімен іске асырылатын сатып алуларға қолданылмайды.

160. Егер конкурс тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мынадай:

1) конкурс тәсілімен сатып алуды қайта жүргізу туралы;

2) конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен сатып алуды қайта жүргізу туралы;

3) шарт жасау тәсілімен бір көзден тәсілмен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің біреуін қабылдайды.

161. Егер конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталса және шарт жасалмаса немесе ол бұзылса, онда тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қайта конкурс жариялайды немесе шарт жасау жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

11-параграф. Конкурс, екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен электрондық сатып алуға ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарын ашу, бағалау және салыстыру тәртібі

162. Электрондық сатып алуды өткізген кезде әлеуетті жеткізуші конкурс, екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілдерімен өткізілетін конкурсқа қатысуға өтініммен бірге электрондық үлгі конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурстық баға ұсынысын береді.

163. Конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын ашу, бағалау және салыстыру сатып алу порталында автоматты түрде конкурса қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген күні және уақытында жүргізіледі.

Сатып алу порталында:

1) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомандан асатын конкурстық баға ұсынысы қабылданбайды;

2) Қағидаларға сәйкес айқындалатын демпингтік баға есептеледі;

3) конкурса қатысушының демпингтік болып табылатын конкурстық баға ұсынысы қабылданбайды;

4) конкурса қатысушының конкурстық баға ұсынысына конкурса қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада көзделген критерийлердің салыстырмалы мәнін қолдану арқылы қабылданған конкурстық баға ұсыныстары бойынша шартты бағалар айқындалады;

5) конкурса қатысушылардың шартты бағалары салыстырылады, ең төменгі шартты бағаның негізінде конкурстың жеңімпазы анықталады.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс істеу тәжірибесі көп әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады. Шартты бағалары бірдей бірнеше әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі бірдей болған кезде, конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз болып танылады.

164. Сатып алудың қорытындысы туралы хаттама автоматты түрде Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады және сатып алу порталында конкурстық комиссияның барлық мүшелеріне және конкурса қатысуға өтінімдерін ұсынған әлеуетті жеткізушілерге электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабарлама жібере отырып, жарияланады.

165. Тапсырыс беруші сатып алу порталында сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы жариялаған күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде шарттың жобасына қол қойып, конкурстың жеңімпазына жібереді.

Егер конкурстың жеңімпазы деп танылған әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаса не шарт жасаудан жазбаша бас тартуды ұсынса, тапсырыс беруші (сауда-саттықты ұйымдастырушы) әлеуетті жеткізуші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Бұл жағдайда конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін техникалық ерекше нұсқама бойынша және қорытынды баға бойынша ұсынысы барынша басым болып табылатын конкурстың басқа қатысушымен шарт жасауға рұқсат беріледі. Тапсырыс беруші конкурс жеңімпазымен шартқа қол қою мерзімі аяқталған сәттен бастап күнтізбелік он күн ішінде конкурса қатысушыға не шарт жасаудан жазбаша бас тартуды алған сәттен бастап конкурса қатысуға өтінімі барынша басым болып танылған конкурса қатысушыға оның конкурс жеңімпазы болып танылғаны туралы хабарламаны және шарттың жобасын жібереді.

Конкурса қатысуға өтінімі барынша басым болып танылған конкурса қатысушы бұл туралы хабарламаны және шарттың жобасын алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды немесе тапсырыс берушіге келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

166. Мына:

1) конкурса қатысуға берілген өтінімдер болмаған;

2) конкурса қатысуға екіден кем өтінім берілген;

3) конкурса қатысуға бірде-бір әлеуетті жеткізуші жіберілмеген;

4) конкурса қатысуға бір әлеуетті жеткізуші жіберілген;

5) конкурса қатысушылардың берілген конкурстық баға ұсыныстары болмаған;

6) конкурса қатысушылар екіден кем конкурстық баға ұсынысын берген;

7) Қағидалардың 163-тармағының екінші бөлігінің 1), 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда, конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбағаннан кейін конкурсқа қатысушылардың бағалауға және салыстыруға екіден кем конкурстық баға ұсынысы жатқызылған;

8) конкурстың жеңімпазы сатып алу туралы шарт жасаудан жалтарса, ұсынысы барынша басым болып табылатын конкурсқа қатысушы шарт жасаудан бас тартқан жағдайлардың бірі болған кезде электрондық сатып алу өтпеді деп саналады.

Осы тармақтың 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайлар бағаның төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуға қолданылмайды.

167. Егер конкурс тәсілімен жүргізілетін сатып алу өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидалардың 160-тармағында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

168. Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталса және шарт жасалмаса немесе ол бұзылса, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қайта конкурс жариялайды, немесе сатып алуды шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырады.

169. Конкурсның жеңімпазы сатып алудың қорытындысы туралы хаттаманы жариялаған күннен бастап он жұмыс күн ішінде, шартқа қол қойылғанға дейін тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) әлеуетті жеткізушінің электрондық көшірмелер түрінде конкурсқа қатысуға өтініммен бірге ұсынылған біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын және (немесе) нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Осы тармақта көзделген құжаттар ұсынылмаған, не олардың электрондық көшірмелерге сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидалардың 165 және 167-тармақтарында көзделген іс-қимылдарды орындайды.

12-параграф. Конкурсқа қатысуға өтінімнің демпингтік бағасын айқындау тәртібі

170. Әлеуетті жеткізушінің белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар жұмыстарға (құрылыс жұмыстарына, кешенді жұмыстарға), жобалау алдындағы, жобалау және іздестіру жұмыстарына конкурстық баға ұсынысы, егер ол техникалық-экономикалық негіздемеде (жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға арналған) және мемлекеттік сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген бағадан төмен болса, қосылған құн салығын есептемегенде, сатып алу жоспарында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға көзделген сомадан 15 (он бес) пайыздан астам төмен болса, демпингтік болып танылады.

171. Әлеуетті жеткізушінің консультациялық (консалтингтік) қызметтерге конкурстық баға ұсынысы, егер ол конкурсқа қатысушылардың қабылданған конкурстық баға ұсыныстарының орташа арифметикалық сомасынан 70 (жетпіс) пайызынан астам төмен болса және сатып алу жоспарында қосылған құн салығын есептемегенде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға көзделген сомадан аспаса демпингтік болып танылады.

172. Қағидалардың 170, 171-тармақтарында көрсетілмеген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге конкурстық баға ұсынысы, егер ол барлық ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарының орташа арифметикалық бағасынан 30 (отыз) пайыздан астам төмен болса

және сатып алу жоспарында қосылған құн салығын есептемегенде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға көзделген сомадан аспаса демпингтік болып танылады.

173. Қағидалардың 170, 171, 172-тармақтарының ережелері бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурсты қоспағанда, әлеуетті жеткізуші ұсынған бағаға (шартты жеңілдіктер ескерілмеген) қолданылады.

174. Конкурсдық комиссия әлеуетті жеткізушілердің демпингтік бағаларды ұсынуы фактісін анықтаған кезде, конкурсдық комиссия осы әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерінің ауытқу себептерін көрсету мақсатында конкурсдық қорытындысы туралы хаттамаға мынадай ақпаратты енгізеді:

- 1) конкурсқа қатысуға өтінімнің орташа арифметикалық бағасын есептеу тәртібі;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінімнің орташа арифметикалық бағасы;
- 3) бағалары демпингтік деп анықталған конкурсқа қатысуға өтінімдер.

13-параграф. Сатып алуды екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

175. Екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен сатып алу мынадай:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің егжей-тегжей ерекше нұсқамаларын тұжырымдау мен олардың техникалық және өзге де сипаттамаларын айқындау қиын болған және (немесе) әлеуетті жеткізушілерден ұсыныстарды сұрату не олармен туындаған мәселелер бойынша келіссөздер жүргізу қажет болған;

2) тестілеу, зерттеулер, тәжірибелер, іздестірулер жүргізу немесе әзірлемелер жасау қажет болған жағдайларда жүргізіледі.

176. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен сатып алу мынадай жүйелі кезеңдердің жиынтығын білдіреді:

1) бірінші кезеңде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

тапсырыс берушінің сатып алуды ұйымдастырушыны айқындауы;

сатып алуды ұйымдастырушының сараптама комиссиясын құруы не сарапшыны айқындауы;

сараптама комиссиясының не сарапшының тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) қажеттілігі негізінде сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық тапсырманы қалыптастыруы;

тапсырыс берушінің сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық тапсырманы бекітуі;

сатып алудың бірінші кезеңін екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен өткізу туралы хабарландыруды;

тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында;

электрондық сатып алуды өткізген кезде сатып алу порталында жариялау.

Сатып алудың бірінші кезеңін екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен өткізу туралы хабарламада сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, электрондық және пошталық (заңды) мекенжайы, жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы, талап етілетін көлемі (саны), техникалық ұсынысты және (немесе) тауарлардың үлгілерін тестілеуге ұсыну орны мен мерзімдері туралы мәліметтер, сондай-ақ сараптама комиссиясының не сарапшының оларды қарау күні, уақыты және орны көрсетіледі;

сатып алуды ұйымдастырушының сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге техникалық тапсырманы екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алудың бірінші кезеңіне қатысуға мүдделі тұлғаларға ұсынуы;

әлеуетті жеткізушілердің техникалық тапсырмаға сәйкес әзірленген техникалық ұсыныстарды және (немесе) тауарлар үлгілерін тестілеуге ұсынуы;

сараптама комиссиясының не сарапшының әлеуетті жеткізушілердің техникалық ұсыныстарын және (немесе) тестілеуге ұсынған тауарлардың үлгілерін қарауы және олармен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық, сапалық және (немесе) өзге де сипаттамаларына, олардың жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) өзге де талаптарына қатысты мәселелерді талқылауы;

сараптама комиссиясының не сарапшының әлеуетті жеткізушілердің техникалық ұсыныстарын және (немесе) тестілеуге ұсынылған тауарлардың үлгілерін қарау нәтижесі бойынша сараптама қорытындысын рәсімдеуі, қол қойып ұсынуы;

сараптама комиссиясының не сарапшының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасын әзірлеуі;

сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы әзірлеуі және тапсырыс берушінің оны бекітуі;

сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық комиссияның құрамын және конкурстық комиссия хатшысын бекітуі;

2) екінші кезеңде мынадай:

сатып алуды ұйымдастырушының бірінші кезеңге қатысқан әлеуетті жеткізушілерге екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алудың екінші кезеңіне қатысуға шақыру жіберуі;

сатып алуды ұйымдастырушының шақырылған әлеуетті жеткізушілерге конкурстық құжаттаманы ұсынуы;

Қағидалардың 41-тармағының 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17) тармақшаларында көзделген іс-шаралар жүзеге асырылады.

177. Әлеуетті жеткізуші, егер ол екі кезеңдік рәсімдер пайдаланылатын конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алудың бірінші кезеңіне қатысса, конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізбейді.

14-параграф. Сатып алуды ерекше тәртіп қолданылатын конкурс тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

178. Ерекше тәртіп қолданылатын сатып алу Қағидаларда көзделген біліктілік талаптарды белгілейтін, сондай-ақ сатып алуды өткізу рәсімдері мен мерзімдерін реттейтін нормаларды қоспағанда, Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

179. Ерекше тәртіп қолданылатын сатып алу мыналарды:

1) сатып алуды өткізудің құпиялық режимнің сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі кепілдігін қамтамасыз ететін ерекше тәртібін белгілеу талап етілетін, құқық тәртібі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді;

2) сатып алуды өткізудің құпиялық режимнің сақталуын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі кепілдігін қамтамасыз ететін ерекше тәртібін белгілеу талап етілетін, мәліметтері мемлекеттік құпияларды және (немесе) таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда жүзеге асырылады.

180. Ерекше тәртіп қолданылатын сатып алу жабық рәсімдер қолданылатын конкурс тәсілімен өткізіледі.

181. Сатып алуды жабық рәсімдер қолданылатын конкурс тәсілімен өткізген кезде сатып алуды ұйымдастырушы кемінде екі әлеуетті жеткізушінің атына сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жібереді.

Егер мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге рұқсат бір әлеуетті жеткізушіде ғана болса, сатып алуды ұйымдастырушы осындай әлеуетті жеткізушіге өзімен шарт жасауға жазбаша шақыру жібереді.

182. Сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама сатып алуды жүзеге асыру мемлекеттік құпияларға жататын мәліметтер пайдаланбайтын, бірақ таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыс істеуге рұқсаты бар әлеуетті жеткізушілерге жіберіледі.

183. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) хабарлама жіберілетін әлеуетті жеткізушілердің тізімін жасайды және оны:

Ұлттық Банкте – Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам;

Ұлттық Банктің филиалында – филиалдық директоры немесе оның міндеттерін орындайтын адам;

Ұлттық Банктің ұйымында – бірінші басшысы немесе оның міндеттерін орындайтын адам не атқарушы органы немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам бекітеді.

184. Өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға әлеуетті жеткізушінің оларды өндіру, қайта өңдеу, жеткізу және сату құқығы талап етілетін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тиісті құқықтары бар әлеуетті жеткізушілердің қатарынан конкурсқа қатысуға шақырылатын әлеуетті жеткізушілердің тізімін қалыптастырады.

185. Жабық рәсімдер пайдаланылатын конкурс мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) тапсырыс берушінің бірінші басшысының немесе оның міндетін атқаратын адамның, не өзге де уәкілетті лауазымды адамының шешімімен конкурстық комиссияның құрамы бекітіледі, конкурстық комиссияның хатшысы айқындалады, сараптама комиссиясын құруға не сарапшыны белгілеуге жол беріледі.

Сатып алуды ұйымдастырушының бір қаржы жылына тұрақты негізде конкурстық комиссияның құрамын бекітуіне, конкурстық комиссияның хатшысын белгілеуіне, сондай-ақ сараптама комиссиясын құруға не белгілі тауарды, не белгілі жұмысты, көрсетілетін қызметті сатып алу бойынша сарапшыны белгілеуге рұқсат беріледі;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталғанға дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей кем дегенде екі әлеуетті жеткізушіге сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарлама жіберіледі. Конкурстық құжаттама сатып алуды ұйымдастырушының уәкілетті лауазымды адамы қол қойған жазбаша сұрату түрінде, маңызды талаптары мен конкурсқа қатысуға өтінімді ұсыну нысаны көрсетілген, сондай-ақ мынадай:

сатып алуға бөлінген сомалар көрсетілген, өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы;

сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы;

тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны; тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтер көрсетудің талап етілетін мерзімдері;

әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынуды бастауы және аяқтауы мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын шарттың жобасын қоса бере отырып ресімделеді.

Әлеуетті жеткізушілерден біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар, сондай-ақ конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сұратылмайды.

Үлгі конкурстық құжаттаманың 2, 3-қосымшаларына сәйкес ұсынылатын әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімі конкурс тәсілімен өтетін сатып алуға әлеуетті жеткізуші ретінде қатысу ниетін білдіру және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар

мен шарттарға сәйкес тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады;

3) сатып алуды ұйымдастырушының сұратуында көрсетілген мерзімі аяқталғанға дейін ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдер Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына олардың ұсынылуына қарай хронологиялық тәртіппен енгізілуге тиіс;

4) конкурстық комиссия конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну аяқталған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарын ашады және жазбаша сұратудың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтау үшін оларды қарайды және конкурсқа қатысуға өтінімі жазбаша сұратудың талаптарына сәйкес келетін және ең төменгі конкурстық баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіні жеңімпаз деп белгілейді.

Егер ең төменгі конкурстық баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші берсе, конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады;

5) егер:

осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлінген сомандан асатын болса;

әлеуетті жеткізуші шарт жобасының маңызды талаптарымен келіспесе, не оларды өзгертуді және (немесе) толықтыруды ұсынса;

әлеуетті жеткізуші бірден көп конкурстық баға ұсынысын берген кезде;

әлеуетті жеткізуші техникалық, сапалық және функционалдық сипаты жоғары техникалық ерекше нұсқаманы ұсынған жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынса, әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімі қабылданбайды.

Өзге негіздемелер бойынша конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдамауға жол берілмейді;

б) конкурстың нәтижесі туралы шешім мынадай:

тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы, олардың пошталық мекенжайы;

өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынған әлеуетті жеткізушілердің толық атауы, олар тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге мәлімдеген бағалары;

бас тарту себептерін негіздей отырып, қабылданбаған конкурсқа қатысуға өтінімдер туралы;

конкурс жеңімпазы туралы мәліметтерді көрсете отырып, жазбаша түрде ресімделеді;

7) конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерін берген барлық әлеуетті жеткізушілерді конкурстың нәтижелері туралы хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

15-параграф. Сатып алуды бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

186. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен сатып алу Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес тізбедегі тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге, егер осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық көрсеткіш бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет

туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асса, жүргізіледі.

187. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең – Қағидалардың 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 151, 152, 153, 154, 155, 156-тармақтарын, 5-тарауының 12-параграфын қоспағанда, Қағидалардың 5-тарауының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8-параграфтарында көзделген конкурс рәсімдерін өткізу;

2) екінші кезең – конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушілердің (конкурсқа қатысушылардың) арасында сауда-саттық жүргізу және олардың ішінен жеңімпазды анықтау.

188. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурстың екінші кезеңін жүргізген кезде конкурстық комиссияның хатшысы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес бойынша билетті ресімдеп, конкурсқа қатысушыға береді.

189. Сауда-саттық әрбір лот бойынша жеке-жеке, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген орнында, күнінде және уақытында нақты уақыт режимінде, конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің, конкурсқа қатысушылардың және сауда-саттыққа қатысуға ниет білдірген өзге де тұлғалардың қатысуымен өткізіледі.

Сауда-саттықтың басталу уақыты Астана қаласының уақыты бойынша 9-00-ден 18-00-ге дейін жұмыс уақытында белгіленеді.

190. Сауда-саттықты конкурстық комиссияның шешімімен сауда-саттықты өткізу міндеті жүктелген конкурстық комиссия мүшесі (бұдан әрі – уәкілетті адам) өткізеді.

191. Сауда-саттық уәкілетті адамның сауда-саттықтың мәнін, лоттың нөмірін, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын жариялауынан басталады.

Бастапқы баға тапсырыс беруші өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлген және тиісті қаржы жылына арналған туарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында көзделген сома болып табылады.

192. Сауда-саттық баға туралы ағымдағы ұсынысты бастапқы бағадан бастап бір қадамға төмендету жолымен жүргізіледі.

Конкурстық комиссия қадамды конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы жасау кезінде сауда-саттықтың бастапқы бағасының 0,1-ден (ноль бүтін оннан бір) 5 (бес)-пайызына дейінгі шектерде белгілейді.

193. Конкурсқа қатысушы ұсынатын баға ұсыныстарының саны шектелмеген, конкурсқа қатысушының өзінің конкурстық баға ұсынысын бірнеше рет азаю жағына өзгертуге мүмкіндігі бар.

194. Сауда-саттықты жүргізген кезде конкурсқа қатысушыларға жүргізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасын сауда-саттықтың қадамына қарамастан бастапқы бағасынан төмен ұсынуға рұқсат беріледі.

195. Билетті әрбір жоғары көтеру сауда-саттықты жүргізу үшін жарияланған бағаны төмендету бойынша бір қадамға тең болады.

196. Конкурсқа қатысушы билетті көтерген кезде уәкілетті адам лоттың бағасын үш рет қайталайды және жарияланған баға бойынша билетті бірінші көтерген конкурсқа қатысушының билетін атайды және басқа жоғары көтерілген билеттер болмаған кезде балғаның бір соққысымен оны осы лот бойынша сауда-саттықтың жеңімпазы деп жариялайды.

Егер қайталау кезінде сауда-саттыққа басқа қатысушы (конкурсқа қатысушылар) билет көтерсе, онда осы лот бойынша сауда-саттық жеңімпаз анықталған сәтке дейін жалғасады.

Жүргізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің ең төменгі бағасын ұсынған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

197. Егер конкурсқа қатысушы ұсынған баға басқа конкурсқа қатысушының ұсынған бағасына тең болса, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс жеңді деп танылады.

198. Егер сауда-саттықты жүргізу басталғаннан кейін он минут ішінде конкурсқа қатысушылардың бір де біреуі көрсетілген конкурсқа (лотқа) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермесе (билетті көтермесе), онда лот сауда-саттықтан алынады және осы конкурсқа (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеді деп танылады. Бұл жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы барлық конкурсқа қатысушыларға бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің өтпеді деп танылған лоттың сомасының 1 (бір) немесе 100 (бір жүз) пайызына тең сомасын қайтармайды.

199. Сауда-саттықтың қорытындысы конкурстық комиссияның хатшысы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімдейтін бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурстың қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі.

Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурстың қорытындысы туралы хаттамаға конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы қол қояды және оның мәтіні тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында сауда-саттықты жүргізу аяқталған күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланады.

200. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылармен сауда-саттықты өткізуге байланысты келіссөздер бойынша сұрату жіберуіне және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді.

201. Конкурстық комиссия Қағидалардың 159-тармағында көзделген жағдайда бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурсты өтпеді деп таниды.

Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидалардың 160-тармағына сәйкес шешім қабылдайды.

202. Сауда-саттықты өткізу тәртібін бұзған және сауда-саттықтың өтуіне ықпал ететін конкурсқа қатысушылар және қатысқан адамдар сауда-саттық өткізілетін залдан (орнынан) шығарылады.

16-параграф. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

203. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен электрондық сатып алу Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес тізбедегі тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге, егер осындай тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің жылдық көлемі құндық көрсеткіш бойынша тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен асса, жүргізіледі және нақты уақыт режимінде сатып алу порталында жүзеге асырылады.

204. Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен электрондық сатып алу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең – Қағидалардың 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 162, 163, 164-тармақтарын, 5-тарауының 12-параграфын қоспағанда, Қағидалардың 5-тарауының 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9-параграфтарында көзделген конкурс рәсімдерін жүргізу;

2) екінші кезең – рұқсат берілген әлеуетті жеткізушілердің (конкурсқа қатысушылардың) арасында сауда-саттық өткізу және олардың ішінен жеңімпазды анықтау.

205. Сауда-саттық әрбір лот бойынша жеке-жеке, нақты уақыт режимінде, конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыруда көрсетілген орнында, күні және уақытында өткізіледі.

Сауда-саттықтың басталу уақыты Астана қаласының уақыты бойынша 9-00-ден 18-00-ге дейін жұмыс уақытында белгіленеді.

206. Конкурсқа қатысушылар сатып алу порталында конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама орналастырылған күнінен бастап екі жұмыс күні өткен соң электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, өткізілетін конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын тауарды, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсынысты сатып алу порталы арқылы ұсынады.

207. Сауда-саттық бастапқы бағадан бастап баға туралы ұсынысты бір қадамға төмендету жолымен өткізіледі.

Конкурстық комиссия қадамды конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы жасау кезінде сауда-саттықтың бастапқы бағасының 0,1-ден (ноль бүтін оннан бір) 5 (бес)-пайызына дейінгі шектерде белгілейді.

Бастапқы баға тапсырыс беруші өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға бөлген және тиісті қаржы жылына арналған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарында көзделген сома болып табылады.

208. Сатып алу порталы конкурстың барлық қатысушыларына конкурсқа қатысушылардың, олардың атауы көрсетілмеген саны туралы ақпаратқа қол жетімділік береді.

209. Конкурсқа қатысушы ұсынатын конкурстық баға ұсыныстарының саны шектелмеген, конкурсқа қатысушының өзінің конкурстық баға ұсынысын азаю жағына көп рет өзгертуге мүмкіндігі бар.

210. Сауда-саттықты өткізу кезінде конкурсқа қатысушыларға өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын ағымдағы ең төменгі бағаның болмауы шартымен сауда-саттықтың қадамына қарамастан бастапқы бағадан төмен көрсетуге рұқсат беріледі.

211. Конкурсқа қатысушылардың өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныстарын қабылдау уақыты конкурс басталғанға дейін отыз минут, сондай-ақ өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы соңғы ұсыныс келіп түскеннен кейін он минут құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің одан төмен бағасы туралы бір де бір ұсыныс түспесе, конкурс аяқталады.

212. Өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің ең төменгі бағасын ұсынған конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады.

213. Егер конкурсқа қатысушы басқа конкурсқа қатысушы ұсынған бағаға тең бағаны ұсынса, жеңімпаз болып басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс танылады.

214. Егер сауда-саттықты жүргізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде бір де бір конкурсқа қатысушы көрсетілген конкурсқа (лотқа) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермесе, онда лот сауда-саттықтан алынады және осы конкурсқа (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеген болып танылады. Бұл жағдайда сатып алуды ұйымдастырушы конкурстың барлық қатысушыларына бағаны төмендетумен

жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің өтпеді деп танылған лоттың сомасының 1 (бір) не 100 (бір жүз) пайызына тең сомасын қайтармайды.

215. Конкурстық комиссия Қағидалардың 159-тармағында көзделген жағдайда бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурсты өтпеді деп таниды.

Бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидалардың 160-тармағына сәйкес шешім қабылдайды.

216. Сауда-саттықтың қорытындысы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алу порталында автоматты түрде қалыптастырылатын бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-саттық қолданылатын конкурстың өткізілген сауда-саттығының қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі, конкурстық комиссияның төрағасы, мүшелері және конкурстық комиссияның хатшысы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы оған қол қояды.

217. Конкурстық комиссияның конкурсқа қатысушылармен сауда-саттықты өткізуге байланысты келіссөздер бойынша сұрату жіберуіне және өзге де іс-қимылдарына жол берілмейді

6. Сатып алуды шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

218. Шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алу:

1) тез арада қалпына келтіруді талап ететін тетіктердің, агрегаттардың, қосалқы бөлшектердің және материалдардың сынуы, істен шығуы туындағанда растау құжаттары болған кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе басқа елдердің заңнамасында белгіленген бағалар мен тарифтер бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

4) мемлекеттік монополия субъектісінен, табиғи монополиялар субъектісінен, сондай-ақ үлесі осындай нарықта 35 (отыз бес) пайыздан асатын, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір нарығында басым (монополиялық) орын алатын тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) сумен жабдықтау, кәріз, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау қызметтерін сатып алу;

6) мына:

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сот орындаушылары;

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңына сәйкес өткізілетін;

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне сәйкес өткізілетін;

«Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезіндегі сауда-саттықта (аукциондарда), конкурстарда өткізілетін мүлікті (активтерді) сатып алу;

7) тапсырыс берушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ішкі кооперация бойынша сатып алуы;

8) тапсырыс беруші жасаған шарттар шеңберінде белгіленген міндеттемелерді орындау үшін қажетті лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді және оны техникалық қолдау (жаңғырту, ілеспе қызмет көрсету) бойынша қызметтерді сатып алу;

9) тапсырыс беруші жасаған шарттар шеңберінде белгіленген міндеттемелерді орындау үшін қажетті тапсырыс берушінің жарғылық қызметінің мәні болып табылатын өнімді дайындау және жеткізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

10) Ұлттық Банктің қызметін жүзеге асырумен және (немесе) телекоммуникация желілерінің жұмыс істеуімен және ақпараттық жүйелерді пайдаланумен байланысты үй-жайларды, үйлерді, ғимараттарды, жалдау қызметтерін және оларды пайдалануға, жер учаскелерін ұзақмерзімді жалдауға байланысты қызметтерді сатып алу;

11) күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамаларын әзірлеуге авторлық қадағалау, тиісті авторлардың күрделі құрылыс объектілерінің құрылысына, қайта салуға және күрделі жөндеуге қатысты авторлық қадағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

12) сапа менеджменті жүйесі саласында сертификаттаудан өту қызметтерін сатып алу;

13) тапсырыс берушінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін кірме жолдарды пайдалану қызметтерін, жүкті және өнімді жөнелтілген орнына дейін жеткізу қызметтерін сатып алу;

14) мемлекеттік кәсіпорындардан, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

15) қандай да бір жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған тапсырыс берушіде бірегейлендіру, қайта жинақтау, стандарттау немесе қолда бар тауарлармен, жабдықтармен, технологиялармен, жұмыстармен немесе қызметтермен сәйкестендіруді қамтамасыз ету мақсатында осы жеткізушіден басқа сатып алуды жүргізу қажеттігі туындаса, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

16) егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

17) егер конкурс тәсілімен сатып алу өтпеген деп танылса тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

18) Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттілік тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерді тапсырыс берушінің конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындысын жасағанға дейінгі және шарт күшіне енгенге дейінгі, бірақ екі айдан аспайтын кезең ішінде қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті көлемде сатып алу;

19) шетелдік құқықты қолдануға байланысты мәселелер мен (немесе) құжаттар бойынша, тапсырыс берушінің мүдделерін халықаралық төрелікте немесе халықаралық коммерциялық төрелікте және шетелдік сот органдарында қорғау бойынша консультациялық және заң қызметтерін сатып алу;

20) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын (жарлықтарын) орындау шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

21) ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын дайындау, сатып алу, сату, өтеп алу, сақтау, жеткізу, әкету, ауыстыру, айырбастау, айналыстан алу және жою, олардың дизайнын айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу, ұлттық валютаның банкноттары мен монеталары туралы ақпараттық материалдарды олар айналысқа шыққанға дейін дайындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу,

сондай-ақ аталған операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

22) білім беру қызметін өз бетімен әзірлеген білім беру бағдарламаларының және (немесе) шетелдік әріптестердің білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдардан қызметкерлерді дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

23) Қазақстан Республикасының және (немесе) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының аумағында жалғыз жеткізуші болып табылатын, сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) қатысты өндірушіден (құқық иеленушінің) тиісті растауы бар тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

24) банкноттарды, ұлттық валюта монеталарын және бағалы металдарды сақтау орнының жұмыс істеу (күзет, дабыл, және өрт сигнализациясы, өрт сөндіру, байланыс, кіруді бақылау, бейнебақылау, желдету, кондиционирлеу, электрмен қамтамасыз ету, сумен және жылумен қамтамасыз ету) жүйелерін қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу.

219. Шартты жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) әлеуетті жеткізушіге мынадай мәліметтері бар жазбаша шақыру жібереді:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы және орналасқан жері;

2) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары, ұлттық стандарт, мемлекетаралық немесе халықаралық стандарт (ол болған кезде) көрсетілген техникалық ерекше нұсқамалары.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде, сатып алынатын жұмыстардың сипаттамасының және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының орнына шақыруда белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама болады.

Қағидалардың 222-тармағына сәйкес белгіленген әлеуетті жеткізушіге жіберілетін ақпарат конкурстық құжаттамада көзделген немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың талаптарына сәйкес келеді;

3) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі;

4) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету орны мен мерзімдері;

5) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепілдік беру туралы талапты көрсетуге жол беріледі;

6) төлем талаптары мен маңызды талаптары көрсетілген шарттың жобасы;

7) Қағидаларда көзделген жағдайларда шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің талаптары, нысаны, көлемі және тәсілі;

8) өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді сатып алуға бөлінген сомалар туралы мәліметтер;

9) Қағидалардың 218-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 13), 14), 16), 20), 21), 24) тармақшаларында және 222-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігерлердің, (қоса орындаушылардың) олар тартылған жағдайда) біліктілік талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттардың тізбесі.

Осы қаулы мынадай:

1) Қағидалардың 218-тармағының 1), 2), 4), 11) тармақшаларына сәйкес;

2) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға жүзеге асырылған, сондай-ақ оларды жасаған кезде орындалатын сатып алуға қолданылмайды.

220. Шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ниет білдірген әлеуетті жеткізуші шақыруды алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) өзінің жазбаша келісімін жібереді, оған қоса:

1) әлеуетті жеткізуші жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігері (қоса орындаушы) ретінде тартуды көздеп отырған тұлғаларды көрсете отырып, әлеуетті жеткізуші ұсынатын туарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамасын;

2) ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағаларын береді.

Баға әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, қосымша құн салығын және басқа да салықтарды, төлемдер мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектер құнын, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзім ішінде қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарын, басқа да шығыстарды қоса алғанда, ұсынылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының есебін қамтиды;

3) ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқаманың (ол болған кезде) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды;

4) Қағидалардың 218-тармағының 3), 5), 6), 7), 9), 13), 14), 16), 20), 21), 24) тармақшаларында және 222-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің (қосалқы мердігерлердің (қоса орындаушылардың) олар тартылған жағдайда) біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында құжаттардың тізбесін береді.

Әлеуетті жеткізуші жазбаша келісімінде өзінің Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде жоқ екенін растайды.

221. Сатып алуды шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырған кезде сатып алуды ұйымдастырушы сатып алудың қорытындысын ресімдейді, оны:

Ұлттық Банкте – Ұлттық Банк Төрағасының жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін орынбасары немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам;

Ұлттық Банктің филиалында – филиалдың директоры немесе оның міндетін атқаратын адам, немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам, немесе филиал директорының бұйрығымен осыған өкілеттік берілген адам;

Ұлттық Банктің ұйымында – бірінші басшы немесе оның міндетін атқаратын адам, немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам бекітеді.

Сатып алудың қорытындысында мынадай ақпарат қамтылады:

1) сатып алудың шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілін қолданудың негіздемесі;

2) шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы;

3) сатып алу туралы шарт жасалатын жеткізушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы.

222. Конкурс тәсілімен, хабарландыруды жариялау арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген сатып алу өтпеді деп танылған жағдайда, шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мынадай іс-шаралардың біреуін жүзеге асырады:

1) Қағидалардың 159-тармағының 1), 8) тармақшаларында, 166-тармағының 1), 8) тармақшаларында, 237-тармағының 1) тармақшасында, 247-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларда шақыру жіберілетін әлеуетті жеткізушіні тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) айқындайды;

2) Қағидалардың 159-тармағының 2) тармақшасында, 166-тармағының 2) тармақшасында, 237-тармағының 2) тармақшасында, 247-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) шақыруды конкурсқа қатысуға өтінімді, баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіге жібереді;

3) Қағидалардың 159-тармағының 3) тармақшасында, 166-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы шақыруды техникалық ерекше нұсқамасы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін не одан жақсы конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған әлеуетті жеткізушіге жібереді;

4) Қағидалардың 159-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында, 166-тармағының 4), 5), 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда, сатып алуды ұйымдастырушы шақыруды конкурстық баға ұсынысы жалғыз немесе жалғыз қабылданған болып табылатын, конкурсқа қатысуға рұқсат берілген әлеуетті жеткізушіге (конкурсқа қатысушыға) жібереді.

Бұл ретте шарт жасау арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысуға шақырылған әлеуетті жеткізуші оның біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды қайталап ұсынбайды;

5) Қағидалардың 237-тармағының 3) тармақшасында, 247-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, сатып алуды ұйымдастырушы шақыруды баға ұсынысы жалғыз қабылданған болып табылатын әлеуетті жеткізушіге жібереді.

223. Егер анағұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және (немесе) жақсы материалдардан жұмыстарды орындау ұсынылса, әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекше нұсқамасының тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) ұсынған техникалық нұсқамаға сәйкес келмеуіне жол беріледі.

224. Шартты жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу мына жағдайларда:

1) егер әлеуетті жеткізуші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып түскен;

2) егер әлеуетті жеткізуші неғұрлым жақсы техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары бар техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну жағдайларын қоспағанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық нұсқаманы ұсынған жағдайларда өтпеген деп танылады.

225. Егер сатып алу өтпеген деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы):

1) көрсетілген тәсілмен қайта сатып алуды жүргізу туралы;

2) Қағидаларда көзделген өзге де тәсілдермен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды.

7. Сатып алуды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүзеге асыру тәртібі

1-параграф. Сатып алуды хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ұйымдастыру және өткізу тәртібі

226. Егер осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық көрсеткіш бойынша жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі, бұл ретте баға шешуші талап болып табылады.

227. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірнеше түрлерін сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді олардың біртекті түрлері бойынша және (немесе) оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөледі;

2) біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді оларды жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөледі.

Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудың жеңімпазын айқындау әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

228. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілін қолдану мақсатында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін қаржылық жыл ішінде бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.

229. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тілде және орыс тілінде хабарландыруды орналастырады. Хабарландыруда мына:

1) сатып алу үшін бөлінген сомаларды көрсете отырып, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарлардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы ақпарат;

2) ұлттық стандарт, мемлекетаралық немесе халықаралық стандартты (болған кезде) көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаты;

3) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы (болған кезде);

4) тауар үлгілерін тестіден өткізу бағдарламасы (болған кезде);

5) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, көрсетілетін қызметтерді көрсету орны;

6) әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын, тестіден өткізуге тауарлардың үлгілерін (болған кезде) табыс етуді бастау және аяқтау мерзімі туралы ақпарат;

7) әлеуетті жеткізушілер табыс еткен баға ұсыныстарын ашу күні мен уақыты;

8) төлем жасау талаптары;

9) маңызды талаптарын, оның ішінде техникалық талаптарын көрсете отырып шарттың жобасы (мәмілені Қағидалардың 264-тармағына сәйкес ауызша нысанмен жасаған жағдайда көрсетілмейді) қамтылады.

230. Орналастырылатын хабарландыруда тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті жеткізушіге тиістілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға сілтемелердің болуына рұқсат етіледі.

Техникалық регламенттерге, стандарттарға және халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген өзге де талаптарға сәйкес айқындалған сатып алу объектісінің техникалық және сапалық сипаттамаларына қатысты стандарттық көрсеткіштерді, талаптарды, шартты белгілерді және терминологияны көрсетуге рұқсат етіледі.

231. Әлеуетті жеткізуші Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес әлеуетті жеткізушінің қолымен және мөрімен (ол боған кезде) бекітілген бір ғана баға ұсынысын табыс етеді, онда мына мәліметтер мен құжаттар:

1) әлеуетті жеткізушінің атауы, нақты мекенжайы;

2) жеткізілетін тауарлардың атауы, сипаты және саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы және көлемі;

3) тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орын және мерзімі;

4) тауарларды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігінің бағасы мен жалпы бағасы;

5) әлеуетті жеткізуші қол қойған техникалық ерекше нұсқама (егер хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу туралы хабарландыруда техникалық ерекше нұсқама және әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекше нұсқаманы беруі туралы талап болса);

6) тестілеуді жүргізу кезіндегі тауардың үлгісі (егер хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыруда тауарлардың үлгілерін тестілеу бағдарламасы болса) қамтылады.

Әлеуетті жеткізуші табыс еткен баға ұсынысына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге рұқсат етілмейді.

Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын табыс етуі оның шарт жобасында (ол болған кезде), сондай-ақ техникалық ерекше нұсқамада көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

232. Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысын хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген конверттерді ашу рәсімдерінің басталу уақытына дейін жабылған күйінде ұсынады.

Әлеуетті жеткізуші баға ұсынысы бар жабық конверттің сырт жағында мыналарды:

1) әлеуетті жеткізушінің толық атауын және пошта мекенжайын;

2) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) сатып алу туралы хабарландыруда көрсетілген тиісті мәліметтерге сәйкес келетін толық атауын және пошта мекенжайын;

3) қатысу үшін әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы берілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің, лоттың атауын көрсетеді.

Әлеуетті жеткізуші туралы мәліметтер Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баға ұсыныстарын тіркеу журналына әлеуетті жеткізушілердің баға ұсынысы бар конверттерді беруіне қарай хронологиялық тәртіпте енгізіледі.

Әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстары бар конверттер пошта арқылы келіп түскен жағдайда, баға ұсыныстарын тіркеу журналында тиісті белгі қойылады.

233. Белгіленген мерзім аяқталуы бойынша ұсынылған (алынған) баға ұсыныстары бар конверт ашылмай, қайтарылады және баға ұсыныстарын тіркеу журналында тіркелінбейді.

234. Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталуы бойынша баға ұсыныстары бар конверттерді ашу жүргізіледі.

Сатып алуды ұйымдастырушы ұсынылған баға ұсыныстарын қарайды және әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын беру мерзімі аяқталған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде сатып алудың қорытындысын шығарады.

235. Барлық мүдделі тұлғалар конверттерді ашу рәсіміне кедергісіз кіре алады.

Сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушілер баға ұсыныстарында мәлімдеген бағаларды жариялайды, әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерін ұсынылған баға ұсыныстарымен және баға ұсынысына қоса берілген құжаттармен таныстырады.

Сатып алуды ұйымдастырушы мен әлеуетті жеткізушінің арасында оның баға ұсынысына қатысты келіссөздер жүргізуге жол берілмейді.

236. Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы:

1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомасынан асқан;

2) егер әлеуетті жеткізуші осы лотқа баға ұсынысын қайтадан ұсынған;

3) тапсырыс беруші мәлімдеген техникалық және сапалық сипаттан асатын техникалық ерекше нұсқаманы қоспағанда, егер әлеуетті жеткізушінің ұсынысы техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келмеген;

4) егер әлеуетті жеткізуші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде тұрса;

5) егер хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүргізу туралы хабарландыруда ерекше нұсқаманы ұсыну жөніндегі талап болғанда, әлеуетті жеткізуші оны ұсынбаған жағдайларда қабылданбайды.

Өзге де негіздемелер бойынша баға ұсыныстарын қабылдамауға жол берілмейді.

237. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу:

1) баға ұсыныстары болмаған;

2) екіден кем баға ұсыныстары берілген;

3) бас тартылмаған бір баға ұсынысы қалған жағдайда өтпеген деп танылады.

238. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылған кезде тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мына:

1) хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан сатып алу;

2) шартты жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу шешімдерінің бірін қабылдайды.

239. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары хаттамамен ресімделеді және оларды:

Ұлттық Банкте – жауапты бөлімшеге жетекшілік ететін Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары немесе өзге уәкілетті лауазымды адам;

Ұлттық Банк филиалында – филиалдың директоры немесе оның міндетін атқарушы тұлға;

Ұлттық Банктің ұйымында – бірінші басшы не оның міндетін атқарушы адам не атқарушы орган немесе өзге уәкілетті лауазымды адам бекітеді.

240. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын бекіткен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында қорытындылар туралы ақпаратты жариялайды.

Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші берген жағдайда, өзінің баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

241. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті жеткізуші қол қойылған шартты тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде бермесе не ауызша нысанда жасалған мәмілені жасасудан бас тартса, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осындай баға ұсынысын ұсынған әлеуетті жеткізушімен, ал мұндай әлеуетті жеткізуші болмаған кезде баға ұсынысы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізуші ұсынған бағадан кейін ең төмен болып табылатын әлеуетті жеткізушімен шартты жасасады;

2) хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан сатып алуды жүзеге асырады;

3) шартты жасау жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

2-параграф. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібі

242. Егер тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемдері құндық көрсеткіш бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген төрт мың еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспаса, бұл ретте бағасы шешу талап болып табылады, хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алу тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жүргізіледі.

Қағидалардың 227, 228, 230-тармақтарында көзделген талаптар хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

243. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталғанға дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу порталында мемлекеттік тілде және орыс тілінде Қағидалардың 229-тармағының екінші бөлігінде көзделген ақпараты бар хабарландыруды орналастырады.

244. Әлеуетті жеткізуші электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған бір ғана баға ұсынысын береді, ол Қағидалардың 231-тармағында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге келісімін беру нысаны болып табылады.

Хабарландыруда көрсетілген баға ұсыныстарын қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін табыс етілген баға ұсынысы сатып алу порталында автоматты түрде тіркеледі.

Сатып алу порталы баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушіге хабарламаны автоматты түрде жібергеннен кейін баға ұсынысы қабылданған болып есептеледі.

245. Сатып алу порталы баға ұсыныстарын табыс ету мерзімі аяқталуы бойынша автоматты түрде:

1) тіркелген баға ұсыныстарын ашу;

2) баға ұсыныстарын салыстыру;

3) Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алу қорытындылары туралы хаттамамен ресімделетін қорытындыларды жасау жүргізіледі.

246. Сатып алу порталы әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын:

1) егер ол осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген сомадан асып түскен;

2) егер әлеуетті жеткізуші бұдан бұрын осы лотқа баға ұсынысын берген жағдайларда, автоматты түрде қабылдамайды.

Өзге негіздер бойынша баға ұсыныстарынан бас тартуға жол берілмейді.

247. Сатып алу порталы сатып алуды мына:

1) баға ұсыныстары болмаған;

2) екіден кем баға ұсынысы берілген, оның ішінде егер сатып алу порталы Қағидалардың 246-тармағында көзделген негіздер бойынша баға ұсыныстарын автоматты түрде қабылдамағаннан кейін екіден кем баға ұсынысы қалған;

3) қабылданған бір ғана баға ұсынысы қалған жағдайда, автоматты түрде өтпеді деп таниды.

248. Ең төмен баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізуші хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алудың жеңімпазы деп танылады.

Егер ең төмен баға ұсынысын бірнеше әлеуетті жеткізуші берген жағдайда, баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарынан бұрын түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

249. Хабарландыру орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алу өтпеді деп танылған кезде, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мына:

1) хабарландыру орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық сатып алуды қайтадан өткізу;

2) шартты жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу шешімдерінің бірін қабылдайды.

250. Егер жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті жеткізуші қол қойылған шартты тапсырыс берушіге белгіленген мерзімде бермесе, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) осындай баға ұсынысын берген әлеуетті жеткізушімен шарт жасасады, ал мұндай әлеуетті жеткізуші болмаған кезде – баға ұсынысы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті жеткізуші ұсынған бағадан кейін ең төмен болып табылатын әлеуетті жеткізушімен шарт жасасады;

2) хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан электрондық сатып алуды жүзеге асырады;

3) шартты жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асырады.

3-параграф. Сатып алуды хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен ұйымдастыру және өткізу тәртібі

251. Хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ұсыну мүмкіндігі бар әлеуетті жеткізушіні (жеткізушілерді) анықтау мақсатында нарыққа талдау жүргізу арқылы:

1) жылдық көлемдері құндық көрсеткіш бойынша республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

2) ерекше маңызды мемлекеттік объектілерде лифттерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметті сатып алу;

3) жұртшылықпен байланыс саласында консалтинг қызметін, әлеуметтік зерттеулер жүргізу бойынша қызметті, сондай-ақ графикалық дизайн қызметін сатып алу;

4) бағалы металдарды, бағалы тастарды және олардан жасалған бұйымдарды қабылдау, сақтау, сынақтар мен сараптама жүргізу үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ аталған операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) қызметкерлердің біліктілігін курстарда, семинарларда, тренингтерде, тағлымдамаларда және Қазақстан Республикасының аумағында жоғары оқу орнынан кейінгі салада арттыру бойынша қызметті сатып алу;

6) қағаз тасымалдағышта мерзімді баспа басылымдарын сатып алу;

7) аудармашылардың техникалық құжаттаманы, шарттарды және конфиденциалды ақпараты бар өзге де құжаттарды аудару бойынша қызметтерін сатып алу;

8) ерекше маңызы бар мемлекеттік объектілердің персоналына қызмет көрсететін асхана үшін, сондай-ақ Ұлттық Банктің мектепке дейін білім беру ұйымында тәрбиеленетін балалар үшін азық-түлік өнімдерін сатып алу;

9) Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес мүгедектердің арнайы ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

10) кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жеке меншік құқығымен тиесілі үй-жайды сатып алу;

11) отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді, интернет-ресурстарда орналастырылған ақпаратты ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ тапсырыс берушінің негізгі қызметі бойынша бейнематериалдарды жасау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

12) телефон, ұялы (жолсерік) байланыстың, интернеттің қызметін, тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша қызметтерді, оның ішінде курьерлік поштаны сатып алу;

13) касса техникасын жөндеу, сервистік қамтамасыз ету және ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын орау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жағдайларында жүзеге асыралады.

252. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыратын әлеуетті жеткізушілерді анықтау мақсатында байланыс құралдары (интернет, интернет-ресурс, телефон байланысы, факс және басқалары) арқылы нарыққа талдау жүргізеді.

Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Қағидалардың 51-тармағының 9) тармақшасында көзделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде нарыққа талдауды мүгедектердің арнайы ұйымдары арасында ғана жүзеге асырады.

253. Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) жүргізген нарыққа талдаудың негізінде әлеуетті жеткізушіге (жеткізушілерге) жазбаша шақыру жіберіледі, онда мына мәліметтер:

1) тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы мен орналасқан орны;

2) ұлттық стандартты, мемлекетаралық немесе халықаралық стандартты (ол болған кезде) көрсете отырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттары қамтылады.

Жобалық-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алу кезінде сатып алынатын жұмыстар сипатының және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттарының орнына шақыруда белгіленген тәртіпте бекітілген жобалық-сметалық құжаттама болады;

3) өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауар саны, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет көлемі;

4) тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету орны;

5) талап етілетін тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету мерзімдері, ұсынылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сапасына кепіл беру;

6) төлем жасау талаптары және маңызды талаптарды көрсете отырып, шарттың жобасы (мәмілені Қағидалардың 264-тармағына сәйкес ауызша нысанда жасаған жағдайда міндетті емес);

7) сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сома;

8) Қағидаларда көзделген жағдайларда шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу талаптары, нысаны, көлемі мен тәсілі қамтылады.

Әлеуетті жеткізушіге электрондық пошта арқылы электрондық түрде шақыруды жіберуге рұқсат беріледі.

254. Егер жеткізуші тапсырыс берушімен бұдан бұрын жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындаған болса және (немесе) сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, орындалатын жұмыстардың нарығында ұсынымдармен, пікірлермен және басқа ақпаратпен расталатын оң беделі болса, тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) осындай әлеуетті жеткізушіге Қағидалардың

252-тармағында көзделген талаптарды қолданусыз жазбаша шақыруды жіберуіне рұқсат беріледі.

255. Хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын тауарды жеткізуге, жұмысты орындауға, қызметті көрсетуге ниет білдірген әлеуетті жеткізуші (жеткізушілер) шақыруды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) мыналарды:

1) әлеуетті жеткізуші жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігері ретінде тартуды көздеп отырған тұлғаларды көрсете отырып, әлеуетті жеткізуші ұсынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипатын;

2) ұсынылып отырған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасын қоса бере отырып, өзінің жазбаша келісімін жібереді.

Бағада әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кеден бажын, қосымша құнға салынған салықты және басқа салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге кеткен барлық шығыстары, жинақталатын тетіктердің және міндетті қосалқы бөлшектердің, бір өлшем бірлігіне пайдалану мерзімінің бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетудің құнын, басқа шығыстарды қоса алғанда, жеткізуге ұсынылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер құнының есебі қамтылады;

3) ұсынылып отырған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына (ол бар болған кезде) сәйкес келуін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өзінің жазбаша келісімін жібереді.

Әлеуетті жеткізуші жазбаша келісімінде өзінің Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде жоқ екенін растайды.

Әлеуетті жеткізуші жазбаша келісімін электрондық пошта арқылы электрондық түрде жіберуіне рұқсат етіледі.

256. Әлеуетті жеткізушілердің (жеткізушінің) жазбаша келісімін алу бойынша тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) жазбаша түрде бес жұмыс күні ішінде хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын ресімдейді және онда мына ақпарат:

1) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаты;

2) растау құжаттарының көшірмелерімен қоса (прайс-парақ, төлем жасауға шот, шот-фактура, инвойстар және басқалары) әлеуетті жеткізушіні тандаудың негіздемелері;

3) сатып алу туралы шарт жасалатын, жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізушінің атауы мен орналасқан орны және осындай шарттың бағасы, сондай-ақ жеңімпаздан кейін ұсынысы барынша қолайлы әлеуетті жеткізушінің атауы мен орналасқан орны қамтылады.

Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде шартқа қол қоймаса не шартты жасасудан немесе жеткізуден бас тартса, ондай жағдайда жеңімпаздың ұсынысынан кейін техникалық ерекше нұсқамасы бойынша және бағасы бойынша қолайлы болатын әлеуетті жеткізушімен шарт жасасуға рұқсат беріледі.

257. Хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындыларын:

Ұлттық Банкте – жауапты бөлімшенің басшысы не өзге де уәкілетті лауазымды адам;

Ұлттық Банктің филиалында – филиалдың директоры немесе оның міндетін атқарушы адам, немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам;

Ұлттық Банктің ұйымында – бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам, немесе өзге де уәкілетті лауазымды адам бекітеді.

258. Егер анағұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ неғұрлым үздік технологиялық шешімдер және (немесе) жақсы материалдардан жұмыстарды орындау ұсынылса, әлеуетті

жеткізушінің техникалық нұсқамасының тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) ұсынған техникалық нұсқамаға сәйкес келмеуіне рұқсат етіледі.

259. Қағидалардың 251-тармағының 9) тармақшасында көзделген сатып алу өтпеді деп танылған кезде тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) өзге де әлеуетті жеткізушілер арасында хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайтадан сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдайды.

260. Хабарландыруды орналастырусыз баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу мына:

1) егер әлеуетті жеткізуші ұсынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асып кеткен;

2) егер әлеуетті жеткізуші неғұрлым жақсы техникалық, сапалық және функционалдық сипаттамалары бар техникалық ерекше нұсқаманы ұсыну жағдайларын қоспағанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынған жағдайларда өтпеген деп танылады.

261. Егер сатып алу өтпеген деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) мына:

1) көрсетілген тәсілмен қайта сатып алуды жүргізу туралы;

2) жеңімпаздың ұсынысынан кейін техникалық ерекше нұсқамасы бойынша және бағасы бойынша қолайлы болатын әлеуетті жеткізушімен шартты жасасу туралы;

3) шартты жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

8. Шарт жасасу тәртібі

262. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған барлық мәмілелер жазбаша не ауызша нысанда жасалады.

263. Мәміленің жазбаша нысанын келсі түрде жасауға рұқсат етіледі:

1) қағаз тасымалдағышта;

2) электрондық нысанда.

Жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер шарт түрінде ресімделеді. Сондай-ақ жазбаша нысандағы мәмілелерге хатпен, факспен, электрондық құжаттармен алмасу теңеседі, онда мыналар:

1) тараптардың мәмілелер жасасуға еркі;

2) мәмілелердің қажетті талаптары (мерзімі, құны, кепілдіктер, жауапкершілік);

3) жеткізушінің тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) ұсынған ұсыныстарымен келісуі болуы тиіс.

264. Ауызша нысанда тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір жүз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомаға, сондай-ақ жасау кезінде орындалатын, бірақ мәмілелерді жасау фактісін (чек, инвойс, қабылдау-өткізу актісі, төлем жасауға шот, жүк құжаттамасы, билет немесе әдетте қабылданған растайтын белгі) растайтын құжаттар болған кездегі мәмілелер жасалуы мүмкін.

265. Тапсырыс беруші шартты жасасқан жағдайда сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойған не тиісті шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші қол қояды және таңдалған әлеуетті жеткізушіге қол қойылған және тапсырыс берушінің жауапты бөлімшесінің орындаушылары әр бетіне қол қойған, Қағидаларға 27-қосымшада көзделген талаптарға сәйкес жасалған шарттың жобасын жібереді (ұсынады).

Конкурс тәсілімен сатып алу қорытындыларын шығарған жағдайда тапсырыс беруші конкурстың жеңімпазына қорытындылар туралы хаттаманың көшірмесін де жібереді.

Жеткізуші шарттың жобасын келіп алуына және оған қол қоюына рұқсат етіледі.

Шартты электрондық түрде жасасқан кезде шарт тапсырыс берушінің және жеткізушінің электрондық цифрлық қолтаңбалары арқылы куәландырылады.

266. Конкурс тәсілімен және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жүргізілген сатып алу қорытындылары бойынша таңдалған әлеуетті жеткізушімен оның конкурсқа қатысуға берілген өтінімінде, баға ұсынысында көзделген талаптармен шарт жасалады және онымен жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға берілген өтінімінде, баға ұсынысында көрсетілген бағасынан аспайды.

267. Шарттың жобасына жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші қол қояды және тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қол қойылған шарттың жобасын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) беріледі.

268. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен, мемлекеттік монополия субъектімен, табиғи монополия субъектімен, сондай-ақ үлесі тиісті тауар нарығында 35 (отыз бес) және одан астам пайызды құрайтын, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің тиісті нарығында басым (монопольды) орын алатын тұлғамен, міндетті сақтандыру бойынша шартты жасасқан кезде сақтандыру ұйымдарымен шарт жасалған жағдайда, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім) және Қағидаларда көзделген талаптарды ескере отырып, олар ұсынған нысанда шартты ресімдеуге рұқсат беріледі.

269. Шартты жасау мерзімі әлеуетті жеткізушіге шарт жобасын жіберген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

Шарттың және оған қосымша келісімдердің қазақ тіліндегі және басқа тілдердегі, белгіленген тәртіпте қол қойылған барлық даналары бірдей болуы тиіс.

270. Жеткізуші шарт жасасқан күнінен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Жеткізуші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Жеткізуші шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін:

- 1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнаны;
- 2) Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігін таңдайды.

Жеткізушінің шарт бойынша міндеттемелері толық орындалғанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген кепілді ақша жарнасына тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығы туындауына әкеп соғатын іс-қимыл жасауына жол берілмейді.

Тапсырыс берушіге жеткізуші енгізген кепілді ақшалай жарнаны Қағидаларда көзделмеген мақсатқа пайдалануға рұқсат етілмейді

271. Сатып алуды ұйымдастырушы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін шартта алдын ала ақыны (авансты) төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттың жалпы сомасының кемінде 3 (үш) пайызы мөлшерінде белгілейді.

Егер шартта алдын ала ақыны (авансты) төлеу көзделген жағдайда, сатып алуды ұйымдастырушы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алдын ала ақының (аванстың) сомасына тең келетін, бірақ шарттың жалпы сомасынан 3 (үш) пайыз аспайтын мөлшерде белгілейді.

Бұл ретте жеткізушіге шартта көзделген алдын ал төлемді (авансты) алудан бас тартуына рұқсат беріледі. Алдын ала төлемнен (аванстан) бас тартылған жағдайда, жеткізуші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасынан 3 (үш) пайыз мөлшерінде енгізеді.

272. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар:

1) сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспайтын конкурс тәсілімен және шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен, ерекше тәртіпті қолданумен конкурс тәсілімен, шартта алдын ала төлем (аванс) төленетіні көзделуін қоспағанда, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған жеткізушілерге;

2) тапсырыс берушінің үлестес тұлғаларымен, республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдармен, Қазақстан Республикасы бейрезидент тұлғалармен, мемлекеттік монополия субъектімен, табиғи монополия субъектімен, сондай-ақ үлесі тиісті тауар нарығында 35 (отыз бес) және одан астам пайызды құрайтын, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің тиісті нарығында басым (монопольды) орын алатын тұлғамен шарт жасалған жағдайда қолданылмайды.

273. Тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шартта көрсетілген мерзімде немесе жеткізуші шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде шарт бойынша кепілді міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жеткізушіге қайтарады.

Жеткізуші шарт бойынша қабылданған міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс берушінің тиісті бюджетінің кірісіне тұрақсыздық айыбы төленген фактісі анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтарады.

274. Егер сатып алу туралы шарт тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты бұзылса, тапсырыс беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

275. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі), 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы» (Кеден кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес қосылған құн салығы мен акциздерді төлеу тәртібі шарттың міндетті талабы болып табылады.

276. Егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде Қағидалардың 169-тармағында көзделген құжаттарды, қол қойылған шартты тапсырыс берушіге бермесе немесе шартты жасасып, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбесе, онда мұндай әлеуетті жеткізуші шартты жасасудан жалтарды деп танылады.

Сатып алудың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші шарт жасасудан жалтарды деп танылған жағдайда, тапсырыс беруші:

1) ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуін ұстап қалады;

2) шарт жасасудан жалтарудан шығындар келтірілген жағдайда, оларды өтеу туралы қуыныммен сотқа жүгінеді.

277. Жеткізу (орындау, көрсету) мерзімі он екі айдан асатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес тапсырыс берушімен ұзақмерзімді шарт жасалады.

278. Үздіксіз қызметті қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушінің шешімі бойынша, соңғысы әр күндік немесе әр апталық қажеттілік үшін сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың қолданысын осындай тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында немесе ағымдағы жылғы шарт қолданысының алғышқы үш айында (егер шарт ағымдағы жылғы 1 қаңтардан бастап жасалмаса) пайдаланылған көлемінен аспайтын көлемде, Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша келесі жылдың бірінші тоқсанына ұзартады.

279. Шартты өзгертуге және бұзуға тапсырыс берушінің және жеткізушінің келісімі бойынша жол беріледі. Тараптардың орналасу орындары және (немесе) деректемелері өзгерген жағдайларды қоспағанда, шартқа өзгерістер қосымша келісіммен ресімделеді.

280. Жеткізушіні таңдауға негіз болған сапа мен басқа да жағдайлар өзгермеуі талабымен шарттың жобасына өзгерістерді енгізуге мынадай талаптар сақталған жағдайда:

1) тараптардың бірі конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей шарттың жобасына өзгерістер енгізуге бастамашы болса;

2) шарт жобасының сомасын азайту бөлігінде өзгерістер енгізуге жол берілсе;

3) шарт сомасын азайту бөлігінде өзгерістер енгізу туралы шешім тараптардың өзара келісімі бойынша қабылданса;

4) жеткізушінің тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау бойынша міндеттемелерінің орындау мерзімдерін ұзарту, оның ішінде бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті жеткізушімен шарт жасалған жағдайларда ұзарту бөлігінде жол беріледі, бұл ретте шарт ол ұсынған бағадан аспайтын баға бойынша жасалады.

Мерзім сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап жеңімпаз шартқа қол қою үшін белгіленген мерзім аяқталған күнге дейін немесе жеңімпаздың шартқа қол қоюдан жазбаша бас тартқан күнінен бастап (жеңімпаз шартқа қол қою үшін белгіленген мерзім шегінде шартқа қол қоюдан бас тартқан жағдайды қоспағанда) есептелетін күндер санына ұзартылады.

281. Жеткізуші жасалған шартты орындау процесінде тауар, көрсетілетін қызметтің, жұмыстың бірлігінің бағасы өзгермейді деген талаппен жасалған шарттың нысанасы болып табылатын тауардың, қызметті көрсету талабының, жұмысты орындаудың барынша үздік сапалық және (немесе) техникалық сипаттамалары ұсынылған жағдайларды қоспағанда, шарттың жобасына не жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және (немесе) жеткізушіні конкурс тәсілімен немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен таңдау үшін негіз болатын ұсыныстарды өзгертетін өзгерістерді енгізуге жол берілмейді.

282. Сатып алу туралы шартта мынадай:

1) тапсырыс беруші Қағидалардың 15-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан жағдайда;

2) жеткізуші ұсынған мәліметтерде дәйексіз ақпарат анықталған жағдайда;

3) тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының әлеуетті жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген көмек көрсету фактілерінің бірі анықталған жағдайда, оны кез келген кезеңде бұзу туралы талап қамтылады.

283. Шарт тапсырыс беруші мен жеткізуші қол қойғаннан кейін не егер шарттың талаптарында жеткізушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу қажеттілігі көзделсе, соңғысының шартты қамтамасыз етуді толық енгізгеннен кейін күшіне енгізіледі.

Міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын шарттар, тіркелген кезден бастап жасалған деп есептеледі.

Тапсырыс беруші шарттарды есепке алуды Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шарттарды тіркеу және есепке алу журналында және (немесе) «Шарттарды орындау мониторингі» автоматтандырылған ақпараттық жүйеде (ол болған кезде) жүзеге асырады.

284. Шартты орындау 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) және Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

285. Тапсырыс беруші және жеткізуші қабылданған міндеттемелерді, оның ішінде көрсетілген шарт бойынша кепілді міндеттемелерді толық орындаған жағдайда, Шарт орындалды деп саналады.

9. Қорытынды ережелер

286. Тапсырыс берушінің ішкі аудит бөлімшесі жоспарлы және жоспардан тыс тексерулерді жүргізу арқылы Қағидалардың талаптарын сақтауды бақылайды.

287. Егер тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының әрекеті (әрекетсіздігі), шешімі әлеуетті жеткізушінің (жеткізушінің) құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, әлеуетті жеткізуші (жеткізуші) олардың әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне қатысты тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) жоғары тұрған лауазымды тұлғасына (болған кезде) немесе сотқа шағым жасайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу жоспары

Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы	Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы	Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы	Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы	Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы	Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Сатып алу тәсілі	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Бір бірлігі үшін баға (теңге) ҚҚС-н есепке алусыз	Сатып алу үшін бекітілген жалпы сома (теңге) ҚҚС-н есепке алусыз	ҚҚС-н есепке алусыз үш жылғы кезеңнің бірінші жылына бекітілген сома (теңге)
7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы

ҚҚС-н есепке алусыз үш жылдық кезеңнің екінші жылына арналған болжамды сома (теңге)	ҚҚС-н есепке алусыз үш жылдық кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды сома (теңге)	Сатып алуды жүзеге асырудың жоспарланған мерзімі (ай)	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны (ӘАОС сәйкес елді мекеннің коды)	Аванстық төлемнің мөлшері, %
13	14	15	16	17

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Бекітемін:

(Тапсырыс берушінің толық атауы және осы конкурстық құжаттаманы бекіткен тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетілсін)

20 __ жылғы «__» _____ № _____

ҮЛГІ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА

сатып алу бойынша _____
(конкурс тәсілімен сатып алудың аты көрсетілсін)

Тапсырыс беруші

(тапсырыс берушінің толық атауы, орналасу орны, БСН-і, банктік деректемелері, байланыс телефондары және бар болса, электрондық поштасының адрестері көрсетілсін)

Сатып алуды ұйымдастырушы

(толық атауы, орналасу орны, БСН-і, банк деректемелері, байланыс телефондары және бар болса, электрондық поштасының адрестері көрсетілсін)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс жеткізушіні таңдау мақсатында өткізіледі _____.

(тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атын көрсету қажет)

2. Тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома _____ теңгені құрайды.
(сомасы цифрмен және жазумен)

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) лоттарға бөлген жағдайда, әрбір лот үшін сома жеке көрсетіледі.

3. Осы конкурс (лот) үшін:

1) ең аз шартты конкурстық баға ұсынысын және оны қолдану тәсілдерін анықтау мақсатында конкурс қатысушыларының конкурстық баға ұсыныстарына ықпал ететін критерийлер көрсетіледі.

Бағасы төмендеуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс өткізген кезде критерийлер белгіленбейді;

2) төлем талаптары;

3) төлемнің талаптары мен айтарлықтай маңызды талаптар көрсетіле отырып шарттың жобасы қоса беріледі.

2. Сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті жеткізушілерге оның ережелерін түсіндіруі

4. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші 20__жылғы «__»_____ сағ. __ мин. кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұрау салумен жүгінеді. Әлеуетті жеткізушілердің сұрау салуларын сатып алуды ұйымдастырушының мынадай деректемелері бойынша жіберу қажет:

(сатып алуды ұйымдастырушының байланыс телефондары, электрондық поштасы, пошталық (заңды) мекенжайын көрсету қажет)

5. Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салу кімнен келіп түскенін көрсетусіз конкурстық құжаттама ережелерін түсіндірулердің мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялайды.

6. Сатып алуды ұйымдастырушы 20__жылғы «__»_____ сағ. __ мин. мерзімнен кешіктірмей жеке бастамасы бойынша немесе сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті жеткізушінің сұрау салуына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді.

Енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың міндетті күші болады және сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде мәліметтері тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында тіркелген тұлғаларға тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсы арқылы енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін орналастырады.

Бұл ретте сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға өтінімдерде осы өзгерістерді есепке алу үшін кемінде күнтізбелік бес күннен астам емес мерзімге конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімін ұзартады.

Сатып алуды ұйымдастырушы енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, нақтыланған конкурстық құжаттаманы тапсырыс берушінің (сатып алу ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялайды.

3. Конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім

7. Конкурса қатысуға өтінім осы үлгі конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды беруді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге) конкурса қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушінің келісім білдіру нысаны болып табылады.

8. Конкурса қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші сатып алуды ұйымдастырушыға беретін конкурса қатысуға өтінімінде мыналар: 1) осы үлгі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) тізбесі;

2) осы үлгі конкурстық құжаттамаға 2 және (немесе) 3-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша толтырған және қолын қойған өтінім;

3) әлеуетті жеткізуші өзінің және өзі тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

заңды тұлғалар үшін құқықтық қабілеттілігін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері:

заңды тұлға қызметті «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес Үлгі жарғы (бұдан әрі – Үлгі жарғы) негізінде жүзеге асырған жағдайды қоспағанда жарғы. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасымен сауда тізілімінен нотариат куәландырған, заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынады;

егер жарғыда құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы туралы мәліметтер болмаса, құрылтай құжаттарынан құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы туралы мәліметтерді қамтитын нотариат куәландырған көшірмесі не үзіндісі не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес берілген, белгіленген тәртіппен қол қойылған және куәландырылған акция ұстаушылардың тізілімінен, серіктестіктер қатысушыларының тізілімінен үзіндінің түпнұсқасы;

заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің немесе анықтама (нотариат анықтаманың электрондық нұсқасын куәландырмайды). Егер заңды тұлға қызметін Үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыратын болса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің нотариат куәландырған көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін азаматтық әрекет етуге қабілеттігін растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері:

жеке басты куәландыратын құжат;

заңды тұлға құрмастан (дара кәсіпкер үшін) тиісті мемлекеттік орган берген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжат;

лицензиялардың (нотариат лицензияның электрондық нұсқасын куәландырмайды) және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, әлеуетті жеткізушінің «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын басқа да құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері;

төлем жасау қабілеттілігін растайтын құжат - әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі бар әлеуетті жеткізушінің үлгі конкурстық құжаттамаға 4-қосымшаға сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан

ұсынылады). Анықтама конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан бұрын берілмеуі тиіс.

Әлеуетті жеткізушінің оның біліктілік талаптарына сәйкестігін әлеуетті жеткізушіге халықаралық рейтингтік ұйымының рейтингін беруді растайтын құжатты ұсыну арқылы растау жол беріледі не әлеуетті жеткізушіні биржаның ресми листингіне енгізу туралы қор биржасынан үзінді;

4) егер әлеуетті жеткізуші қосылқы мердігерлерді (бірлесе орындаушыларды) тарту көзделсе, онда әлеуетті жеткізуші жұмыстың (құрылыс құны), қызметтің жиынтығында үштен екіден астам көлемі қосалқы мердігерге (бірлесе орындаушыға) қосалқы мердігерлерге (бірлесе орындаушыларға) беруге тыйым салу бойынша шарт қабылдау туралы хабарлайды:

олардың осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

осы үлгі конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес конкурста сатып алудың нысанасы болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер және әлеуетті жеткізушінің жұмыстар (құрылыстың құны), қызмет көрсетулер көлемінің жиынтығында үштен екісінен астамын қосалқы мердігерлікке беруге тыйым салу талаптары;

5) заңды тұлғалар сатып алуларда уақытша біріккен жағдайда (консорциум), осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген құжаттардан басқа осы консорциум қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар өздерінің біліктілік талаптарын растау үшін мынадай құжаттар ұсынады:

заңды тұлғалар (консорциум) арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі;

бірлескен шаруашылық қызметі туралы шартта көзделген лицензиялауға жататын қызмет бөлігінде тауар ұсыну, жұмыстар орындау қызмет көрсету құқығына лицензияның нотариат куәландырған көшірмесі (лицензияның электрондық нұсқасын нотариат куәландырмайды);

6) сатып алатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің осы үлгі конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық ерекше нұсқама;

7) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың 1 (бір) пайыз мөлшерінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету, осы үлгі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банктік кепілдік түрінде не сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотында не тапсырыс берушінің шотында орналастыратын кепілді ақшалай жарнасын растайтын төлем құжаты.

Конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушінің төлем жасау қабілеті жөніндегі біліктілік талабына сәйкестігін осы үлгі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысуға өтінімімен бірге жүргізілетін сатып алу сомасының 100 (бір жүз) пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банкітерінің банктік кепілдіктері түріндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсыну арқылы растау құқығы туралы ақпарат.

Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінім берген лоттарға ғана конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Конкурстың барлық лотына бірдей өтінім ұсынбаған кезде лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомаға конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі;

8) әлеуетті жеткізушінің жарғысына сәйкес сенімхатсыз қол қою құқығы бар әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті жеткізушінің мүдделерін білдіретін адамға (адамдарға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою және конкурстық комиссияның отырыстарына қатысу құқығына берілетін сенімхат қамтылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

9. Әлеуетті жеткізуші Конкурсқа қатысуға өтінімді сатып алуды ұйымдастырушыға тігілген түрде, нөмірленген беттерімен береді және соңғы беті оның қолымен, мөрімен (жеке тұлға үшін (ондай бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімнің техникалық бөлігі тігілген түрде, нөмірленген беттерімен, соңғы беті әлеуетті жеткізушінің қолымен және мөрімен (жеке тұлға үшін ондай бар болса) куәландырылған түрде және банк кепілдемесінің түпнұсқасы немесе конкурсқа қатысуға өтінімнің қамтамасыз етуін растайтын төлем құжаты жеке беріледі. Әлеуетті жеткізуші электрондық тәсілмен төлемді жүзеге асыру кезінде сатып алу ұйымдастырушысына банкпен куәландырылған қағаз түрінде электрондық төлем құжат мазмұнының көшірме басылымын немесе өзге бейнесін ұсынады.

10. Конкурсқа қатысуға өтінім басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы тиіс.

11. Конкурсқа қатысуға өтінімде әлеуетті жеткізушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай қосылған жазба, өшірілген сөздер немесе артық жазылған сөздер болмауы тиіс.

12. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімді конвертке желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті жеткізушінің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол «кешікті» деп жарияланса, конкурсқа қатысуға өтінімді ашпаған күйінде қайтару мақсатында), сатып алуды ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, конкурс тәсілімен сатып алудың атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуі тиіс: «(конкурстың атауын көрсету қажет сатып алу жөніндегі конкурс және «.. дейін ашпаңыз» (конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу күні мен уақыты көрсетілсін)».

Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі

13. Әлеуетті жеткізушілер не олардың уәкілетті өкілдері сатып алуды ұйымдастырушыға конкурсқа қатысуға өтінімдерді қолма-қол немесе мекенжайы бойынша тапсырысты пошта байланысын пайдалана отырып: _____

(конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталатын күн мен уақыт көрсетілсін)

_____ дейінгі мерзімді

(сатып алуды ұйымдастырушының толық пошталық мекенжайы, бөлме нөмірі, конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мен тіркеуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетілсін)

қоса алғанда береді.

Әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың мерзімі біткенге дейін конкурсқа қатысуға бір өтінімді ұсынады.

14. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға ұсынатын өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімді ашу күнінен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аз болмауы тиіс.

15. Әлеуетті жеткізушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері конкурсқа қатысуға ұсынған өтінімдер конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып тіркейді.

16. Сатып алуды ұйымдастыруға алған конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылмайды, оларды ұсынған әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерде көрсетілген деректемелер бойынша не әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдеріне алғаны туралы қол ала отырып көзбе-көз қайтарады және мына жағдайларда:

- 1) егер әлеуетті жеткізуші бұрын осы конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған;
 - 2) конкурсқа қатысуға өтінім осы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың мерзімі аяқталғаннан кейін түскен;
 - 3) егер әлеуетті жеткізушінің атынан конкурсқа қатысуға өтінімі бар конверт ұсынған әлеуетті жеткізушінің өкілінің өкілеттігін құжатпен растау болмаған жағдайда тіркелмейді.
17. Осы үлгі конкурстық құжаттаманың 12-тармағында көзделген конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді ресімдеуге қойылатын талаптарды бұзып ресімделген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер қабылданбайды және тіркелмейді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу

18. Әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзі енгізген өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертеді немесе қайтарып алады. Өзгеріс енгізу конкурсқа қатысуға берілген өтінімнің өзі сияқты тәртіппен дайындалады, желімделеді және ұсынылады.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама, әлеуетті жеткізуші қол қойған және мөрмен бекітілген сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін түрде жазылған өтініш түрінде ресімделеді (жеке тұлға үшін егер осындай бар болса).

19. Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгеріс енгізу не конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін алған болса, жарамды болып табылады.

20. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей әлеуетті жеткізушілерден нақты уақыт кезеңіне олардың қолданылу мерзімін ұзартуды сұратады. Әлеуетті жеткізуші мынадай құқықтарын жоғалтпастан, өз шешуі бойынша мұндай сұрау салудан бас тартады:

1) оның конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысу;

2) осындай өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу.

21. Әлеуетті жеткізуші өзінің конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптама комиссиясы, сарапшы конкурс тәсілімен сатып алудың нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

4. Конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді конкурстық комиссияның ашуы

22. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашуды келген барлық әлеуетті жеткізушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен конкурстық комиссия жүргізеді _____.

(конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылатын және конкурс өткізу туралы хабарландыруда (хабарламада) көрсетілген конкурстық комиссияның отырысы өткізілетін дәл күнін, уақытын және орнын көрсету қажет)

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі мен конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу арасындағы кезең екі сағаттан аспайды.

Сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында және осы Үлгі конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынылған әлеуетті жеткізушілердің өтінімдер салынған конверттері ашылуға жатады.

Егер конкурсқа (лотқа) конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, онда конкурсқа қатысуға арналған осы өтінім ашылады және қаралады.

23. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне қатысып отырған әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдері өздерінің қатысуын растай отырып, олардың өкілеттіктерін растайтын құжаттарды көрсетуге және әлеуетті жеткізушілерді тіркеу журналына тіркеуге тиіс _____.

(тіркеу орнын, күнін және уақытын көрсету қажет)

Әлеуетті жеткізушілер мен олардың уәкілетті өкілдері конкурстық комиссияға конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жазу үшін пайдалануға ниет етіп отырған аудио және бейне жазбаның техникалық құралдары туралы хабардар етеді.

24. Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған әлеуетті жеткізушілердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің конкурстық комиссияның, конкурстық комиссия хатшысының қызметіне араласуына жол берілмейді.

25. Конкурстық комиссияның отырысында конкурстық комиссияның төрағасы не конкурстық комиссия мүшелерінің ішінен төраға белгілеген тұлға мыналар туралы хабарлайды:

Конкурстық комиссия, конкурстық комиссия хатшысы, сараптау комиссиясы (сарапшы) олар тартылған жағдайда);

конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті жеткізушілердің сұратулары бар болса не болмаса;

конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу фактісі, сондай-ақ себебтері бар болса не жоқ болса;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында тіркелген конкурсқа қатысуға өтінімдерді белгіленген мерзімде ұсынған әлеуетті жеткізушілер;

осы конкурс бойынша басқа ақпаратты жариялады;

конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған әрбір әлеуетті жеткізуші туралы конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген мәліметтерді хронологиялық тәртіппен жариялайды;

конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашады және өтінімде қамтылған құжаттардың тізбесін, оның ішінде өтінімге критерийлердің қолданылуын және олардың қысқаша мазмұнын жария етеді;

әлеуетті жеткізушілердің уәкілетті өкілдерінен конкурстық комиссияның әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) қарсы шағымдарының немесе қарсылықтарының бар екендігі туралы сұрайды.

26. Әлеуетті жеткізушілерге немесе олардың уәкілетті өкілдеріне конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялау мерзімі туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер болмаған жағдайда конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындысы туралы хаттама жасалады және оның мәтінін конкурстық комиссия хатшысы тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына орналастырады.

5. Сатып алуға қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссияның қарауы

27. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарауды конкурса қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілердің арасынан біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді анықтау және оларды конкурса қатысушы деп тану мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

28. Конкурса қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссияның:

1) конкурса қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілерден конкурса қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда сұратуына;

2) конкурса қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуына жол беріледі.

Осы үлгі конкурстық құжаттаманың 32-тармағына сәйкес конкурстық комиссия шешім қабылдауын қоспағанда, конкурстық комиссияның конкурса қатысуға өтінімдерді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді.

Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім деп қарайды.

29. Конкурса қатысуға өтінімдерді әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келу мәніне қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын;

2) әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурса қатысуға рұқсат беру хаттамасын ресімдеу арқылы осы шешімдердің біреуін қабылдайды.

30. Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы не әлеуетті жеткізушілердің конкурса қатысуына рұқсат беру (конкурс қатысушылары деп тану) туралы шешім қабылдайды (қиын техникалық сипаттамалары мен ерекше нұсқамалары бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді күрделі сатып алуды жүргізген жағдайда мұндай өтінімдер конкурса қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қарастырылады).

Егер конкурса (лот) конкурса (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, онда өтінімді әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуін қарайды.

31. Әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасау талап етілмейді.

32. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және олардың конкурса қатысу өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтін әлеуетті жеткізушілерді анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізушілерге конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурса қатысуға арналған өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

33. Конкурса қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі туралы себептер көрсетілген ақпаратты қамтиды.

34. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайтадан қарайды.

35. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді айқындайды және конкурс қатысушылар деп таниды;

2) конкурстың қатысушыларына бағаның төмендеуіне арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсты қоспағанда осы үлгі конкурстық құжаттаманың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәндерін қолданады;

3) конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну мерзімін көрсете отырып конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы ресімдейді.

36. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімге енгізілген қамтамасыз етуді конкурстық комиссия мына жағдайларда осы үлгі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға арналған өтінімде қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) мынадай мәліметте болмаған кезде көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тиісінше ресімдемеу:

банктік кепілдікке банктің уәкілетті тұлғасының қолдары және банктің мөрлері (ол болған кезде);

банктік кепілдік түрінде ұсынылған өтінімді қатысу үшін қамтамасыз ету енгізілетін конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың атауы;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасы, сондай-ақ оны ұсыну талаптары;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға туралы;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімге қамтамасыз ету енгізілетін тұлға туралы;

3) конкурсқа (лотқа) бөлінген сомасының 1 (бір) пайызынан аз мөлшерде не өткізілетін сатып алу сомасының 100 (бір жүз) пайызынан аз мөлшерде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу.

37. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші, егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы:

жұмыстарды не қызметтерді әлеуетті жеткізушінің және ол тартқан қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкес келуін растау үшін әлеуетті жеткізуші құжатты (құжаттарды) ұсынбаған;

әлеуетті жеткізуші өзінің сәйкес келуін растау үшін ұсынған құжаттардағы ақпарат негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісін анықталған;

біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат ұсынылған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса;

2) оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

38. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған күні оны тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына жариялайды.

6. Бағаның төмендеуіне арналған сауда-саттықты қоспағанда конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарын ресімдеуі

(осы тарау конкурс өткізген кезде, оның ішінде екі кезеңді рәсімді қолдана отырып көрсетіледі)

39. Конкурса қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер (конкурса қатысушылар) ұсынатын конкурстық баға ұсыныстары мынадай түрде ресімделеді, конкурстық баға ұсыныстары үлгі конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетіледі және мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) конкурстық баға ұсынысының нысаны басылуы немесе өшірілмейтін сиямен жазылуы және оған әлеуетті жеткізуші қол қоюы және оның мөрмен (жеке тұлға үшін ондай бар болса) бекітілуі тиіс;

2) конкурстық баға ұсынысында әлеуетті жеткізушінің грамматикалық қателерді түзетуі қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай өндіріме, өшірілген сөздер немесе толықтырулар болмауға тиіс;

3) отандық әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары теңгемен берілуі тиіс.

40. Әлеуетті жеткізуші конкурстық баға ұсынысын конвертке желімдейді, оның беткі жағында әлеуетті жеткізушінің толық атауы, сондай-ақ мынадай мазмұндағы мәтін көрсетілуге тиіс: «Сатып алу жөніндегі конкурс (конкурстың атауын көрсету қажет) – конкурстық баға ұсынысы – (конкурстық баға ұсыныстарын ашатын күні мен уақытын көрсету қажет) дейін ашуға болмайды».

Конкурса қатысушының конкурстық баға ұсынысын қайтарып алу не ұсынылған конкурстық баға ұсынысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуі сияқты, бірден артық конкурстық баға ұсынысын беруіне жол берілмейді.

7. Бағаның төмендеуіне арналған сауда-саттықты қоспағанда конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын конкурстық комиссияның бағалауы мен салыстыруы және конкурс жеңімпазын анықтау

(осы тарау конкурс өткізген кезде, оның ішінде екі кезеңді рәсімді қолдана отырып көрсетіледі)

41. Конкурса қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында конкурстық комиссия конкурса қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

Конкурстық комиссия конкурса қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген мерзім аяқталғанға дейін конкурстық баға ұсыныстары бар конверттер ұсынған конкурса қатысушылар туралы мәліметтерді конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына хронологиялық тәртіппен енгізеді.

42. Мына:

1) конкурса қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған;

2) конкурса қатысушы аталған конкурс бойынша баға ұсынысын осыдан бұрын ұсынған конкурстық баға ұсыныстары бар конверттер бағалауға және салыстырып тексеруге қабылданбайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына тіркеуден бас тарту себептерін көрсете отырып, тіркеуден бас тартылған конкурс қатысушыларының тізімін көрсетеді.

43. Конкурстық комиссия отырысында конкурстық комиссия төрағасы не төраға конкурстық комиссия мүшелерінің қатарынан белгілеген тұлға конкурса қатысушылардың

конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді оларды тіркеудің хронология тәртібімен ашады және жария етеді.

44. Әлеуетті жеткізушілер және олардың уәкілетті өкілдері аудиожазба және бейне түсірілімдегі техникалық құралдары туралы конкурстық комиссияға хабарлайды, оларды конкурстық баға ұсыныстарын ашудың рәсімдерін жазу үшін пайдалануға ниет етеді.

45. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру рәсімін жеңілдету үшін конкурстық комиссия әртүрлі валютада берілген конкурстық баға ұсыныстарының барлық бағаларын Қазақстан Республикасының валютасына - конкурстық баға ұсыныстарын (конкурсқа қатысушылар) бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы болатын күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша теңгеге аударады.

46. Конкурстық комиссия:

1) конкурсқа қатысушылардың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомдан асатын конкурстық баға ұсыныстарын кері қайтарады;

2) егер оның бағасы демпингтік болып табылса, конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысын кері қайтарады;

3) конкурсқа қатысушылардың кемінде екі кері қайтарылмаған конкурстық баға ұсыныстарына қатысты конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген критерийлердің пайыздық мәнін қолдану арқылы айқындайды, конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын салыстырып тексереді және ең аз шартты бағасы негізінде олардың арасынан конкурстың жеңімпазын анықтайды.

Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болса, конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығында көбірек жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады. Тең шартты бағасы бар бірнеше әлеуетті жеткізушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда, конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан ертерек келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

47. Конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру және конкурс жеңімпазын анықтау нәтижелері бойынша конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманы ресімдейді. Сатып алу нәтижелері туралы хаттаманы сатып алуды ұйымдастырушы конкурс тәсілімен сатып алу нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қалыптастырады және тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында жариялайды.

8. Сауда-саттықты өткізу тәртібі және жеңімпазды анықтау

(осы тарау бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс өткізген кезде көрсетіледі)

48. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурстың екінші кезеңін өткізген кезде конкурсқа жіберілген әлеуетті жеткізушілер (конкурс қатысушылары) арасында конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күні, уақыты және орында өткізіледі.

Сауда-саттыққа қатысу үшін конкурстық комиссия хатшысы конкурс қатысушысына билет береді.

49. Сауда-саттық әрбір лотқа жеке конкурстық комиссияның барлық мүшесі, конкурс қатысушылары және сауда-саттыққа қатысуға ниет білдірген басқа да тұлғалардың қатысуымен нақты уақыт режимінде өткізіледі.

Сауда-саттықтың басталу уақыты Астана қаласы уақыты бойынша сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін жұмыс уақытында белгіленеді.

50. Сауда-саттықты конкурстық комиссияның шешімімен сауда-саттықты өткізуге міндеттемелер жүктелген конкурстық комиссия мүшесі (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) өткізеді.

51. Сауда-саттық уәкілетті тұлға сауда-саттық мәнін, лот нөмірін, оның қысқаша сипаттамасын, бастапқы бағасын жариялағанынан басталады.

Бастапқы баға болып өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін тапсырыс беруші және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тиісті қаржы жылына сатып алудың жоспарында көзделген бөлген сома табылады.

52. Сауда-саттық бастапқы бағадан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген қадамға түсіру арқылы жүргізіледі.

53. Сауда-саттық жүргізу тәртібін бұзған конкурсқа қатысушылар және қатысып отырған және сауда-саттықтың барысына ықпал ететін тұлғалар сауда-саттық жүргізу залынан (орнынан) шығарылады.

54. Конкурс қатысушысы ұсынатын баға ұсынысының саны шектелмеген, конкурс қатысушысы өзінің конкурстық баға ұсынысын азайту жағына бірнеше рет өзгертуге мүмкіндігі бар.

Конкурс қатысушылары өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға, жұмысқа, қызметке бастапқы бағадан төмендетілген бағаны сауда-саттықтың қадамына қарамастан ұсынуға жол беріледі.

55. Билетті әрбір жоғарыға көтеру сауда-саттықты өткізу үшін жарияланған бағаның төмендеуіне арналған қадамға тең болады.

Конкурс қатысушысы билетті көтерген кезде уәкілетті тұлға лоттың бағасы үш рет қайталайды және жарияланған баға кезінде бірінші болып билетті көтерген конкурс қатысушысының билетін атайды және басқа көтерілген билеттер болмаса, балғамен үстелді ұра отырып осы лот бойынша оның жеңімпазын жариялайды.

Егер билетті қайталау кезеңінде сауда-саттықтың басқа қатысушысы (конкурс қатысушысы) билетті көтерсе, онда осы лот бойынша сауда-саттық жеңімпаз анықталған сәтке дейін жалғасады.

Жеңімпаз деп өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға, жұмысқа, қызметке ең төменгі баға ұсынған конкурс қатысушысы танылады.

56. Егер конкурс қатысушысы конкурстың басқа қатысушысы ұсынған бағаға тең баға ұсынса, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс жеңімпаз деп танылады.

57. Егер Сауда-саттық басталғаннан кейін он минут ішінде конкурстың бірде-бір қатысушысы көрсетілген конкурсқа (лотқа) тауар, жұмыс, қызмет бағасы туралы ұсыныс бермесе, онда лот сауда-саттықтан алып тасталады және осы конкурсқа (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеді деп танылады.

58. Сауда-саттық және жеңімпазды анықтау нәтижелері бойынша бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс қорытындылары туралы хаттама ресімделеді. Бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып конкурс қорытындысы туралы хаттама мәтінін конкурстық комиссия хатшысы сауда-саттықты өткізу аяқталған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында орналастырады.

9. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

59. Сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарып береді:

1) осы әлеуетті жеткізуші өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған кезде;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған кезде. Аталған жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті жеткізушілерге қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен сатып алудың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған кезде қайтарып береді. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген кезде;

5) әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен кезде қайтарып береді. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды.

60. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда:

1) конкурстық баға ұсынысын ұсынбаған, конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті жеткізушіні қоспағанда, конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті жеткізуші өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген мерзімде ұсынбаса не оны кері қайтарып алса;

2) конкурсқа қатысушы деп танылған әлеуетті жеткізуші өзінің конкурстық баға ұсынысын конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі өткеннен кейін өзгертсе және (немесе) толықтырса;

3) конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші шарт жасаудан жалтарса;

4) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс қатысушыларының біреуі де сауда-саттықты өткізу басталғаннан кейін он минут ішінде өткізілетін конкурс (лот) мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бағасы туралы ұсыныстар бермеген. Осындай жағдайда конкурстың барлық қатысушысына сатып алуды ұйымдастырушы бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын, өтпеді деп танылған лот сомасының 1 (бір) не 100 (бір жүз) пайызына тең сомасын қайтармайды;

5) конкурстың жеңімпазы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайда қайтармайды.

10. Конкурс қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт

61. Конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші конкурс жеңімпазына сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін, сондай-ақ қол қойылған шарттың жобасын жібереді.

Шарт конкурстың жеңімпазымен конкурсқа қатысуға берген оның өтінімінде көзделген талаптарда жасалады және онымен жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға арналған өтінімде көрсетілген оның бағасынан аспауы тиіс.

62. Жеткізуші шарт жасаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепіл ақша жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк кепілдігі түріндегі шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін шартта алдын ала ақы (аванс) төлемі көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

Егер шартта алдын ала ақы (аванс) төлемі көзделген болса, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызынан кем емес мөлшерді құрайтын алдын ала ақы (аванс) сомасына тең мөлшерде белгілейді.

Ұзақмерзімді шарт жасаған жағдайда ағымдағы қаржы жылындағы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасына қарай есептеледі.

63. Шарттың жобасына жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші қол қояды және тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қол қойған шарттың жобасын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) ұсынады.

Егер әлеуетті жеткізуші белгіленген мерзімде қол қойылған шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе шарт жасасып, шарттың орындалуына қамтамасыз ету енгізілмеген жағдайда мұндай әлеуетті жеткізуші шартты жасасудан жалтарған болып саналады.

64. Әлеуетті жеткізуші шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол конкурсқа қатысуға енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

2) сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруға байланысты келтірілген шығындарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге жол беріледі.

65. Шарт оған тапсырыс беруші мен жеткізуші қол қойғаннан кейін не соңғысы шарттың орындалуына қамтамасыз етуді толық енгізгеннен соң күшіне енеді.

Міндетті мемлекеттік тіркеуден немесе өзге тіркеуден өтуі тиіс шарттар тіркелген сәттен бастап жасалған деп саналады.

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі

_____ сатып алу бойынша конкурс
(толық атауын көрсету)

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлардың (жұмыстың, қызметтің) атауы*	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі
1	2	3	4	5

кестенің жалғасы

Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 сәйкес)	Тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, % (бар болса)	Конкурс тәсілімен сатып алу үшін бөлінген сома (№ лот бойынша), теңге
6	7	8	9	10

* Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сипаттамаларын сипаттаған кезде бағанда тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің қысқаша атауы және әрбір позиция бойынша техникалық ерекше нұсқаманың нақты бір бөліміне сілтеме көрсетіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінім
(занды тұлғалар үшін)

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен _____
(әлеуетті жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер заңды тұлға (әлеуетті жеткізуші) туралы мәліметтер:

Әлеуетті жеткізушінің заңды, пошталық мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК, ЖСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	

2. _____
(заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі)

осы өтініммен конкурс тәсілімен сатып алуға

_____ (конкурстың толық атауын көрсету қажет)

әлеуетті жеткізуші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар сәйкес жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді (қажетін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті жеткізуші осы өтініммен өзіне толық жауапкершілік қабылдайды және оның төмендегі талаптарды қабылдағанын растайды:

1) әлеуетті жеткізуші не оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмауы;

2) әлеуетті жеткізуші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болмауы не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының қызметкерлері болып табылмауы;

3) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге не сатып алуды ұйымдастырушыға екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуды қоспағанда, өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспауы;

4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші басшысының:

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынастары болмауы;

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмауы;

5) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы және атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізбеуі;

6) әлеуетті жеткізуші мен әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы бір конкурсқа (лотқа) қатыспауы.

4. Осы өтінім арқылы әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың 282-тармағында көзделген фактілер анықталған жағдайда және Қағидалардың 15-тармағына сәйкес сатып алудан тапсырыс беруші бас тартқан тауарды, жұмыстарды, қызметтерді (қажеттісі көрсетілсін) сатып алу туралы шартты бұзуға келісімі де білдіріледі.

5. Әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеттілігі, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы берілетін тауарды, орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (қажетін көрсету керек) дұрыс емес ақпарат ұсынғаны үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

Әлеуетті жеткізуші осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

6. Осы конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға өтінімді ашқан күннен бастап ___ күн ішінде қолданылады.

7. Біздің конкурсқа қатысуға өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызын құрайтын сомада не сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде 3 (үш) пайызынан аспайтын авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

8. Шартты жасасу сәтіне дейін конкурсқа қатысуға осы өтінім Сіздің оны жеңді деп тапқан хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы алдын ала шарт рөлін орындайтын болады.

/_____/

(Заңды тұлға – әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының не оның орынбасарының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және оның қолы)

Толтыру күні _____

Мөр орны (болған кезде)

Конкурсқа қатысуға өтініш
(жеке тұлға үшін)

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен _____
(әлеуетті жеткізушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуетті жеткізуші)
туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болса)	
Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің жеке басын куәландыратын құжатының деректері	
Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің тіркелген мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің нақты тұрғылықты мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін, конкурс мәніне сәйкес келетін өзге де құжаттың нөмірі	
Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің банктік деректемелері (ЖСН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің байланыс телефондары, пошталық мекенжайы және электрондық поштасының мекенжайы (ол бар болса)	

2. _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіледі)

осы өтініммен конкурс тәсілімен сатып алуға

(конкурстың толық атауы көрсетілсін)

әлеуетті жеткізуші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. Әлеуетті жеткізуші осы өтініммен өзіне толық жауапкершілік қабылдайды және оның төмендегі талаптарды қабылдағанын растайды:

1) әлеуетті жеткізуші не оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмауы;

2) әлеуетті жеткізуші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушінің таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болмауы не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының қызметкерлері болып табылмауы;

) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге не сатып алуды ұйымдастырушыға екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуды қоспағанда, өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-

экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспауы;

4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші басшысының: Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынастары болмауы;

Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмауы;

5) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы және атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізбеуі;

6) әлеуетті жеткізуші мен әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы бір конкурсқа (лотқа) қатыспауы.

4. Осы өтінім арқылы әлеуетті жеткізушінің Қағидалардың 282-тармағында көзделген фактілер анықталған жағдайда және Қағидалардың 15-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартылған жағдайда, тауарды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (қажеттісі көрсетілсін) сатып алу туралы шартты бұзуға келісімін білдіреді.

5. Әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамамен танысқандығын және сатып алуды ұйымдастырушы мен конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де берілетін тауардың, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (қажеттісін көрсету) сипаттамалары туралы, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ өзге де шектеулерді сақтауы туралы дәйексіз мәліметтер бергені үшін жауаптылығы туралы хабардар етілгендігін растайды.

Әлеуетті жеткізуші осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда осындай дәйексіз мәліметтерді бергені үшін толық жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

6. Осы конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға өтінімді ашқан күннен бастап ___ күн ішінде қолданылады.

7. Біздің конкурсқа қатысуға өтінім жеңді деп танылған жағдайда, біз сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызын құрайтын сомада не сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының кемінде 3 (үш) пайызын құрайтын авансқа тең мөлшерде енгіземіз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

8. Шартты жасау сәтіне дейін осы конкурсқа қатысуға өтінім Сіздің оны жеңді деп тану туралы хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы алдын-ала шарттың рөлін орындайтын болады.

_____/_____
(жеке тұлғаның – әлеуетті жеткізушінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса) және оның қолы)

Толтырылған күні _____

Берешектің жоқ болуы туралы анықтама

Банк (атауы) осы Банкте көрсетілетін қызметті тұтынушының (заңды тұлғаның толық атауын, тел., мекенжайын көрсету қажет) _____ жағдай бойынша банк алдында анықтама (мәлімет) берілетін айдың алдындағы үш айдан артық созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігін растайды

Күні

Қолы

Мөр орны (болған кезде)

Нысан

Конкурста сатып алудың мәні болып табылатын, жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлескен орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлері

(конкурстың толық атауын көрсету қажет)

Р/с №	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушы) – заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) БСН (ЖСН), оның толық заңды және (немесе) пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) атауы	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі
Осы қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) бойынша барлығы				теңге	көлемінің %
Осы қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) бойынша барлығы				теңге	көлемінің %
Барлық қосалқы мердігерлер (бірлескен орындаушылар) бойынша жиынтығы				теңге	көлемінің %

Осы арқылы конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігері (және) бірлескен орындаушысы (және)) конкурс конкурстың толық атауын көрсету) тәсілімен сатып алуға қатысудың талаптары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлеріне (бірлескен орындаушыларына) қатысты бөлігінде көзделген талаптарды бұзғандығы үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

Қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қолы

Әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен асатын жұмыстар мен қызметтер көлемін беруіне жол берілмейді.

**Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің)
техникалық ерекше нұсқамасы**
(әрбір лотқа жеке беріледі)

Конкурстың атауы _____
Лоттың № _____ Лоттың атауы _____

Техникалық ерекше нұсқамада қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары беріледі және жеткізілетін тауарлар (орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сәйкес болуы тиіс ұлттық, мемлекетаралық немесе халықаралық стандарттар, кепілдік мерзімі көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық ерекше нұсқамада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын сипаттау функционалдық шектерді, техникалық сипаттама параметрлерін, үздік техникалық ерекшелікті айқындау мақсатында тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуге тиіс.

Техникалық ерекше нұсқамада тауарларды жеткізу кезінде тапсырыс берушіге қажетті ілеспе қызметтер (монтаждау, ретке келтіру, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және т.б.) және оларды көрсету орны, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Көрсетілетін қызметтерге берілетін техникалық ерекше нұсқамада техникалық және сапалық сипаттамаларын сипаттау техникалық сипаттама параметрлерін және үздік техникалық ерекшелікті айқындау мақсаттары үшін қызметтер көрсету мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінуі тиіс. Осындай қызметтерді тікелей көрсететін қызметкердің біліктілігіне байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда, техникалық ерекше нұсқамада қызметкерге жүктелетін міндеттерді орындау үшін қажетті оның деңгейі мен кәсіби даярлық бейінін, жұмыс өтілін айқындайтын талаптардың сипаты беріледі. Техникалық ерекше нұсқамада ұлттық стандарт немесе ол болған кезде Қазақстан Республикасы өндірушілерінің коммерциялық емес ұйымдары бекіткен үкіметтік емес стандарт көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде конкурстық құжаттамада техникалық ерекше нұсқаманың орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қамтылуы тиіс.

Жұмыстың техникалық ерекшелігінде құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың қысқа сипаты, инфрақұрылым мен коммуникацияның бар-жоғы, жергілікті ресурстардың сипаты, стандарттар мен техникалық нормативтер жүйесі, сондай-ақ объектіні пайдалануға беру кезінде қайшылықтарды болдырмайтын объектінің толық құрамы, аумақты инженерлік дайындау, өндіріс технологиясы мен жабдық, инженерлік қамтамасыз ету, пайдаланылатын материалдар мен конструкциялар, объектіні жарақтандыру жөніндегі талаптар көрсетілуі тиіс. Тиісті нормативтік-техникалық құжаттамаға жасайтын сілтемені көрсетуге жол беріледі.

Әлеуетті жеткізуші белгіленген талаптарға жауап беретін техникалық ерекше нұсқама ұсынады.

Банк кепілдігі

Банктің атауы _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

№ _____ Кепілдік міндеттеме

_____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____
(орналасқан жері)

Біз _____
(әлеуетті жеткізушінің атауы)
бұдан әрі «Жеткізуші» _____
_____ ұйымдастырған
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)
сатып алу туралы конкурсқа қатысатыны және _____

_____ (конкурс, лот (лоттар) бойынша тауарлардың, жұмыстардың,
қызметтердің атауы)
жеткізуді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге)
дайын екендігі жөнінде хабардар болдық.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі _____ жылғы « ____ » _____
конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз
етуді банк кепілдігі түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____
(банк атауы)

осы арқылы Сіздің жазбаша ақы төлеуге талабыңызды, сондай-ақ Жеткізушінің келесідей
жазбаша растауын алғаннан:

конкурсқа қатысуға өтінімді түпкілікті беру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа
қатысуға өтінімді кері қайтарып алғандығы не өзгерткендігі және (немесе)
толықтырғандығы;

конкурсқа қатысушы деп танылушы, бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық
қолданылатын конкурсты қоспағанда, өзінің конкурстық баға ұсынысын белгіленген
мерзімде тапсырмағандығы не кері қайтарып алғандығы;

сауда-саттықты жүргізу басталғаннан кейін он минут ішінде бағаны төмендетуге
арналған сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысушылардың бір де біреуі көрсетілген
конкурсқа (лотқа) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс
бермесе (билетті көтермесе). Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің сомасы
көлемінде төлеу туралы талап өтпеді деп танылған конкурстың лот сомасының 1 (бір) немесе
100 (бір жүз) пайызына тең сомда беріледі, егер бағаны төмендетумен жүргізілетін сауда-

саттық қолданылатын конкурсқа қатысушылардың біреуі де белгіленген мерзімде тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермегендігі;

конкурстың жеңімпазы ретінде анықталушының шарт жасасудан жалтарғандығы;

шарт жасап, конкурстық құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы және (немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды орындамағандығы не уақтылы орындамағаны туралы жазбаша растамаңызды алған бойда Сізге талабыңыз бойынша _____

(сомасы санмен және жазумен)

тең соманы төлеудің қайтарылмайтын міндеттемесін өзімізге қабылдаймыз.

Осы кепілдік міндеттеме конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Жеткізушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімінің соңғы қолданылу мерзіміне дейін қолданылады және, егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатындығына немесе қайтарылмайтындығына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды. Егер конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда осы кепілдік міндеттеме сол мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы

Күні және мекенжайы

Мөр орны (болған кезде)

(әлеуетті жеткізушінің атауы)
әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы
(лоттың нөмірі көрсетіле отырып, әрбір лотқа жеке толтырылады)

Р/с №	Мазмұны	Тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің атауы
1	Қысқаша сипаты	
2	Шығарған елі (жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде алып тастау қажет)	
3	Дайындаушы зауыт (жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде алып тастау қажет)	
4	Өлшем бірлігі	
5	біреуінің бағасы _____ ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 талаптары бойынша _____ (межелі орны)	
6	Саны (көлемі)	
7	Барлық бағасы = _____ 5-жол. x 6-жол.	
8	Әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, төлеуге арналған барлық шығыстарды/кеден бажын, ҚҚС және басқа салықтарды, төлемдерді мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектердің, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған құнын және басқа да шығыстарды қоса алғанда, ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 _____ талаптары бойынша межелі орны, жалпы бағасы (жеңілдіктер ескеріле отырып, бар болса)_____	

Біз сіздердің конкурстық құжаттамада ескертілген төлемдік талаптарыңызбен келісеміз.

(Қолы)

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Мөр орны (болған кезде)

Ескерту: әлеуетті жеткізуші жалпы бағаның құраушы бөліктерін көрсетпеуі мүмкін, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны әлеуетті жеткізушінің барлық шығындарын, болған кезде жеңілдіктерді ескере отырып конкурстық комиссия белгіленген ретінде қарайды және ол қайта қаралмайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 3-қосымша

Нысан

Бекітемін:

(Тапсырыс берушінің толық атауы және осы конкурстық құжаттаманы бекіткен тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетілсін)

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____ № _____

ҮЛГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА

сатып алу бойынша _____
(конкурс тәсілімен сатып алудың аты көрсетілсін)

Тапсырыс беруші

(тапсырыс берушінің толық атауы, орналасу орны, БСН-і, банктік деректемелері, байланыс телефондары және бар болса, электрондық поштасының адрестері көрсетілсін)

Сатып алуды ұйымдастырушы

(толық атауы, орналасу орны, БСН-і, банк деректемелері, байланыс телефондары және бар болса, электрондық поштасының адрестері көрсетілсін)

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс жеткізушіні таңдау мақсатында өткізіледі _____

(тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атын көрсету қажет)

2. Тауарды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бөлінген сома _____
(сомасы цифрмен және жазумен)

теңгені құрайды.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) лоттарға бөлген жағдайда, әрбір лот үшін сома жеке көрсетіледі.

3. Осы конкурс (лот) үшін:

1) осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурсқа қатысу туралы келісім орналастырылады;

2) ең аз шартты конкурстық баға ұсынысын және оны қолдану тәсілдерін анықтау мақсатында конкурс қатысушыларының конкурстық баға ұсыныстарына ықпал ететін критерийлер көрсетіледі.

Бағасы төмендеуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс өткізген кезде критерийлер белгіленбейді;

3) төлем талаптары;

4) төлемнің талаптары мен айтарлықтай маңызды талаптар көрсетіле отырып шарттың жобасы қоса беріледі.

2. Сатып алуды ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) оның ережелерін түсіндіруі

4. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталының қатысушысы) 20__жылғы «__»_____ сағ. __ мин. кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұрау салумен жүгінеді. Әлеуетті жеткізушілердің сұрау салуларын сатып алуды ұйымдастырушының мынадай деректемелері бойынша жіберу қажет: _____

(сатып алуды ұйымдастырушының байланыс телефондары, электрондық поштасы, пошталық (заңды) мекенжайын көрсету қажет)

5. Сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салу кімнен келіп түскенін көрсетусіз конкурстық құжаттама ережелерін түсіндірулердің мәтінін конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) автоматты түрде хабарлай отырып сатып алу порталына жариялайды.

6. Сатып алуды ұйымдастырушы 20__жылғы «__»_____ сағ. __ мин. мерзімнен кешіктірмей жеке бастамасы бойынша немесе сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін берген әлеуетті жеткізушінің (сатып алу порталының қатысушысының) сұрау салуына жауап ретінде конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізеді.

Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде конкурстық құжаттама алған әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) автоматты түрде хабарлай отырып, енгізілген өзгерістерді (және) толықтырулардың мәтіндерін сатып алу порталына жариялайды. Бұл ретте конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін сатып алуды ұйымдастырушы кемінде күнтізбелік бес күннен астам емес мерзімге ұзартады.

3. Конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім

7. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталының қатысушысы) конкурсқа қатысуға өтінім осы үлгі электрондық конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес тауарды жеткізуге (жұмысты орындауға, қызметтер көрсетуге) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушінің (сатып алу порталының қатысушысы) келісім білдіру нысаны болып табылатын электрондық сандық қол қоюды растау арқылы конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды.

8. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталының қатысушысы) сатып алуды ұйымдастырушыға беретін конкурсқа қатысуға өтінімінде мыналар:

1) осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің тізбесі;

2) әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) өзінің және өзі тартатын қосалқы мердігерлердің (бірлескен орындаушылардың) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін ұсынатын құжаттардың тізбесі:

заңды тұлғалар үшін құқықтық қабілеттілігін растайтын құжаттардың электрондық құжаттар не электрондық сандық қолмен расталған құжаттардың электрондық көшірмелері:

заңды тұлға қызметті «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабына сәйкес Үлгі жарғы (бұдан әрі – Үлгі жарғы) негізінде жүзеге асырған жағдайды қоспағанда жарғы. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасымен сауда тізілімінен нотариат куәландырған, заңдастырылған үзінді көшірмені ұсынады;

егер жарғыда құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы туралы мәліметтер болмаса, құрылтай құжаттарынан құрылтайшы (құрылтайшылар) немесе құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамы туралы мәліметтерді қамтитын нотариат куәландырған көшірмесі не үзіндісі не конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес берілген, белгіленген тәртіппен қол қойылған және куәландырылған акция ұстаушылардың тізілімінен, серіктестіктер қатысушыларының тізілімінен үзіндінің түпнұсқасы;

заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің немесе анықтама. Егер заңды тұлға қызметін Үлгі жарғысы негізінде жүзеге асыратын болса, онда мемлекеттік тіркеу туралы өтініштің көшірмесі;

жеке тұлғалар үшін азаматтық әрекет етуге қабілеттігін растайтын құжаттардың электрондық құжаттары не электрондық сандық қолмен расталған құжаттардың электрондық көшірмелері:

жеке басты куәландыратын құжат;

заңды тұлға құрмастан (дара кәсіпкер үшін) тиісті мемлекеттік орган берген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжат;

электрондық сандық қолмен расталған құжаттардың электрондық көшірмелері не электрондық құжаттар:

лицензиялардың және (немесе) патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, рұқсаттардың, әлеуетті жеткізушінің «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын басқа да құжаттар;

төлем жасау қабілеттілігін растайтын құжат - әлеуетті жеткізушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының қолы мен мөрі бар әлеуетті жеткізушінің үлгі конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан бұрын берілмеуі тиіс.

Әлеуетті жеткізушінің оның біліктілік талаптарына сәйкестігін электрондық сандық қолмен расталған құжаттың электрондық көшірмесін әлеуетті жеткізушіге халықаралық рейтингтік ұйымының рейтингін беруді растайтын құжатты ұсыну арқылы растауға жол беріледі не әлеуетті жеткізушіге халықаралық рейтинг ұйымының рейтингі беруді растайтын электрондық құжат не әлеуетті жеткізушіні биржаның ресми листингіне енгізу туралы қор биржасынан үзінді;

3) егер әлеуетті жеткізуші қосылқы мердігерлерді (бірлесе орындаушыларды) тарту көзделсе, онда әлеуетті жеткізуші жұмыстың (құрылыс құны), қызметтің жиынтығында үштен екіден астам көлемі қосалқы мердігерге (бірлесе орындаушыға) қосалқы мердігерлерге (бірлесе орындаушыларға) беруге тыйым салу бойынша шарт қабылдау туралы хабарлайды:

олардың осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

конкурста сатып алудың мәні болып табылатын жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтер және әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (бірлесе орындаушыларға) беретін жұмыстардың (қызметтердің) түрлері осы электрондық үлгі конкурстық құжаттаманың 4-қосымшасына сәйкес;

4) заңды тұлғалар сатып алуларда уақытша біріккен жағдайда (консорциум), осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген құжаттардан басқа осы консорциум қатысушылары болып табылатын заңды тұлғалар өздерінің біліктілік талаптарын растау үшін электрондық сандық қолмен расталған мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері не электрондық құжаттар ұсынады:

заңды тұлғалар (консорциум қатысушылары) арасында жасалған бірлескен шаруашылық қызметі туралы шарт;

бірлескен шаруашылық қызметі туралы шартта көзделген лицензиялауға жататын қызмет бөлігінде тауар ұсыну, жұмыстар орындау, қызмет көрсету құқығына лицензия;

5) осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша конкурстық баға ұсынысы, ол әлеуетті жеткізуші конкурсқа қатысуға жіберілгеннен кейін ғана не конкурсқа қатысуға екіден аз өтінім ұсынылған жағдайда конкурстық комиссияға қол жетімді болады.

Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс тәсілімен электрондық сатып алу өткізген кезде конкурстық баға ұсынысы берілмейді;

6) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық ерекше нұсқама;

7) осы үлгі конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін конкурсқа (лотқа) бөлінген соманың 1 (бір) пайыз мөлшерінде банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету не сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотында не тапсырыс берушінің шотында орналастыратын кепілдік ақшалай жарнасын растайтын төлем құжаты.

Әлеуетті жеткізушінің (сатып алу порталына қатысушы) төлем жасау қабілеті туралы біліктілік талабына сәйкестігін осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімімен бірге жүргізілетін сатып алу сомасының 100 (бір жүз) пайызына тең мөлшерде Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше резидент банкілерінің банктік кепілдіктері түріндегі конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұсыну арқылы растамаға жол беріледі.

Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін банк кепілдемесінің түпнұсқасы немесе конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын төлем құжатын ұсынады. Әлеуетті жеткізуші электрондық тәсілмен төлемді жүзеге асыру кезінде сатып алу ұйымдастырушысына қағаз банкпен куәландырылған түрінде электрондық төлем құжат мазмұнының көшірме басылымын немесе өзге бейнесін ұсынады.

Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінім берген лоттарға ғана конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

Конкурстың барлық лотына бірдей өтінім ұсынбаған кезде лоттардан тұратын конкурсқа бөлінген жалпы сомаға конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізуге жол беріледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

9. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) Конкурсқа қатысуға өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды өзінің электрондық сандық қолмен растайды және сатып алуды ұйымдастырушыға электрондық құжат нысанында ұсынады.

Конкурсқа қатысуға өтінімге қоса берілген құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжаттар анық оқылатын қаріппен түсінікті түрде ұсынылады.

10. Конкурсқа қатысуға өтінім мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ұсынылады.

11. Конкурсқа қатысуға өтінімде әлеуетті жеткізушінің (сатып алу порталына қатысушы) грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болатын жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай қосылған жазба, өшірілген сөздер немесе артық жазылған сөздер болмауы тиіс.

Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі

12. Әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінімді, оның ішінде конкурстық баға ұсынысын (бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсты қоспағанда) сатып алуды ұйымдастырушыға сатып алу порталын қолдана отырып береді.

Отандық әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары теңгемен көрсетіледі.

Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурстық құжаттамада көрсетілген оны ұсынудың мерзімі біткенге дейін конкурсқа қатысуға бір өтінімді ұсынады.

13. Конкурсқа қатысуға ұсынатын өтінімнің қолданылу мерзімі конкурсқа қатысуға өтінімді ашу күнінен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен аз болмауы тиіс.

14. Әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушылар) конкурсқа қатысуға ұсынған өтінімдер сатып алу порталына автоматты түрде тіркеледі.

Конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушіге (сатып алу порталына қатысушыға) сатып алу порталы тиісті хабарламаны автоматты түрде жіберген сәттен бастап қабылданды деп саналады.

15. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінімнен мына жағдайларда сатып алу порталы автоматты түрде бас тартады:

- 1) егер әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) осы конкурсқа қатысуға өтінім ұсынған;
- 2) конкурсқа қатысуға өтінім конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдаудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін сатып алу порталына түскен;
- 3) ұсынылған конкурстық баға ұсынысы конкурсқа (лотқа) бөлінген сомадан асқан жағдайларда.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтарып алу

16. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі біткенге дейін өзі енгізген өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін қамтамасыз етуді қайтарып алуға құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгертеді және (немесе) қайтарып алады.

Конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама, әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) электрондық сандық қол қойған және мөрмен бекітілген сатып алуды ұйымдастырушының атына еркін түрде жазылған өтініш түрінде ресімделеді.

17. Конкурсқа қатысуға өтінімге өзгеріс енгізу не конкурсқа қатысуға өтінімді қайтарып алу, егер оларды сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін алған болса, жарамды болып табылады.

18. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысуға өтінімдердің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей әлеуетті жеткізушілерден (сатып алу порталына қатысушылардан) нақты уақыт кезеңіне олардың қолданылу мерзімін ұзартуды сұратады. Әлеуетті жеткізуші мынадай құқықтарын жоғалтпастан, өз шешуі бойынша мұндай сұрау салудан бас тартады:

- 1) оның конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі ішінде конкурс тәсілімен өткізілетін сатып алуға қатысу;
- 2) осындай өтінімнің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ол енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді қайтарып алу.

19. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) өзінің конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуына байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, конкурстық комиссия, сараптама комиссиясы, сарапшы конкурс тәсілімен сатып алудың нәтижелеріне қарамастан, осы шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді көтермейді.

4. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу

20. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуды конкурстық комиссия хатшысы сатып алу порталында жүргізеді. Бұл ретте конкурстық баға ұсынысы ашылмайды және әлеуетті жеткізушіні (сатып алу порталына қатысушыны) конкурсқа қатысуға жіберілгеннен кейін ғана не конкурсқа қатысуға екідан аз өтінім ұсынылған жағдайда қол жетімді болып табылады.

Конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашуға рұқсатын сатып алу порталы конкурс тәсілімен электрондық сатып алуды жүзеге асыру туралы

хабарландыруда сатып алуды ұйымдастырушы көрсеткен күні және уақыты автоматты түрде ұсынады.

Сатып алуды ұйымдастырушының хабарландыруында және осы үлгі электрондық конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде ұсынылған әлеуетті жеткізушілердің (сатып алу порталына қатысушылардың) конкурсқа қатысуға өтінімдері ашылуға жатады.

Егер конкурсқа (лотка) конкурсқа қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, онда конкурсқа қатысуға арналған осы өтінім ашылады және әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі қаралады.

21. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы автоматты түрде қалыптасады және конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімді ашу күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу порталына орналастырады. Бұл ретте сатып алу порталы конкурстық комиссия мүшелеріне, сараптау комиссиясына (сарапшыға) (олар тартылса), конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) автоматты түрде хабарландыру жібереді.

5. Сатып алуға қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссияның қарауы

22. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілердің (сатып алу порталына қатысушылардың) арасынан біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді (сатып алу порталына қатысушыларды) анықтау және оларды конкурсқа қатысушы деп тану мақсатында конкурстық комиссия жүзеге асырады.

23. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссияның:

1) конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізушілерден (сатып алу поратылан қатысушылардан) конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды жеңілдету үшін олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді сұратуына;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты жазбаша нысанда сұратуына жол беріледі.

Осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 27-тармағына сәйкес конкурстық комиссия шешім қабылдауын қоспағанда, конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімдерді осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіруге байланысты сұратулары мен өзге де әрекеттеріне жол берілмейді. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтіру деп конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға өтінімді жеткіліксіз құжаттармен толықтыруға, конкурсқа қатысуға өтінімде ұсынылған құжаттарды ауыстыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды сәйкес келтіруге бағытталған әрекеттері түсініледі.

Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімді, егер онда ұсынылған өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге болатын грамматикалық немесе арифметикалық қателер болса, конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап беретін өтінім деп қарайды.

24. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді әлеуетті жеткізушілердің (сатып алу порталына қатысушылардың) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келу мәніне қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушылар) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын;

2) әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушылар) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасын ресімдеу арқылы осы шешімдердің біреуін қабылдайды.

25. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру туралы не әлеуетті жеткізушілердің (сатып алу порталына қатысушылардың) конкурсқа қатысуына рұқсат беру (конкурс қатысушылары деп тану) туралы шешім қабылдайды (қиын техникалық сипаттамалары мен ерекше нұсқамалары бар тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді күрделі сатып алуды жүргізген жағдайда мұндай өтінімдер конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде қарастырылады).

Егер конкурсқа (лотқа) қатысуға бір ғана өтінім ұсынылса, онда өтінімді әлеуетті жеткізушінің біліктілік талаптарына және оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуін қарайды.

26. Әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушылар) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келген жағдайда конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын жасау талап етілмейді.

27. Конкурстық комиссия біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сай келмейтін әлеуетті жеткізушілерді (сатып алу порталына қатысушыларды) анықтаған жағдайда, мұндай әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасы жарияланған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығын береді.

28. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамасын конкурстық комиссия хатшысы осындай шешім қабылданған күні конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабарлай отырып порталға орналастырады.

29. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірілген өтінімдерді ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссия қайтадан қарайды.

30. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және олардың конкурсқа қатысуға өтінімдері конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жеткізушілерді (сатып алу порталына қатысушылар) айқындайды және конкурсқа қатысушылар деп таниды;

2) конкурстың қатысушыларына бағаның төмендеуіне арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсты қоспағанда осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген критерийлердің салыстырмалы мәндерін қолданады.

31. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімге енгізілген қамтамасыз етуді конкурстық комиссия мына жағдайларда осы үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп таниды:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға арналған өтінімде қамтамасыз етудің қолданылу мерзімінің жеткіліксіздігі;

2) мынадай мәліметтер болмаған кезде көрініс табатын конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тиісінше ресімдемеу:

банктік кепілдікке банктің уәкілетті тұлғасының қолдары және банктің мөрлері (ол болған кезде);

банктік кепілдік түрінде ұсынылған өтінімді қатысу үшін қамтамасыз ету енгізілетін конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың атауы;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі және (немесе) өтінімді қамтамасыз ету сомасы, сондай-ақ оны ұсыну талаптары;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлға туралы;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімге қамтамасыз ету енгізілетін тұлға туралы;

3) конкурсқа (лотқа) бөлінген сомасының 1 (бір) пайызынан аз мөлшерде не өткізілетін сатып алу сомасының 100 (бір жүз) пайызынан аз мөлшерде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді енгізу.

32. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы), егер:

1) ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы:

жұмыстарды не қызметтерді әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушының) және ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) біліктілік талаптарына сәйкес келуін растау үшін әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушының) құжатты (құжаттарды) ұсынбаған;

әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) өзінің сәйкес келуін растау үшін ұсынған құжаттардағы ақпарат негізінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеу, сондай-ақ ол тартқан қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкес емес деп айқындалса; біліктілік талаптарына шынайы емес ақпарат ұсыну;

2) оның конкурсқа қатысуға өтінімі конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп анықталса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

33. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманың мәтінін конкурсқа қатысуға өтінім берген барлық әлеуетті жеткізушіге (сатып алу порталына қатысушыға) автоматты түрде хабарлай отырып, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған күні сатып алу порталына орналастырады.

6. Бағаның төмендеуіне арналған сауда-саттықты қоспағанда конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын конкурстық комиссияның бағалауы мен салыстыруы және конкурс жеңімпазын анықтау
(осы тарау конкурс өткізген кезде, оның ішінде екі кезеңді рәсімді қолдана отырып көрсетіледі)

34. Конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күні, уақытта және орында конкурстық комиссия конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру бойынша отырыс өткізеді.

Сатып алу порталы:

конкурсқа қатысушылардың тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді осы сатып алуды жүзеге асыру үшін бөлінген сомадан асатын конкурстық баға ұсыныстарын кері қайтарады;

конкурсқа қатысушылар бір конкурсқа (лотқа) қайтадан немесе бірден артық берген конкурс қатысушыларының конкурстық баға ұсыныстарынан бас тартылады (конкурсқа қатысуға өтініммен бірге берілген конкурстық баға ұсынысы қабылданады);

егер оның бағасы демпингтік болып табылса, конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысын кері қайтарады;

конкурсқа қатысушылардың кемінде екі кері қайтарылмаған конкурстық баға ұсыныстарына қатысты конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын конкурсқа қатысуға

рұқсат беру туралы хаттамада белгіленген критерийлердің пайыздық мәнін қолдану арқылы айқындайды, конкурсқа қатысушылардың шартты бағасын салыстырып тексереді және ең аз шартты бағасы негізінде олардың арасынан конкурстың жеңімпазын анықтайды;

конкурс қатысушыларының шартты бағалары салыстырылады, конкурс жеңімпазы анағұрлым төмен шартты баға негізінде айқындалады;

конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағасы тең болса, конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығында көбірек жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады. Тең шартты бағасы бар бірнеше әлеуетті жеткізушілердің жұмыс тәжірибесі тең болған жағдайда, конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстарынан ертерек келіп түскен әлеуетті жеткізуші жеңімпаз деп танылады.

35. Сатып алу қорытындысы туралы хаттама автоматты түрде қалыптасады және конкурстық комиссияның барлық мүшесіне және конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларға) электрондық пошта арқылы автоматты түрде хабарландыра отырып жарияланады.

7. Сауда-саттықты өткізу тәртібі және жеңімпазды анықтау (осы тарау бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс өткізген кезде көрсетіледі)

36. Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурстың екінші кезеңін өткізген кезде конкурсқа жіберілген әлеуетті жеткізушілер (сатып алу порталына қатысушылар) (конкурс қатысушылары) арасында конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген күні, уақыты және орында өткізіледі.

37. Сауда-саттық әрбір лотқа жеке нақты уақыт режимінде өткізіледі.

Сауда-саттықтың басталу уақыты Астана қаласы уақыты бойынша сағат 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін жұмыс уақытында белгіленеді.

38. Конкурс қатысушылары өткізілетін конкурстың (лоттың) мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің бағасы туралы ұсынысқа қол қойылған электрондық сандық қолды сатып алу порталы арқылы конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттаманы сатып алу порталына орналастырған күннен бастап екі жұмыс күні аяқталғаннан кейін ұсынады.

39. Сауда-саттық бастапқы бағадан бастап баға туралы ағымдағы ұсынысты конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген қадамға түсіру арқылы жүргізіледі.

Бастапқы баға болып өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу үшін тапсырыс беруші және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді тиісті қаржы жылына сатып алудың жоспарында көзделген бөлген сома табылады.

40. Сатып алу порталы барлық конкурс қатысушыларына конкурс қатысушыларының саны туралы ақпаратқа олардың атауынсыз ұсынады.

41. Конкурс қатысушысы ұсынатын баға ұсынысының саны шектелмеген, конкурс қатысушысы өзінің конкурстық баға ұсынысын азайту жағына бірнеше рет өзгертуге мүмкіндігі бар.

Конкурс қатысушылары өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға, жұмысқа, қызметке бастапқы бағадан төмендетілген бағаны сауда-саттықтың қадамына қарамастан ұсынуға жол беріледі.

42. Өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, қызметтің бағасы туралы конкурс қатысушыларының ұсыныстарын қабылдау уақыты конкурс

өткізудің басынан отыз минутты, сондай-ақ өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауар, жұмыстар, қызметтер баға туралы соңғы ұсынысы келіп түскеннен кейін он минутты құрайды. Егер көрсетілген уақыт ішінде өткізілетін конкурстың мәні болып табылатын тауардың, жұмыстың, қызметтердің төмен бағасы туралы бірде бір ұсыныс келіп түспесе, конкурс аяқталады.

Жеңімпаз деп өткізілетін сауда-саттықтың мәні болып табылатын тауарға, жұмысқа, қызметке ең төменгі баға ұсынған конкурс қатысушысы танылады.

43. Егер конкурс қатысушысы конкурстың басқа қатысушысы ұсынған бағаға тең баға ұсынса, басқа ұсыныстардан бұрын келіп түскен баға туралы ұсыныс жеңімпаз деп танылады.

44. Егер сауда-саттық басталғаннан кейін отыз минут ішінде конкурстың бірде-бір қатысушысы көрсетілген конкурсқа (лотқа) тауар, жұмыс, қызмет бағасы туралы ұсыныс бермесе, онда лот сауда-саттықтан алып тасталады және осы конкурсқа (лотқа) қатысты сауда-саттық өтпеді деп танылады.

45. Сауда-саттық нәтижелері бағаны төмендетуге арналған сауда-саттық конкурсын қолдана отырып автоматты түрде сатып алу порталында қалыптасады және сатып алу порталында сауда-саттық өткізу күні аяқталған уақытта орналастырады.

Бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс қорытындысы туралы қол қойылған хаттама сатып алу порталына автоматты түрде орналастырылады.

8. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару

46. Сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті жеткізушіге (сатып алу порталына қатысушы) енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтарып береді:

1) осы әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін кері қайтарып алған кезде;

2) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылған кезде. Аталған жағдай конкурсқа қатысушылар деп танылған әлеуетті жеткізушілерге (сатып алу порталына қатысушыларына) қолданылмайды;

3) конкурс тәсілімен сатып алудың нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған кезде қайтарып береді. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

4) сатып алу туралы шарт күшіне енген және (немесе) конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада көзделген сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген кезде;

5) әлеуетті жеткізушінің (сатып алу порталына қатысушының) конкурсқа қатысуға өтінімінің қолданылу мерзімі өткен кезде қайтарып береді. Аталған жағдай конкурс жеңімпазы деп танылған конкурс қатысушысына қолданылмайды.

47. Сатып алуды ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайларда:

1) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсты қоспағанда, әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурс тәсілімен электрондық сатып алу бойынша конкурстық баға ұсынысын конкурсқа қатысуға өтініммен бірге ұсынбаса;

2) әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алса не өзгертсе және (немесе) толықтырса;

3) конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) шарт жасаудан жалтарса;

4) бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурс тәсілімен электронды қатысушыларының бір де біреуі сауда-саттықты өткізу басталғаннан кейін он минут ішінде өткізілетін конкурс мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бағасы туралы ұсыныстар бермеген. Осындай жағдайда конкурстың барлық қатысушысына сатып алуды ұйымдастырушы бағаны төмендетуге арналған сауда-саттықты қолдана отырып конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын, өтпеді деп танылған лот сомасының 1 (бір) не 100 (бір жүз) пайызына тең сомасын қайтармайды;

5) конкурстың жеңімпазы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не тиісінше орындамаған, оның ішінде уақтылы орындамаған жағдайда қайтармайды.

9. Конкурс қорытындылары бойынша сатып алу туралы шарт

48. Конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші конкурс жеңімпазына сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін, сондай-ақ қол қойылған шарттың жобасын жібереді.

Шарт конкурстың жеңімпазымен конкурсқа қатысуға берген оның өтінімінде көзделген талаптарда жасалады және онымен жасалған шарттың бағасы конкурсқа қатысуға арналған өтінімде көрсетілген оның бағасынан аспауы тиіс.

49. Жеткізуші шарт жасаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепіл ақша жарнасы;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 28-қосымшаға сәйкес бойынша банк кепілдігі түрінде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізеді.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін шартта алдын ала ақы (аванс) төлемі көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызынан кем емес мөлшерде белгіленеді.

Егер шартта алдын ала ақы (аванс) төлемі көзделген болса, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызынан кем емес мөлшерді құрайтын алдын ала ақы (аванс) сомасына тең мөлшерде белгілейді.

Ұзақмерзімді шарт жасаған жағдайда ағымдағы қаржы жылындағы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшері тиісті қаржы жылында көзделген шарттың жылдық сомасына қарай есептеледі.

50. Шарттың жобасына жеңімпаз деп танылған әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) қол қояды және тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) қол қойған шарттың жобасын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде тапсырыс берушіге (сатып алуды ұйымдастырушыға) ұсынады.

Егер әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) белгіленген мерзімде қол қойылған шартты тапсырыс берушіге ұсынбаса немесе шарт жасасып, шарттың

орындалуына қамтамасыз ету енгізілмеген жағдайда мұндай әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) шартты жасасудан жалтарған болып саналады.

51. Әлеуетті жеткізуші (сатып алу порталына қатысушы) шарт жасасудан жалтарған деп танылған жағдайда тапсырыс беруші:

1) ол конкурсқа қатысуға енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады;

2) сатып алу туралы шарт жасасудан жалтаруға байланысты келтірілген шығындарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге жол беріледі.

52. Шарт оған тапсырыс беруші мен жеткізуші қол қойғаннан кейін не соңғысы шарттың орындалуына қамтамасыз етуді толық енгізгеннен соң күшіне енеді.

Міндетті мемлекеттік тіркеуден немесе өзге тіркеуден өтуі тиіс шарттар тіркелген сәттен бастап жасалған деп саналады.

Конкурса қатысу туралы келісім

Осы арқылы конкурс тәсілімен әлеуетті жеткізуші ретінде осы электрондық сатып алуға қатысуға ниетімізді және үлгі электрондық конкурстық құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес _____ тауарды жеткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге келісімімізді білдіреміз.

Осы арқылы өзімізге толық жауапкершілік қабылдаймыз және оның төмендегі талаптарды қабылдайтындығымызды растаймыз:

1) әлеуетті жеткізуші (консоциумға кіретін заңды тұлға) не оның қосалқы мердігері (бірлескен орындаушысы) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде тұрмауы;

2) әлеуетті жеткізуші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары жеткізушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болмауы не өткізілетін сатып алуда тапсырыс берушінің немесе ұйымдастырушының қызметкерлері болып табылмауы;

3) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) оның қызметкерінің тапсырыс берушіге не сатып алуды ұйымдастырушыға екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алуды қоспағанда, өткізілетін сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсетпеуі, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатыспауы;

4) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші басшысының Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынастары болмауы;

5) сатып алуға қатысуға үміткер әлеуетті жеткізуші басшысының Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылмауы;

6) сатып алуға қатысуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізуші Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті жеткізушінің басшысы болып табылмайды және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген заңды тұлғаларды басқаруға, құруға, олардың жарғылық капиталына қатысуға байланысты қатынасы болған жоқ;

7) әлеуетті жеткізушінің және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігердің (бірлескен орындаушының) атқарушы құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелерінің болмауы және атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган борышкерлердің тиісті тізіліміне енгізбеуі;

8) әлеуетті жеткізуші мен әлеуетті жеткізушінің үлестес тұлғасы бір конкурса (лотка) қатыспауы.

Осы арқылы Қағидалардың 282-тармағында көзделген фактілер анықталған жағдайда және тапсырыс беруші қағидалардың 15-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартылған

жағдайда әлуетті жеткізушінің тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді (қажеттісі көрсетілсін) сатып алу туралы шартты бұзуға келісімін білдіреді.

Конкурстық құжаттамамен танысқанымызды және сатып алуды ұймыдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқық өкілеттігін, біліктілігі, (жеткізілетін тауардың, орындалатын жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) сапалық және өзге де сипаттамалары туралы шынайы емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілік туралы, авторлық және аралас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтау туралы хабардар екендігімізді растаймыз.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде және оларға қоса берілетін құжаттарда осындай шынайы емес мәліметтер ұсынғаны үшін толық жауапшілікте өзімізге аламыз.

Конкурсқа қатысуға арналған біздің өтініміміздің конкурстық құжаттама талап ететін мерзім бойы күші болады.

Конкурсқа қатысуға арналған Біздің өтініміміз жеңімпаз деп танылса, біз шарттың орындалуына қамтамасыз етуді конкурстық құжаттамада көрсетілген мөлшерде енгіземіз.

Шарт жасалған сәтке дейін конкурсқа қатысуға біз берген өтінім оны жеңімпаз деп тану туралы хабарламамен бірге тапсырыс беруші мен біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін орындайтын болады.

Нысан

**Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін
қызметтердің тізбесі**

№ _____ конкурстың (лоттың) атауы _____

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы*	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Жеткізу шарттары (ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 сәйкес)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны	Аванстық төлем мөлшері, % (бар болса)	Конкурс тәсілімен сатып алу үшін бөлінген сома (лот № бойынша), теңгемен
7	8	9	10

* Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің сипаттамаларын техникалық ерекше нұсқамада сипаттаған кезде бағанда тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша атауы және әрбір позиция бойынша техникалық ерекше нұсқаманың нақты бөліміне сілтеме көрсетіледі

Нысан

Берешегінің жоқ екендігі туралы анықтама

Банк (атауы) _____ жағдай бойынша осы Банкте қызмет көрсетілетін (заңды тұлғаның толық атуын, телефонын, мекенжайын көрсету) анықтаманы (мәліметті) беру күнінің алдындағы үш айдан астам созылатын банк алдында мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы растайды.

Күні

Қолы

Мөр орны (болған кезде)

Нысан

Электрондық сатып алу конкурсында сатып алудың мәні болып табылатын, жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер (қызмет көрсету кезіндегі қоса орындаушылар) туралы мәліметтер, сондай-ақ әлеуетті жеткізуші қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің түрлері

(конкурстың толық атауын көрсету қажет)

№ _____ конкурстың атауы _____

Лот № _____ лот атауы _____

Р/с №	Қосалқы мердігер (қоса орындаушы) – заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (қоса орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қосалқы мердігердің (қоса орындаушының) БСН (ЖСН), оның толық заңды және (немесе) пошталық мекенжайы, байланыс телефоны	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) атауы	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) ақшалай мәндегі көлемі	Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес орындалатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) пайыздық мәндегі көлемі
	Осы қосалқы мердігер (қоса орындаушы) бойынша барлығы			теңге	көлемінің %
	Осы қосалқы мердігер (қоса орындаушы) бойынша барлығы			теңге	көлемінің %
	Барлық қосалқы мердігерлер (қоса орындаушылар) бойынша жиынтығы			теңге	көлемінің %

Осы арқылы конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) қатысуға өтінім беретін әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігері (және) қоса орындаушысы (және)) конкурс (конкурстың толық атауын көрсету) тәсілімен сатып алуға қатысудың талаптары туралы өзінің хабардар екендігін білдіреді және конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлеріне (қоса орындаушыларына) қатысты бөлігінде көзделген талаптарды бұзғандығы үшін жауапкершілікті өзіне қабылдайды.

Қосалқы мердігер (қоса орындаушы) - заңды тұлғаның атауы не жеке тұлға болып табылатын қосалқы мердігердің (қоса орындаушының) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қосалқы мердігердің (қоса орындаушының) уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қолы

Әлеуетті жеткізушінің қосалқы мердігерлерге (қоса орындаушыларға) жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен асатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемін беруіне жол берілмейді.

Нысан

(әлеуетті жеткізушінің атауы)
әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы
(лоттың нөмірі көрсетіле отырып, әрбір лотқа жеке толтырылады)

Р/с №	Мазмұны	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы
1	Қысқаша сипаты	
2	Шығарған елі (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырылмайды)	
3	Дайындаушы зауыт (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде толтырылмайды)	
4	Өлшем бірлігі	
5	_____ біреуінің бағасы _____ ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 талаптары бойынша _____ (межелі орны)	
6	Саны (көлемі)	
7	Барлық бағасы = _____ 5-жол. x 6-жол.	
8	Әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баж салықтарын, салықтарды, төлемдер мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектердің, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған құнын және тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету талаптарыда көрсетілген ҚҚС сомасы шегірлеген басқа да шығыстарды қоса алғанда, ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 _____ талаптары бойынша межелі орны, жалпы бағасы	

Біз сіздердің конкурстық құжаттамада ескертілген төлемдік талаптарыңызбен келісеміз.

(Қолы)

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Мөр орны (болған кезде)

Ескерту: әлеуетті жеткізушіге жалпы бағаның құраушы бөліктерін көрсетпеуге рұқсат беріледі, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны әлеуетті жеткізушінің барлық шығындарын, ескере отырып конкурстық комиссия белгіленген ретінде қарайды және ол қайта қаралмайды

**Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін
қызметтердің) техникалық ерекше нұсқамасы**
(әрбір лотқа жеке беріледі)

Конкурстың атауы _____
Лоттың № _____ лоттың атауы _____

Техникалық ерекше нұсқамада қажетті ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) толық сипаты және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамалары беріледі. Сондай-ақ жеткізілетін тауарлар (орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) сәйкес болуы тиіс ұлттық стандарт, мемлекет аралық немесе халықаралық стандарттар (олар болған кезде) кепілдік мерзімі көрсетіледі.

Тауарларға берілетін техникалық ерекше нұсқамада функционалдық, техникалық, сапалық сипаттамаларын сипаттау функционалдық шектерді, техникалық сипаттама өлшемдерін, үздік техникалық ерекшелікті айқындау мақсатында тауардың мақсатын қамтитын тиісті бөлімдерге бөлінеді.

Техникалық ерекше нұсқамада тауарларды жеткізу кезінде қажетті ілеспе көрсетілетін қызметтер (құрастыру, ретке келтіру, оқыту, тауарларды тексеру және сынақтан өткізу және т.б.) және оларды көрсету орны, тауардың шыққан жылы, кепілдік мерзімі көрсетілуі тиіс.

Көрсетілетін қызметтерге берілетін техникалық ерекше нұсқамада техникалық және сапалық сипаттамаларын сипаттау тиісті бөлімдерге бөлінеді, олар техникалық сипаттама өлшемдерін және қызмет көрсетуді тағайындауды қамтиды. Көрсету сапасы осындай қызметті көрсететін қызметкердің біліктілігіне байланысты болатын көрсетілетін қызметті сатып алған жағдайда техникалық ерекше нұсқамада қызметкердің оған жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті деңгейін және кәсіби дайындық ауқымын, жұмыс өтілін айқындайтын оған қойылатын талаптардың сипаты беріледі. Техникалық ерекше нұсқамада ұлттық стандарт, мемлекетаралық немесе халықаралық стандарт көрсетіледі.

Жобалау-сметалық құжаттаманы талап ететін жұмыстарды сатып алуды жүзеге асырған кезде конкурстық құжаттамаға техникалық ерекше нұсқаманың орнына белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама қоса беріледі.

Жұмыстарға техникалық ерекше нұсқамада құрылыс алаңының, географиялық, инженерлік-геологиялық және басқа да ерекше табиғи жағдайлардың қысқаша сипаты, инфрақұрылым мен коммуникацияның болуы, жергілікті ресурстардың сипаты, стандарттар мен техникалық нормативтер жүйесі, сондай-ақ объектіні пайдалануға беру кезінде қайшылықтарды болдырмайтын объектінің толық құрамы, аумақты инженерлік дайындау, өндіріс технологиясы мен жабдық, инженерлік қамтамасыз ету, пайдаланылатын материалдар мен конструкциялар, объектіні жарақтандыру және басқалар жөніндегі талаптар көрсетілуі тиіс. Тиісті нормативтік-техникалық құжаттамаға жасайтын сілтемені көрсетуге рұқсат беріледі.

Әлеуетті жеткізуші белгіленген талаптарға сай келетін техникалық ерекше нұсқаманы ұсынады.

Нысан

Банк кепілдігі

Банктің атауы _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге _____
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы және деректемелері)

№ _____ кепілдік міндеттеме

_____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____
(орналасқан жері)

Біз _____
(әлеуетті жеткізушінің атауы)

бұдан әрі «Жеткізуші» _____
_____ ұйымдастырған
(сатып алуды ұйымдастырушының атауы)

сатып алу туралы конкурсқа қатысатыны және _____

_____ конкурс, (лот/лоттар) бойынша тауарлардың, жұмыстардың,
көрсетілетін қызметтердің атауы
жеткізуді жүзеге асыруға (жұмысты орындауға, қызмет көрсетуге) дайын екендігі жөнінде
хабардар болдық.

Жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі _____ жылғы « ____ » _____
конкурстық құжаттамада әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз
етуді банк кепілдігі түрінде енгізуі көзделген.

Осыған байланысты біз _____
(банктің атауы)

осы арқылы Сіздің жазбаша ақы төлеуге талабыңызды, сондай-ақ Жеткізушінің:

конкурсқа қатысуға өтініммен бірге бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану
конкурсын қоспағанда конкурс тәсілімен электрондық сатып алу бойынша конкурстық баға
ұсынысын бермегендігі;

конкурсқа қатысуға өтінімдерді түпкілікті беру мерзімі өткеннен кейін конкурсқа
қатысуға өтінімді кері қайтарып алғандығы не өзгерткендігі және (немесе)
толықтырғандығы;

бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсына қатысушы ретінде танылған
сауда-саттық өткізу басталғаннан кейін отыз минут ішінде тауардың, жұмыстың,
көрсетілетін қызметтің бағасы туралы ұсыныс бермесе; Ақы төлеуге талаптар егер бағаны
төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсына қатысушылардың біреуі белгіленген мерзімде
тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің бағасы туралы ұсыныс бермесе, өтпеген деп
танылған лоттың сомасының 1 (бір) немесе 100 (бір жүз) пайызына тең конкурсқа қатысуға
өтінімдер қамтамасыз ету сомасының мөлшерінде ұсынылады;

конкурстың жеңімпазы ретінде анықталушының шарт жасасудан жалтарғандығы;

шарт жасап, конкурстық құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды орындамағандығы не уақтылы орындамағаны туралы жазбаша растамаңызды алған бойда Сізге талабыңыз бойынша

(сомасы цифрмен және жазумен)

тең соманы төлеудің қайтарылмайтын міндеттемесін өзімізге қабылдаймыз.

Осы кепілдік міндеттеме конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап күшіне енеді.

Осы кепілдік міндеттеме Жеткізушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімінің соңғы қолданылу мерзіміне дейін қолданылады және, егер Сіздің жазбаша талабыңызды біз _____ аяғына дейін алмасақ, осы құжат бізге қайтарылатындығына немесе қайтарылмайтындығына қарамастан, толық және автоматты түрде күшін жояды. Егер конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі ұзартылған болса, онда осы кепілдік міндеттеме сол мерзімге ұзартылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы

Күні және мекенжайы

Мөр орны (болған кезде)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы

(тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) толық атауы, пошталық (заңды) мекенжайы)

Р/с №	Конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды аты және өткізу мерзімі	Конкурстық комиссия хатшысының тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болса)	Жеткізушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері	Әлеуетті жеткізушінің толық атауы, пошталық (заңды) мекенжайы және деректемелері	Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конвертті тіркеу күні мен уақыты	Әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы ақпарат
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Осындай бас тарту себебін көрсете отырып конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеуден бас тарту	Әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің қолы	Конкурстық комиссия хатшысының қолы	Белгіленген талаптарға сәйкес келтірілген конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді тіркеу күні мен уақыты*	Әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болса)*
8	9	10	11	12

* әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келтірген жағдайда толтырылады

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасы

_____ (конкурс аты)

_____ (Конкурстық комиссия отырысының орны)

_____ (Уақыты мен күні)

1. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

_____ (конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы)

конкурсқа қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін өткізді.

2. Конкурс _____ лоттардан (олар болған кезде) тұрады.
(лоттардың атауы)

3. Мына әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттаманың көшірмесін алды:

_____ (барлық әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайы)

4. Әлеуетті жеткізушілер: _____
(әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайын көрсету)

конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін берген конкурсқа қатысуға өтінімдер _____ негізінде ашылмаған күйінде қайтарылды.

5. Әлеуетті жеткізушілер:

_____ (барлық әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайлары, конкурсқа қатысуға өтінімді берген уақыты конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес хронологиялық тәртіппен көрсету)
конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін белгіленген мерзімде берген конкурсқа қатысуға өтінімдер ашылды және онда:

_____ (конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу кезінде қатысқандардың бәріне жарияланған өтінімдегі құжаттар тізбесі,

_____ кері қайтарып алу туралы және конкурсқа қатысуға өтінімдерге өзгерістер туралы ақпарат, конкурсқа қатысуға өтінімдер құжатының парақтар саны көрсетіледі)

6. Өтінімдерді ашу кезінде конкурсқа мына әлеуетті жеткізушілер қатысты:

_____ (конкурсқа қатысуға өтінімдерді ашу кезінде қатысқа әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайы,

олардың уәкілетті өкілдерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына б-қосымша

Нысан

Конкурса қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы

_____ (конкурстың аты)

_____ (Конкурстық комиссия отырысының орны)

_____ (уақыты мен күні)

1. Мына құрамдағы конкурстық комиссия: _____

(конкурстық комиссияның төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымдары көрсетіледі)

_____ (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы (болған кезде лоттарын көрсете отырып))

сатып алу жөніндегі конкурса қатысуға өтінімдерді қарады.

2. Конкурса қатысуға өтінімдерге қоса берілген техникалық ерекше нұсқамаларға сәйкестігі жөнінде қорытындыларды берген сарапшыларды тарту туралы ақпарат.

3. Конкурстық комиссия мынадай әлеуетті жеткізушілердің:

_____ (конкурса қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес өтінімдер берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін конкурса қатысуға өтінімдер берген әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайы, өтінімдегі құжаттар тізбесі, конкурстық құжаттамада көзделген қандай да бір құжаттың жоқтығы туралы ақпарат және басқа ақпарат хронологиялық тәртіппен көрсетіледі)

конкурса қатысуға ашылған өтінімін қарады.

4. Конкурса қатысуға өтінімдерді олардың біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуіне қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия:

1) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін _____;

(әлеуетті жеткізушілердің тізбесі әрбір лот бойынша жеке көрсетіледі)

2) біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес _____

_____ (әлеуетті жеткізушілердің әрбір лот бойынша тізбесі, конкурса қатысуға өтінімдердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеу себептері көрсетіледі)

келмейтін әлеуетті жеткізушілердің конкурса қатысуға өтінімдерін жариялайды.

5. Конкурстық комиссия конкурса қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен ШЕШТІ:

1) мына әлеуетті жеткізушілерге _____

(әлеуетті жеткізушілердің тізбесі әрбір лот бойынша жеке көрсетіледі)

конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы ұсынылсын;

2) конкурсқа қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілген әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін қарау үшін конкурстық комиссия отырысының күні, уақыты және орны _____ белгіленсін;

(конкурстық комиссия отырысының күні, уақыты және орнын көрсету)

3) конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасының мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына орналастырсын.

Әлеуетті жеткізушілерді әрбір лот бойынша көрсету талаптарында конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу туралы жалпы хаттаманы ресімдеуге жіберіледі.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Қарсы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Конкурсқа қатысуға жіберу хаттамасы

(конкурстың атауы)

(Конкурстық комиссия отырысының орны)

(уақыты мен күні)

1. Мына құрамдағы конкурстық комиссия:

(конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымдары көрсетіледі)

(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың атауы (болған кезде лоттарын көрсете отырып))

сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарады.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерде ұсынылған техникалық ерекше нұсқамаларға сәйкестігі жөнінде қорытындыларды берген сарапшыларды (сараптамалық комиссияны) тарту туралы ақпарат.

3. 20__ жылғы «__»____ конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасына сәйкес әлеуетті жеткізушіге конкурсқа қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы берілді.

Әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімі 20__ жылғы «__»____ «__» сағат __ минутта қайталап берілді.

(бұл тармақ конкурсқа қатысуға алдына ал жіберу хаттамасы ресімделген жағдайда толтырылады)

4. Конкурстық комиссия мына әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға ашылған өтінімдерін қарады:_____

(конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін конкурсқа қатысуға өтінімдер берген барлық әлеуетті жеткізушілердің атауы, мекенжайы, конкурсқа қатысуға өтінім беру уақыты, өтінімдегі құжаттар тізбесі, конкурстық құжаттамада көзделген қандай да бір құжаттың жоқтығы туралы ақпарат, конкурсқа қатысуға өтінімдерді кері қайтарып алу және оның өзгеруі туралы ақпарат және басқа ақпарат хронологиялық тәртіппен көрсетіледі) және конкурстық комиссия отырысының барлық қатысушыларына жарияланған.

5. Біліктілік талаптарына, конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдері:_____.

(конкурсқа қатысуға өтінімдерін қабылдамау себебін көрсете отырып, қатысуға конкурсқа қатысуға өтінімдері қабылданбаған әлеуетті жеткізушілер әрбір лот бойынша жеке деректемелері) көрсетіледі)

6. Әлеуетті жеткізушілердің біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға өтінімдер:

_____ ;
(әлеуетті жеткізушілердің тізбесі әрбір лот бойынша
(деректемелері) жеке көрсетіледі)

7. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен ШЕШТІ:

1) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілсін:

_____ ;
(конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін көрсету)

2) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін:

_____ ;
(конкурсқа қатысуға жіберілмеген әлеуетті жеткізушілердің
тізбесін көрсету)

3) қоса беріліп отырған нысанға сәйкес конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін бағалау критерийлерінің мәні айқындалсын;

4) конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді қабылдау күні, уақыты және орны _____ белгіленсін;

5) конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстыру бойынша конкурстық комиссиясының отырыс күні, уақыты және орны _____ белгіленсін;

6) конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға жіберу хаттамасының мәтінін оған қол қойылған күні тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына орналастырсын.

Әрбір лот бойынша әлеуетті жеткізушілерді көрсету талаптарында конкурсқа қатысуға жіберу туралы жалпы хаттаманы ресімдеуге рұқсат беріледі.

8. Конкурстық комиссия бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШТІ*:

1) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілсін:

_____ ;
(конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін көрсету)

2) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін:

_____ ;
(конкурсқа қатысуға жіберілмеген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін көрсету)

3) лоттың бастапқы бағасы:

_____ ;
(сомасы цифрмен және жазумен көрсетілсін)

қадамы:

_____ белгіленсін;

(сомасы цифрмен және жазумен көрсетілсін)

4) сауда-саттықты өткізу күні, уақыты және орны 20 __ жылғы «__» _____ «__» сағат _____ минутқа белгіленсін;

5) конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға жіберу хаттамасының мәтінін оған қол қойылған күні тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына орналастырсын.

Әрбір лот бойынша әлеуетті жеткізушілерді көрсету талаптарында конкурсқа қатысуға жіберу туралы жалпы хаттаманы ресімдеуге рұқсат беріледі.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса))

Қарсы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болса)).

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының
тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

* осы хаттаманың 8-тармағы бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурс
өткізген кезде көрсетіледі, бұл ретте осы хаттаманың 7-тармағы алынып тасталады

Конкурсқа қатысуға жіберу туралы
хаттамаға қосымша

Нысан

**Әлеуетті жеткізушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің
шартты бағасына пайыздық әсерлерді есептеу**

P/c №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Лот №	Мынадай бағалау критерийлерін ескере отырып, әлеуетті жеткізушінің шартты бағасына пайыздық әсері, пайызбен					Конкурсқа қатысуға өтінімінің шартты бағасына сомалық пайыздық әсерінің жиынтығы	Барлығы	
			Өткізілетін сатып алудың мәні болып табылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығындағы жұмыс тәжірибесі	«Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес отандық тауар өндіруші үшін сертификаттау туралы құжаттың болуы	Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес сапа менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) болуы	Ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес менеджментінің сертификатталған жүйесінің (сертификатталған жүйелерінің) болуы және (немесе) «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, экологиялық таза өнім стандартына сәйкестігін растаудың болуы	Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың болуы			Отандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің статусы болуы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 8-қосымша

Нысан

Конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналы

(тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) толық атауы және пошталық (заңды) мекенжайы)

Р/с №	Тауарларды, жұмыстарды көрсетілетін қызметтерді сатып алудың аты	Әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болса), жеке басын куәландыратын құжатының деректері	Әлеуетті жеткізушінің толық атауы және пошталық (заңды) мекенжайы және деректемелері	Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын тіркеу күні мен уақыты	Осындай бас тарту себебін жаза отырып конкурстық баға ұсыныстарын тіркеуден бас тарту	Әлеуетті жеткізушінің уәкілетті өкілінің қолы
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Конкурс тәсілімен сатып алудың қорытындылары туралы хаттама

_____ (конкурстың атауы)

_____ (Конкурстық комиссия отырысының орны)

_____ (Уақыты мен күні)

1. Мына құрамдағы конкурстық комиссия: _____

_____ (конкурстық комиссияның төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымдары көрсетіледі)

_____ (сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қысқаша сипаттау)
конкурсы бойынша конкурстық баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсімін өткізді және конкурстық баға ұсыныстарын бағалады, салыстырды, ол конкурстық комиссия отырысына қатысушыларға жарияланды.

2. Сатып алу үшін әрбір лот бойынша жеке теңгемен бөлінген сома (соманы көрсету).

3. Мына конкурсқа қатысуға өтінімдер жіберу туралы хаттамаға сәйкес конкурсқа (лотқа) жіберілді: _____

_____ (конкурсқа қатысуға өтінімдері жіберілген әлеуетті жеткізушілерді көрсету)

4. Мына әлеуетті жеткізушілердің _____

_____ (конкурстық баға ұсынысы бағалауға және салыстыруға қабылданбаған конкурсқа қатысушы, негіздемесімен көрсетіледі)

конкурстық баға ұсыныстары бар конверттері қабылданған жоқ.

5. Конкурс қатысуға жіберу туралы хаттамада белгіленген мерзімде берілген конкурстық баға ұсыныстары: _____

_____ (конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына сәйкес конкурсқа қатысушылар хронологиялық тәртіппен көрсетіледі)

ашылды және мыналарды қамтиды: _____

_____ (конкурстық баға ұсыныстарын тіркеу журналына оларды тіркеудің хронологиялық тәртібімен конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстары көрсетіледі)

6. Мыналардың конкурстық баға ұсыныстары қабылданбады: _____

_____ (себептерін көрсете отырып конкурстық баға ұсыныстары қабылданбаған конкурсқа қатысушылар көрсетіледі)

7. Конкурса қатысушылардың шартты бағалары _____

_____ . (критерийлердің пайыздық мәнін ескере отырып, конкурса қатысушылардың шартты бағасы көрсетіледі)

8. Конкурстық комиссия конкурса қатысушылардың қабылданған конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШТІ:

1) конкурса қатысушының _____

_____ (конкурса қатысушының атауы мен мекенжайын, сондай-ақ ол жеңімпаз деп танылған талаптарды көрсету)

конкурса қатысуға өтінімі жеңімпаз деп танылсын немесе _____ (конкурстың атауы)

сатып алу жөніндегі конкурс _____ (тиісті себебін көрсету)

өтпеді деп танылсын;

2) _____ неғұрлым

_____ (болған кезде конкурса қатысушының атауын және орналасқан жерін сондай-ақ оның негізінде ұсыныстары неғұрлым артық болып табылатын талаптарды көрсету)

артығырақ болып табылатын ұсынысы бар конкурса қатысушыны айқындау;

3) тапсырыс беруші _____;

_____ (конкурс жеңімпазының атауын көрсету)

4) сатып алуды ұйымдастырушы _____

_____ (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсына жарияласын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтаушы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса));

Қарсы дауыс _____ (конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 10-қосымша

Нысан

Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуларға қатысуға өтінімдерді ашу хаттамасы
(әрбір лот бойынша (олар болған кезде) жеке жасалады)

№ _____ конкурстың аты _____
Лот№ _____ лот атауы _____

1. Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Комиссиядағы рөлі

2. Мына әлеуетті жеткізушілер конкурстық құжаттаманың көшірмесін алды:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Конкурстық құжаттаманы алған күні мен уақыты

3. Мына әлеуетті жеткізушілерге конкурсқа қатысуға өтінім берілді:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Өтінімді беру күні мен уақыты

4. Конкурстық құжаттамада көзделген құжаттардың бар (жоқ) екендігі туралы ақпарат:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Құжаттың атауы	Бар екендігінің белгісі

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 11-қосымша

Нысан

**Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуларға қатысуға
алдын ала жіберу хаттамасы**
(әрбір лот бойынша (олар болған кезде) жеке жасалады)

№ _____ конкурстың аты _____

Лот№ _____ лот атауы _____

1. Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Комиссиядағы рөлі

2. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер туралы ақпарат:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Өтінімді беру күні мен уақыты

3. Конкурстық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы (әлеуетті жеткізушілердің тізбесі)	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы, комиссиядағы рөлі	Комиссия мүшесінің шешімі	Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеу себебі	Негіздеме (болған жағдайда көрсетіледі)	Әлеуетті жеткізушіге конкурсқа қатысуға өтінімді біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру үшін берілуге қажетті құжаттардың тізбесі

4. Қайтарылған конкурсқа қатысуға өтінім:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)

5. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға өтінімдер:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)

--	--	--

6. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша
ШЕШТІ:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Конкурстық комиссияның шешімі

Әлеуетті жеткізушілер біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірген конкурсқа қатысуға өтінімдерді түпкілікті беру күні мен уақыты: осы хаттама жарияланған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей.

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 12-қосымша

Нысан

**Конкурс тәсілімен электрондық сатып алуларға қатысуға
жіберу туралы хаттама**
(әрбір лот бойынша жеке жасалады)

№ _____ конкурстың аты _____
Лот№ _____ лот атауы _____

1. Конкурсдық комиссияның құрамы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Комиссиядағы рөлі

2. Сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер):

Лот нөмірі	Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңгемен

3. Конкурсқа қатысуға ұсынылған өтінімдер туралы ақпарат:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Өтінімді беру күні мен уақыты

4. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтірген конкурсқа қатысуға өтінімдер туралы ақпарат (бұл ақпарат конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамасы болған кезде жарияланады):

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері	Өтінімді беру күні мен уақыты

5. Конкурсдық комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы, комиссиядағы рөлі	Комиссия мүшесінің шешімі	Қабылдамау себебі	Негіздеме (кері қайтарылған жағдайда көрсетіледі)

6. Кері қайтарылған конкурсқа қатысуға өтінімдер:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Қабылдамау себебі

7. Біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысуға өтінімдер:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)

8. Конкурстық құжаттаманың үлгі электрондық конкурстық құжаттаманың 3-тармағының 2) тармақшасында көзделген бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурсты қоспағанда конкурсқа қатысуға жіберілген өтінімдерге критерийлердің қатыстылық мәнін қолдану нәтижелері туралы ақпарат:

Р/с №	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Шартты жеңілдіктер, %			
			Жұмыс тәжірибесі	Тауарларды ерікті сертификаттау туралы құжаттың болуы	Сертификатталған сапа менеджменті жүйесінің болуы	Қоршаған ортаны басқару менеджменті жүйесін сертификаттау құжатының болуы
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Шартты жеңілдіктер, %		
Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың болуы	Отандық жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің статусы болуы	Жалпы шартты жеңілдік, %
8	9	10

9. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ШЕШТІ:

1) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілсін: _____;

(конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін, атауын, БСН (ЖСН), деректемелерін көрсету)

2) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін: _____;

(конкурсқа қатысуға жіберілмеген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін, атауын, БСН (ЖСН), деректемелерін көрсету)

3) конкурстық баға ұсыныстарын ашу күні, уақыты _____ белгіленсін;

4) конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға жіберу туралы хаттаманың мәтінін жіберу туралы шешім қабылданған күні сатып алу порталында жарияласын.

10. Конкурстық комиссия бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру арқылы ШЕШТІ*:

1) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілсін: _____;

(конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін, атауын, БСН (ЖСН), деректемелерін көрсету)

2) мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға жіберілмесін: _____;

(конкурсқа қатысуға жіберілмеген әлеуетті жеткізушілердің тізбесін, атауын, БСН (ЖСН), деректемелерін көрсету)

3) лоттың бастапқы бағасы _____;
(сомасы цифрмен және жазумен көрсетілсін)

қадамы: _____ белгіленсін;

(сомасы цифрмен және жазумен көрсетілсін)

4) сауда-саттықты өткізу күні, уақыты және орны 20 ____ жылғы «__» _____ «__» сағат _____ минутқа белгіленсін;

5) конкурстық комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға жіберу хаттамасының мәтінін жіберу туралы шешім қабылданған күні сатып алу порталында орналастырсын.

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары

* осы хаттаманың 10-тармағы бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурс өткізген кезде көрсетіледі, бұл ретте осы хаттаманың 9-тармағы алынып тасталады

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 13-қосымша

Нысан

Конкурс тәсілімен электрондық сатып алулар қорытындысы туралы хаттама
(әрбір лот бойынша жеке жасалады)

№ _____ конкурстың аты _____
Лот№ _____ лот атауы _____

1. Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Комиссиядағы рөлі

2. Сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер):

Лот нөмірі	Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) атауы	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңгемен

3. Конкурсқа қатысуға мына өтінімдер жіберілді:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері

4. Мына әлеуетті жеткізушілер конкурсқа қатысуға өтініммен бірге берген конкурстық баға ұсыныстары:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Конкурсқа қатысуға өтінімді беру күні мен уақыты

5. Конкурстық баға ұсыныстары қабылданған жоқ:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Қабылдамау себебі

6. Конкурсқа қатысушылардың шартты бағасының есебі:

№	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Әрбір лот бойынша жеке сатып алу үшін теңгемен бөлінген сома (сомасын	Жеткізушінің бағасы	Шартты жеңілдік мөлшері,	Шартты жеңілдікті есептегендегі

теңге

			көрсету)		%	бағасы
1	2	3	4	5	6	7

7. Конкурстық комиссия конкурстық баға ұсыныстарын қараудың нәтижелері бойынша ШЕШТІ:

№	Конкурстық комиссияның шешімі	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері
1	Жеңімпаз деп танылсын не: (конкурстың (лоттың) атауы) сатып алу бойынша конкурс _____ байланысты өтпеген деп танылсын*			
2	ұсынысы анағұрлым артығырақ болып табылатын конкурс қатысушысын айқындау			
3	Тапсырыс беруші _____ жылғы _____ дейінгі мерзімге дейін конкурс жеңімпазымен шарт жасассын			

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары

*Мына мәндердің біреуі: «ұсынылған өтінімдердің болмауы», «екіден аз өтінім ұсыну», «конкурсқа қатысуға ешқандай әлеуетті жеткізуші жіберілген жоқ», «конкурсқа қатысуға бір әлеуетті жеткізуші жіберілді», «конкурсқа қатысушылардың ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарының болмауы», «конкурсқа қатысушылардың екіден аз конкурстық баға ұсыныстарының ұсынылуы», «конкурсқа қатысушының қабылданбаған тек бір ғана конкурстық баға ұсынысы қалды»

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің,
оның ведомстволарының, оның құрылымына
кіретін ұйымдардың және дауыс беретін
акцияларының (жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп пайызы
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың және
олармен үлестес заңды тұлғалардың
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі қағидаларына
14-қосымша

Нысан

Конкурс тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы, пошталық және электрондық мекенжайы)
мына тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу бойынша конкурстың
өтетіндігі туралы хабарлайды:

(жүзеге асырылатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алудың атауы)
Конкурстық құжаттама ұсынылатын тәсіл _____.
Тауар жеткізіледі (жұмыстар орындалады, қызметтер көрсетіледі): _____.

(тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу орны мен олардың көлемдері көрсетіледі)
(сатып алуды ұйымдастырушының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің
толық тізбесінің, олардың саны мен толық ерекше нұсқамасының конкурстық құжаттамада көрсетілгендігі
туралы сілтеме жасауына рұқсат етіледі)
Тауарларды жеткізуге (жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге) талап етілетін мерзім

_____.
Әлеуетті жеткізушілер конвертке салынған конкурсқа қатысуға
өтінімдерді _____

(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)
мына: _____ мекенжай бойынша
(толық мекенжайы, каб.№ көрсету)

ұсынады (жібереді).

Конкурсқа қатысуға өтінімдер түпкілікті беру мерзімі _____ дейін.
(уақыты мен күнін көрсету)

Конкурсқа қатысуға өтінімдер _____
(уақыты мен күнін көрсету)

мына: _____ мекенжай бойынша ашылады.
(толық мекенжайы, каб.№ көрсету)

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон бойынша алуға болады: _____.
(қаланың кодын және телефон нөмірін көрсету)

Конкурстық комиссия хатшысы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы және
байланыс телефоны көрсетіледі)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
15-қосымша

Нысан

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді уақытша беру журналы

Р/с №	Конкурсқа қатысуға өтінім	Парақтар саны	Конкурсқа қатысуға өтінімді алған адамның аты-жөні және қолы, оларды алу күндері	Конкурсқа қатысуға өтінімді қайта алғандығы туралы куәландыратын конкурстық комиссия хатшысының аты-жөні, оларды алған күні
1	2	3	4	5

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
16-қосымша

Бағасын төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын сатып алудың мәні болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

1. Тас көмір.
2. Электр қозғалтқыштар және электртехникалық аппаратура.
3. Тапсырыс берушінің өнімдерін шығарумен байланысты машиналар мен жабдықтар (электрондық, құрылыс және басқа).
4. Көлік құралдары (жеңіл автомобилдер, жүк тасымалдайтын автомобилдер, арнайы көлік, автобустар және автотіркеме).
5. Жиназ.
6. Жаңа үйлерді, ғимараттарды (құрылыстарды), инженерлік және көлік коммуникацияларын салу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің,
оның ведомстволарының, оның құрылымына
кіретін ұйымдардың және дауыс беретін
акцияларының (жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп пайызы
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың және
олармен үлестес заңды тұлғалардың
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі қағидаларына
17-қосымша

Нысан

**Бағаны төмендетуге сауда-саттық қолданылатын конкурсқа қатысушының
№ _____ билеті**

_____ (конкурстың мәні болып табылатын лоттың атауы және бастапқы бағасы, лоттың нөмірі)

_____ берілді.

(конкурсқа қатысушының атауы)

Конкурсқа қатысушының осы билеті 20 ____ жылғы « ____ » _____ сағат _____
минутта, _____

(мекенжайын көрсету)

мекенжай бойынша өтетін _____ бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін
берілді.

Конкурстық комиссияның төрағасы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

20 ____ жылғы « ____ » _____
(беру күні)

Мөр орны (болған кезде)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 18-қосымша

Нысан

Бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсы тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама

_____ (конкурс атауы)

_____ (Конкурстық комиссия отырысының орны)

_____ (уақыты мен күні)

1. Конкурстық комиссия құрамы: _____.

_____ (конкурстық комиссия төрағасының, оның орынбасарының, мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы көрсетіледі)

2. Конкурс бойынша сатып алу үшін теңгемен бөлінген сома (соманы көрсету)(әрбір лотқа жеке).

3. Жіберу туралы хаттамаға сәйкес конкурсқа жіберілген конкурсқа қатысуға өтінімдер: _____.

_____ (конкурсқа қатысуға өтінімдері жіберілген әлеуетті жеткізушілерді көрсету)

4. Сауда-саттықтың басталу күні мен уақыты: 20__жылғы «__» _____ «__» сағ. _____.

5. Сауда-саттықтың аяқталу күні мен уақыты: 20__жылғы «__» _____ «__» сағ. _____.

6. Лоттың бастапқы бағасы: _____ (сомасын цифрмен және жазумен көрсету)

7. Қадамы: _____ (сомасын цифрмен және жазумен көрсету)

8. Бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсына қатысушылардың баға ұсыныстары туралы мәліметтер (әрбір лотқа):

Р/с №	Конкурсқа қатысушының атауы (билет№)	Конкурстың атауы (лот №)	Конкурстың (лоттың) бастапқы бағасы, тенге	Қадамы	Лотқа ұсынылған бастапқы баға, тенге	Ұсынысты беру уақыты
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Лотқа ұсынылған соңғы баға, теңге	Ұсыныс беру уақыты
8	9

9. Конкурстық комиссия сауда-саттық қорытындысы бойынша ШЕШТІ:

1) бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсына қатысушы _____ жеңімпаз деп танылсын.

(жеңімпаздың атауын және мекенжайын көрсету)

немесесатып алу (лот) бойынша _____

(конкурстың (лоттың) атауы)

бағаны төмендетуге сауда-саттық қолдану конкурсы өтпеген деп танылсын;

2) тапсырыс беруші _____

(тапсырыс берушінің атауын және мекенжайын көрсету)

20 __ жылғы _____ дейін жеңімпазбен _____

_____ сатып алу туралы шарт жасасын;

(жеңімпаздың атауын көрсету)

3) сатып алуды ұйымдастырушы _____

(сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету)

конкурс тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама мәтінін тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) интернет-ресурсында орналастырсын.

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), қолдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 19-қосымша

Нысан

Бағаны төмендетуге сауда-саттықты қолдана отырып, конкурстың электрондық сатып алулары бойынша өткізілген сауда-саттық қорытындылары туралы хаттама

№ _____ конкурстың атауы _____

Лоттың № _____ лоттың атауы _____

Сауда-саттық мәнінің түрі: _____
(тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет)

1. Конкурстық комиссияның құрамы:

№	Тегі, аты, әкесінің аты(ол бар болса)	Лауазымы	Комиссияның рөлі

2. Сатып алынатын тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер):

Лоттың нөмірі	Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Сатып алу үшін бөлінген сома, теңгемен

3. Сауда-саттықтың басталу күні мен уақыты: (КК.АА.ЖЖЖЖ СС:ММ:СС)

4. Сауда-саттықтың аяқталу күні мен уақыты: (КК.АА.ЖЖЖЖ СС:ММ:СС)

5. Конкурса (лотқа) қатысушылардың соңғы ұсыныстары туралы мәліметтер:

Конкурса (лотқа) қатысушының атауы	Ұсынылған бағасы, теңге	Ұсынысты беру уақыты
		КК.АА.ЖЖЖЖ СС:ММ:СС (Астана қаласының уақыты бойынша)

6. Конкурстық комиссия конкурстың (лоттың) өткізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша ШЕШТІ:

Өткізілген сауда-саттықтың мына қорытындылары бекітілсін _____ :
(конкурстың атауы)

Конкурса (лотқа) қатысушының атауы	Ұсынылған бағасы, теңге	Ұсынысты беру уақыты
		КК.АА.ЖЖЖЖ СС:ММ:СС (Астана қаласының уақыты бойынша)

№	Конкурстық комиссияның шешімі	Әлеуетті жеткізушінің атауы	БСН (ЖСН)	Деректемелері
1	Сатып алу бойынша конкурстың (конкурстың (лоттың) атауы) жеңімпазы деп танылсын не: конкурс (конкурстың (лоттың) атауы) _____* байланысты өтпеген деп танылсын			
2	тапсырыс беруші _____ жылға дейінгі мерзімде конкурстың жеңімпазымен шарт жасассын			

Конкурстық комиссия төрағасының, мүшелері мен хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбалары

*Мына мәндердің біреуі: «ұсынылған өтінімдердің болмауы», «кемінде екі ұсынымның берілуі», «конкурсқа қатысуға бірде бір әлеуетті жеткізуші жіберілмеді», «конкурсқа қатысуға бір әлеуетті жеткізуші жіберілді», «конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарының болмауы», «конкурсқа қатысушылардың кемінде екі конкурстық баға ұсыныстарының берілуі», «конкурсқа қатысушының тек бір ғана қайтарылмаған конкурстық баға ұсынысының қалуы»

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 20-қосымша

Тапсырыс беруші үзіліссіз қызметті қамтамасыз ету үшін сатып алатын күн сайынғы немесе ай сайынғы қажеттілік тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесі

1. Тамақ өнімдері, ауыз су (бөтелкедегі).
2. Жанар-жағармай материалдары.
3. Кеңсе тауарлары, А-4, А-3 форматындағы «қағаз».
4. Тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер.
5. Жуу қызметін көрсету бойынша қызметтер.
6. Автокөлік қызметтері.
7. Коммуналдық қызметтер.
8. Әкімшілік ғимаратты ұстау бойынша көрсетілетін қызметтер (жұмыстар):
 - 1) ішкі үй-жайлар мен ғимараттың қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау;
 - 2) ғимаратқа жапсарлас аумақты абаттандыру және көгалдандыру және ғимарат ішіндегі жасыл желекті күту;
 - 3) ғимараттың ішкі үй-жайларын және оған жапсарлас аумақты санитарлық өңдеу;
 - 4) ғимаратқа жапсарлас аумақтан қоқыс пен қарды шығару;
 - 5) ғимаратты және оған жапсарлас аумақты күзетпен, сигнализациямен және күзеттің басқа құрылғыларымен қамтамасыз ету;
 - 6) сантехникалық, электрмен монтаждау жұмыстары;
 - 7) лифттерді, кондиционерлерді техникалық қамтамасыз ету және жөндеу.
9. Байланыс қызметтері (оның ішінде Интернет, спутникті, телефон, пошта байланысы).
10. Ақпараттық жүйелерге ілеспе қызмет көрсету бойынша қызметтер.
11. Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты орналастыру қызметтері.
12. Серверлік бөлмелерде өрт сөндіру және салқындату жүйелеріне техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
13. Аппараттық-бағдарламалық құралдарға жүйелік-техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер.
14. Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына және заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама жүргізу қызметтері.
15. Үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау бойынша қызметтер.
16. Жалға алынатын үйлерді, үй-жайларды және (немесе) ғимараттарды жалдау қызметтері.
17. Қызметтік және арнайы автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша қызметтер.
18. Ұйымдық техникаға арналған шығыс материалдары және картридждерді толтыру бойынша қызметтер.
19. Объектілерді күзету бойынша қызметтер.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 21-қосымша

Нысан

Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

1. _____
(тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) атауы, пошталық (заңды) мекенжайы) хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мыналарды

_____ (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауын көрсету) сатып алуды өткізетіні туралы хабарлайды және аталған сатып алуға қатысуға шақырады.

2. Сатып алу үшін бөлінген сомалар көрсетілген, тауардың саны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі.

3. Ұлттық стандарт, мемлекетаралық немесе халықаралық стандарт (ол болған кезде) көрсетілген, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қысқаша сипаттамасы.

4. Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы (ол болған кезде).

5. Тауар үлгілерін тестілеу бағдарламалары (ол болған кезде).

6. Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны.

7. Тауарды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдері.

8. Әлеуетті жеткізушілердің баға ұсыныстарын, тестілеуге тауар үлгілерін (ол болған кезде) ұсынудың басталу және аяқталу мерзімі.

9. Баға ұсыныстарын ашу күні мен уақыты.

10. Ақы төлеу талаптары.

11. Маңызды талаптары, оның ішінде техникалық талаптары (ол болған кезде) көрсетілген шарт жобасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 22-қосымша

Нысан

Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы

(әлеуетті жеткізушінің атауы мен мекен-жайы)
(лоттың нөмірін көрсете отырып, әрбір лотқа жеке-жеке толтырылады)

Р/с №	Мазмұны	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы
1.	Қысқаша сипаттамасы	
2.	Өлшем бірлігі	
3.	Тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызмет көрсетудің орны мен мерзімдері	
4.	_____ бірлігі үшін _____ бағасы ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 (межелі орны) _____ талаптарында	
5.	Саны (көлемі)	
6.	Барлығы бағасы = 3-жол. x 4-жол. _____	
7.	Әлеуетті жеткізушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баж салықтарын, салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге, құрамдас бөліктері мен міндетті қосалқы бөлшектерінің құнына, пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде өлшем білігіне қызмет көрсетуге жұмсаған барлық шығыстарын қоса алғанда, ИНКОТЕРМС 2000 және (немесе) 2010 _____ талаптарында _____ жалпы сомасы, межелі орны, сондай-ақ ҚҚС сомасын шегергенде, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету талаптарында көзделген өзге шығыстар	

Біз шартта келісілген Сіздердің төлем талаптарыңызбен келісеміз (ол болған кезде).

(Қолы)

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

Мөр орны (болған кезде)

Банк деректемелері

Ескерту: әлеуетті жеткізушіге жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпеуге жол беріледі, бұл ретте аталған жолда көрсетілген бағаны конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған баға ретінде қарастырады

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 23-қосымша

Нысан

Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен баға ұсыныстарын тіркеу журналы

(тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) толық атауы, пошталық (заңды) мекенжайы)

Р/с №	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің аты және хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен оларды сатып алуды өткізу мерзімі	Әлеуетті жеткізушінің аты, БСН (ЖСН), пошталық (заңды) мекенжайы	Әлеуетті жеткізуші басшысының (оның уәкілетті өкілінің) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын тіркеу күні және уақыты	Әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысын ашу күні және уақыты	Баға ұсынысын тіркеуден бас тарту (бас тарту себептері)	Әлеуетті жеткізушінің (оның уәкілетті өкілінің) қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 24-қосымша

Нысан

«БЕКІТЕМІН»

бекітуге уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және қолы

_____ 20__ ж.

_____ (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы)

хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама

1. Тапсырыс берушінің (сатып алуды ұйымдастырушының) толық атауы, пошталық (заңды) мекенжайы: _____.

2. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың аты:

_____ (тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы)

3. Баға ұсыныстарын берудің соңғы мерзімі біткенге дейін баға ұсыныстарын берген әлеуетті жеткізушілердің толық атауы, олардың тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге жариялаған бағалары:

_____ (әлеуетті жеткізушінің атауы)

_____ теңге, жалпы сомасы _____ теңге баға ұсынысымен;

_____ (әлеуетті жеткізушінің атауы)

_____ теңге, жалпы сомасы _____ теңге баға ұсынысын жасады.

4. Қайтару себептерін негіздей отырып, қайтарылған баға ұсыныстары

5. Хабарландыруды орналастыру арқылы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алудағы жеңімпаз: _____.

_____ (әлеуетті жеткізушінің атауы, мекенжайы)

_____ теңге, жалпы сомасы _____ теңге баға ұсынысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 25-қосымша

Нысан

**Хабарландыруды орналастыру арқылы
баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен электрондық
сатып алу қорытындылары туралы хаттама**

№ _____ күні _____

Хабарландыру	№
Сатып алудың атауы	
Баға ұсыныстарын қабылдаудың басталу күні	
Баға ұсыныстарын қабылдаудың аяқталу күні	
Тапсырыс беруші	
Тапсырыс берушінің мекенжайы	
Сатып алуды ұйымдастырушы	
Сатып алуды ұйымдастырушының мекенжайы	

Лоттың №

Лоттың атауы	
Бірлігі үшін бағасы, теңге	
Сатып алу үшін бөлінген сома, теңге	
Өлшем бірлігі	
Саны	

Әлеуетті жеткізушілер мынадай баға ұсыныстарын жасады:

Р/с №	Жеткізушінің атауы	Бірлігі үшін бағасы	Жалпы сомасы	Өтінімді беру күні мен уақыты

Нәтижелері:

Сатып алу жеңімпазы

Атауы
БСН (ЖСН)
Банк деректемелері
БСК
ЖСК
Банктің аты
КАТО
Байланыс ақпараты
ТАӘ
Жұмыс (ұялы) телефоны

Баға ұсынысы жеңімпаздан кейін
ең қолайлырақ болып табылатын
жеткізуші

Атауы

БСН (ЖСН)
Банк деректемелері
БСК
ЖСК
Банктің аты
КАТО
Байланыс ақпараты
ТАӘ
Жұмыс (ұялы) телефоны

Сатып алуды ұйымдастырушы

Басшының лауазымы және ТАӘ

Қорытынды жасау уақыты мен күні

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
26-қосымша

Мүгедектердің мамандандырылған ұйымдарынан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерінің тізбесі

1. Төсек жаймаларының барлық атаулары, көрпе, матрацтар, жамылғы, жастық түрлері, сүлгі, майлық, жастық тыстары, матрацқа арналған тыстар, жаялықтар.
2. Аспаздың костюмі, пісірушінің костюмі, түрлі қалпақтар.
3. Дәретхана қағазы, қағаз сүлгілер.
4. Термоберік брезенттен жасалған костюм, мақта-матадан жасалған жұмыс костюмі, мақта-матадан жасалған дала костюмі, бүркемеленген далаға киетін күрте, брезент костюм, дәнекерлеушінің, аккумуляторшының костюмі, жұмыс комбинезоны, су өткізбейтін қанықтырмасы бар брезент жадағай, резеңкеленген жадағай.
5. Түрлі бушлаттар, мақтадан жасалған күрте, мақтадан жасалған жылы шалбар, синтепоннан жасалған сырып тігілген медициналық бушлат, «Зима» жылы костюмі, теріден жасалған костюм, жылуды сақтайтын костюм, жылы шолақ комбинезон, жылы кеудеше, жылы күрте, далаға киетін бүркемеленген костюм, шалбар, фуфайка, теріден жасалған костюм, теріден жасалған құлақшын.
6. Резеңкеден жасалғандарын қоспағанда, барлық атаудағы қолғаптар мен биялайлар.
7. Түрлі үшкіл орамалдар, шлемнің астынан киетін түрлі қалпақтар, қол орамал, жаға астары.
8. Жұмыс халаты, түрлі алжапқыштар, бірегей нысанды киім (офицерлік құрамнан басқа), сигналдық кеудеше, барлық түрдегі медициналық халаттар, хирургиялық костюмдер, түрлі бахилдар, формалық және арнайы киім, көрпе, госпиталь халаттары, түрлі халаттар, түрлі мектеп формалары.
9. Аяқ киім тігу және жөндеу.
10. Қоқыс тазалайтын күрекшелер, түймелер, қыстырғыштар, шахматтар, шашкалар, ілгіштер, шыны банкаларға арналған металл, пластмасса қақпақтар, медициналық фольга қалпақтар, қорғау каскалары, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жаратуға арналған контейнерлер, Р-50, Р-65 оқшаулау бөлшектері, құжат тігілетін папкалардың құлыптары, шылапшындар, шелектер, электр энергиясын есептеу құралдарына арналған тыстар мен корпустар, щетка - металл дөңгелек, рабица тор.
11. Құжат тігілетін папкалар, конверттер, қағазға арналған папкалар, сызғыштар.
12. Монеталық өнімге арналған арнайы орауларды қоспағанда, орайтын қораптар, мұрағат қораптары.
13. Розеткалар, өшіргіштер, ұзартқыштар, ИП 212-45 өрт кезіндегі хабарлағыштар, 1000 В-ге дейінгі кернеудегі түрлі модификациядағы электр қалқандар.
14. Үй-жайлар мен аумақтарды жинау.

15. Абаттандыру, көгалдандыру.
16. Қылқалам-щетка бұйымдары.
17. Экспортталатын өнімдерге арналған жәшіктерді қоспағанда, ағаштан жасалған бұйымдар (түрлі саптар, салатын жәшіктер).

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына
27-қосымша

Шарттың мазмұнына қойылатын талаптар

1. Шарттың тақырыбында сатып алудың атауы, Тапсырыс беруші мен Жеткізуші белгілеген Шарт нөмірі, шартқа қол қойылған күні және орны қамтылған.

2. Шарттың кіріспесінде Тапсырыс беруші мен Жеткізуші туралы мәліметтер қамтылған, онда мыналар қоса қамтылады:

1) өзінің атын және ұйымдық-құқықтық нысанын көрсететін заңды тұлғаның не мемлекеттік тіркелгенін растайтын куәліктің деректері көрсетілген дара кәсіпкердің атауы.

Жеке тұлға болып табылатын әлеуетті жеткізушімен шарт жасасқан жағдайда, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және оның жеке басын куәландыратын құжаты;

2) уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

3) уәкілетті тұлғаның шартқа қол қою құқығын растайтын құжат;

4) Жеткізушінің резиденттігін көрсету;

5) шарт қорытындысының негіздемесі (хаттама, шешім).

3. Шартта мынадай бөлімдер қамтылған:

1) Шарттың мәні және жалпы талаптары. Бөлімде шарттың мәні (Жеткізушінің тауарды сату және жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау міндеттемелері және Тапсырыс берушінің тауарды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды қабылдау, олардың ақысын төлеу міндеттемелері, тауардың, көрсетілетін қызметтердің, жұмыстардың сипаттамалары көрсетіле отырып немесе оларды жан-жақты сипаттайтын қосымшасына сілтеме жасала отырып көрсетіледі. Келтірілген сипаттамаларда сатып алынатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды сәйкестендіруге (техникалық ерекше нұсқама, техникалық сипаттамалар, мөлшері, саны, көлемі және т.б.) және шартта (Жеткізушінің конкурсына қатысуға арналған өтінімде және Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасында) көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Тауарды жеткізу кезінде ілеспе қызметтерді көрсетуге жол беріледі. Ілеспе қызметтердің құны Шарттың жалпы сомасына қосылады.

Қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау кезінде қосалқы мердігерлерді (бірлескен орындаушыларды) тартуға жол беріледі. Қосалқы мердігерлерге (бірлескен орындаушыларға) жұмыстарды орындау не қызметтер көрсету үшін берген жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемі сатып алынатын жұмыстардың немесе қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен аспайды.

Шарттардың мәтіндерін жасау кезінде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдерді бір мағынада түсіндіру үшін терминдер сөздігі келтіріледі.

Қазақстан Республикасының бейрезидентімен, мемлекеттік монополия субъектісімен, табиғи монополия субъектісімен, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір нарығында басымдыққа (монополияға) ие, үлесі тиісті тауар нарығында 35 (отыз бес) және одан да көп пайызды құрайтын адаммен шарт жасасқан жағдайда 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлім), Қағидаларда көзделген талаптары ескеріле отырып, олар ұсынған нысанда шарт ресімдеуге жол беріледі;

2) Шарттың бағасы және ақы төлеу тәртібі. Бөлімде тауар, көрсетілетін қызметтер, жұмыстар үшін шарттың жалпы сомасы (біреуінің бағасын, көлемін қоса алғанда), құнын өзгерту немесе өзгертпеу тәртібі, валютасы келісіледі.

Шарттың мазмұны 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі), 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес қосылған құн салығын, акциздер мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтиды.

Шарттың бағасына сақтандыруды, салықтарды, баж салығын және өзге де төлемдерді қоса алғанда, тауарды жеткізуге, қызметтерді көрсетуге, жұмыстарды орындауға байланысты барлық тәуекелдер мен шығыстарды қосуға ұсыным жасалады.

Шартқа есептер, шарт бағасының негіздемелері: құрылыс-құрастыру жұмыстарына арналған сметалар, көрсетілетін қызмет құнының есептері, тауарлардың түрлері, техникалық сипаттамалары, біреуінің құны бойынша тізбесі қоса беріледі.

Қандай мерзімде және қандай құжаттар (шот-фактура, қабылдау-өткізу актісі немесе өзге құжат) негізінде шарт бойынша ақы төленетіні көрсетіледі.

Шартқа шарт бойынша міндеттемелер толық және тиісінше орындалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайтын толық төлеу мерзімімен, тауарлардың жеткізілгені, қызметтердің көрсетілгені, жұмыстардың орындалғаны үшін алдын ала ақы төлеу (аванс) және (немесе) толық ақы төлеу туралы талаптарды қосуға жол беріледі.

Шарттың сомасы мен мәні тауарларды, көрсетілетін қызметтерді және жұмыстарды сатып алу жоспарына сәйкес келуге тиіс;

3) Тараптардың құқықтары мен міндеттері. Бөлімде Жеткізушінің тауарды сату және жеткізу, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау міндеттемелері және Тапсырыс берушінің тауарды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды қабылдау және ақысын төлеу міндеттемелері көзделеді.

Сондай-ақ, мына жағдайларда:

Жеткізуші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығы көзделген, бұл ретте Жеткізуші орындалмаған және (немесе) тиісінше орындамаған міндеттемелері мөлшеріндегі соманы қайтарады және тұрақсыздық айыбын (шарт тараптары келіскен мөлшерде) төлейді;

Тапсырыс беруші сатып алуды жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығы көзделген, бұл ретте Жеткізушіге осындай шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету қайтарылады және шартты бұзу күні Жеткізуші жұмсаған нақты шығындар үшін ақы төленеді;

Егер Жеткізуші немесе оның қосалқы мердігері (мердігерлері) немесе бірлескен орындаушысы (орындаушылары) шартты орындау кезеңінде кез-келген сәтте шартты уақтылы орындауға кедергі келтіретін талаптарға жолығатын болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін мән-

жайды бағалайды және өзінің қалауы бойынша шартқа өзгерістер енгізу арқылы шартты орындау мерзімін ұзартады.

Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз шарт бойынша өз міндеттемелерін толық та, ішінара да басқа біреуге бермейді.

Сатып алуға қатысуға арналған өтінімде көрсетілген қосалқы мердігерді (мердігерлерді) не бірлескен орындаушыны (орындаушыларды) тартқан жағдайда, жеткізуші тапсырыс берушіге онымен жасасқан жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жөніндегі шарттардың көшірмелерін ұсынады.

Жеткізушінің техникалық құжаттамаларды беру және орыс тіліндегі және (немесе) ағылшын тіліндегі (өндіруші тілі) таңбалануын көрсету бойынша міндеттемелерін көздеуге ұсыным жасалады. Техникалық құжаттаманың тілін (орыс тілі, ағылшын тілі, өндірушінің тілі) келіскен артық болмайды;

4) Тауарды жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау талаптары. Бөлімде тауарды жеткізу, қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау талаптары, орны және мерзімдері көзделеді.

Incoterms қағидаларына сәйкес тауарды жеткізу талаптарын қабылдауға ұсыным жасалады, бұл жағдайда қағидалардың редакциясы (мәселен, Incoterms 2010 және т.б.) және мәселен, DDP (Incoterms 2010) талаптарымен жеткізу немесе тиеу орны (жеткізу базисінің талаптарына сәйкес) көрсетіледі.

Бөлімде жеткізу базисінде ескертілмеген барлық талаптар айқындалады, оның ішінде: меншік құқығының, тәуекелдердің, жауапкершіліктің ауысу талаптары; сақтандыру бойынша бенефициар;

тауарды тиеу, жеткізу күнін белгілеу талаптары, ілеспе құжаттаманы жіберу талаптары;

жеткізілетін тауарлармен қоса берілетін құжаттардың тізбесі (мәселен: паспорттар, ерекше нұсқамалар, техникалық құжаттама, сапа, сәйкес келу, шығу сертификаттары, қабылдау-өткізу актілері, жүкқұжаттары, кепілдік талондары, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актілері, экспорттық декларация, жүк-кеден декларациясы және басқалары);

ілеспе ақпаратты жіберу тәсілі – поштамен, факспен, электрондық поштамен және басқалары.

Шартта тауарды жеткізудің, қызметтер көрсетудің, жұмыстарды орындаудың бастапқы және соңғы мерзімдері көрсетіледі. Жұмыстарды жүргізу кестесінде жұмыстардың жекелеген кезеңдерін аяқтау мерзімдері (аралық мерзімдер) және аралық мерзімдерді бұзғаны үшін жауапкершілігі көрсетіледі.

Шартта объекті құрылысының кезеңі және (немесе) құрылыстың шекті мерзімі көрсетіледі;

5) Тараптардың жауапкершілігі. Бөлімде Тараптардың 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) не тараптардың келісімі бойынша басқа қолданылған құқықтарға сәйкес Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жалпы тәртіппен жауапкершілік атқаратыны туралы көзделеді.

Дүлей күшті (төтенше жағдайды) қоспағанда, тараптардың шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (өсімпұл, айыппұл) мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару және (немесе) шартты бұзу көзделеді.

Шарт бойынша ақы төлеу мерзімін өткізіп алғаны үшін тұрақсыздық айыбының мөлшерін шектеуге ұсыным жасалады, мәселен «Тапсырыс беруші шарт бойынша ақы төлеу

мерзімін өткізіп алғаны үшін мерзімінде төленбеген сомадан 0,1% (ноль бүтін оннан бір), бірақ шарт сомасынан 5% (бес) аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді».

Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсіз шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші шартты бұзу күні шарт бойынша оны бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы;

6) Конфиденциалдылық. Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімсіз Жеткізуші шартты орындау үшін тартқан персоналды қоспағанда, басқа біреуге шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің мазмұнын, сондай-ақ техникалық құжаттамаларды, жоспарларды, сызбаларды, үлгілерді, нұсқаларды немесе Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпаратты жарияламайды. Көрсетілген ақпарат аталған персоналға шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сол шамада конфиденциалды түрде ұсынылады.

Жеткізуші Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімсіз шартты іске асыру мақсатынан басқа жағдайларда жоғарыда тізбелеп көрсетілген қандай болмасын құжатты қолданбайды;

7) Дүлей күш (төтенше жағдай). Дүлей күш (төтенше жағдай) туындаған кезде Жеткізуші Тапсырыс берушіге осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы дереу жазбаша хабарлама жібереді. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулар келіп түспейтін болса, Жеткізуші қаншалықты мақсатқа сай болса шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын жалғастырады және көрсетілген мән-жайларға тәуелді болмайтын шартты орындаудың баламалы әдістерін іздейді;

8) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету. Қағидалардың 272-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің және қайтарудың талаптары мен мерзімдері көзделеді;

9) Дауларды шешу талаптары. Тапсырыс беруші мен Жеткізуші шарт бойынша немесе онымен байланысты өздерінің арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер жүргізу барысында шешу үшін бар күшін салады.

Шарт бойынша Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы дауды реттеу мүмкін болмаған жағдайда, дау кез-келген тараптың талап етуі бойынша 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) не тараптардың келісімі бойынша басқа қолданылған құқықтарға сәйкес шешіледі.

Бейрезидентпен (бейрезиденттермен) шарт жасаған жағдайда шарттың Қазақстан Республикасының заңнамасында (Қазақстан Республикасының құқығы қолданылған құқық болып табылады) реттелетінін және даулар туындаған жағдайда олардың Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында немесе Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы төрелік сотта қаралатынын көрсетуге ұсыным жасалады;

10) Шартқа өзгерістер енгізу және оны бұзу талаптары. Бөлімде шартқа өзгерістер енгізуге, шартты бұзуға жол берілетін мән-жайлар мен негіздемелер және оларды тараптармен келісу тәртібі көрсетіледі.

Шартта көзделген, ол туралы тараптар бір-біріне жазбаша хабарлайтын тараптардың орналасқан орны және (немесе) деректемелері өзгерген жағдайларды қоспағанда, шартқа барлық өзгерістер жазбаша түрде ресімделеді және оларға тараптар қол қояды;

11) Шарттың күшіне ену талаптары. Шарт оған Тапсырыс беруші мен Жеткізуші қол қойғаннан кейін не шарттың талаптарында жеткізушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу қажеттілігі көзделген жағдайда, соңғысы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық енгізген соң күшіне енеді.

Міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын шарттар тіркелген сәттен бастап жасалған болып саналады;

12) Шарттың тілі. Бөлімде шарттың тілі, даналарының саны келісіледі. Шарт «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 маусымдағы Заңына сәйкес жасалады;

13) Шартта тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері қамтылған.

4. Шартта Жеткізушінің тауарға, көрсетілген қызметтерге, орындалған жұмыстарға кепілдікті ұсынуының мынадай талаптарын көздеуге ұсыным жасалады:

1) кепілдіктің қолданылу мерзімі кемінде 1 жыл;

2) тауардағы, көрсетілетін қызметтердегі, жұмыстардағы кемшіліктерді, сәйкессіздіктерді, істелмей қалуларды, қателерді (бұдан әрі – ақаулар) ауыстырған немесе түзеткен жағдайда ауыстырылған (түзетілген, қалпына келтірілген) тауарға, көрсетілетін қызметке, жұмысқа немесе оның бөлігіне кепілдік мерзімі ақауларды жою жүргізілген уақыт кезеңіне ұзартылады;

3) егер кепілдік мерзімі ішінде тауардан, көрсетілген қызметтерден, орындалған жұмыстардан ақаулар анықталса, Тапсырыс беруші осындай тауардан, көрсетілетін қызметтерден, жұмыстардан бас тартады, ал Жеткізуші өз есебінен тауарды, көрсетілетін қызметтерді, жұмыстарды не ауыстырады (түзетеді, қалпына келтіреді) және (немесе) оны ауыстыру (түзету, қалпына келтіру) құнын (жұмыстар, қызметтер есепке алынып) өтейді.

Ақауларды жою мүмкін болмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге барлық шығындарды (шығыстарды) өтейді.

5. Тауарды жеткізген жағдайда шартта мынадай талаптарды қосуға жол беріледі, бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмейді:

1) шет елден жеткізілетін тауарлар үшін:

Жеткізуші Тауарды тиегеннен кейін Тапсырыс берушіге және сақтандыру компаниясына телекс немесе факс бойынша Шарттың нөмірін, тауардың сипаттамасын, санын, кемені, коносамент нөмірін, күнін, портты және тиеген күнді, түсірген портты және т.б. қоса алғанда тасымалдаудың барлық мән-жайы туралы хабарлайды. Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды жібереді:

Жеткізушінің тауарлар сипатталған, тауардың саны, біреуінің бағасы және жалпы сомасы көрсетілген шот-фактураларының көшірмелері;

тасымалдау жүкқұжатының түпнұсқасы және үш көшірмесі;

әрбір ораудың ішіндегісі көрсетіле отырып, орау қағазының көшірмелері;

сақтандыру сертификаты;

дайындаушының немесе Жеткізушінің кепілдік сертификаты;

уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізу туралы куәлік, сондай-ақ Жеткізушінің зауытында техникалық бақылаудың жүргізілгені туралы есеп (егер осындай жер бар болса);

тауардың шығу тегі туралы сертификат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар Тапсырыс берушіге тауар портқа немесе жеткізу бөліміне келгенге дейін бір апта бұрын беріледі, олар алынбаған жағдайда, Жеткізуші осыған байланысты барлық шығыстар үшін жауапкершілік атқарады;

жергілікті тауарлар үшін:

Жеткізушінің тауарлар сипатталған, тауардың саны, біреуінің бағасы және жалпы сомасы көрсетілген шот-фактураларының көшірмелері;

тасымалдау жүкқұжаты, теміржол түбіртегі немесе автожүк түбіртегі;

дайындаушының немесе Жеткізушінің кепілдік сертификаты;

уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау жүргізу туралы куәлік, сондай-ақ Жеткізушінің зауытында техникалық бақылау жүргізілгені туралы есеп (егер осындай жер бар болса);

тауардың шығу тегі туралы сертификат;

2) жеткізуші тауарларды соңғы межелі жерге тасымалдау уақытында олардың зақымдалуының немесе бүлінуінің алдын алуға мүмкіндік туғызатын, қандай да бір шектеулерсіз үдемелі көтеру-тасымалдау кезіндегі өңдеуді және тасымалдау уақытында экстремалды температураның, тұздың және қар, жауын-шашынның әсерін, сондай-ақ ашық жерде сақтауға төтеп беретін ораумен қамтамасыз етеді. Оралған жәшіктердің ауқымдылығын және олардың салмағын анықтау кезінде соңғы жеткізу бөлімінің шалғайлығын және барлық тауарларды жіберу бөлімдерінде қуатты жүк көтергіш құралдарының болуын ескеру қажет;

3) тауарлар дайындауға, сатып алуға, тасымалдауға, сақтауға және жеткізуге байланысты бүлінуден немесе зақымдалудан (сақтандырудың қажетті түрін көрсету қажет) теңгемен (немесе еркін айырбасталған валютамен) толық көлемде сақтандырылуы тиіс. Сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші Жеткізушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде көрсетіледі.

Сақтандыру әскери іс-қимылдар мен ереуілдерге байланысты тәуекелдерді қоса алғанда, «барлық тәуекелдерден» сақтандыру кезінде «қоймадан қоймаға дейін» шарт сомасының 110%-ы (жүз он) мөлшерінде көзделеді;

4) жеткізуші тауарды межелі орнына дейін жеткізеді. Жеткізуші осы тауарларды межелі орынға дейін тасымалдауды жүзеге асырады және ақысын төлейді, ал осыған байланысты шығыстар шарттың жалпы сомасына қосылады;

5) жеткізуші егер Шартта өзгеше көзделмесе, шарт шеңберінде жеткізілген тауарлардың жаңа, пайдаланылмаған, құрылымдар мен материалдардың барлық соңғы түрленуін бейнелейтін жаңа не сериялы модельдер болып табылатынына кепілдік береді. Жеткізуші бұдан әрі осы Шарт бойынша жеткізілген тауарларда Тапсырыс берушінің елі үшін қалыпты болатын талаптармен жеткізілген тауарлармен дұрыс жұмыс істеген кезде құрылымға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Жеткізуші Тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекше нұсқамаға қатаң сәйкестікте дайындаған құрылымдардан, материалдардан ақаулар табылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушінің техникалық ерекше нұсқамасындағы оның (Тапсырыс берушінің) қателіктері үшін жауапкершілік атқармайды;

6) тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарлардың техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес келуін растау үшін егер бұл туралы шартта және (немесе) техникалық ерекше нұсқамада келісілген болса, тауарларға техникалық бақылау және (немесе) сынақ жүргізе алады. Шартта және (немесе) техникалық ерекше нұсқамада Тапсырыс берушіге тексеру мен сынақтың қандай түрі керек екені, сондай-ақ оларды өткізу орны көрсетіледі. Тапсырыс беруші осы мақсаттар үшін тағайындалған өз өкілдері туралы Жеткізушіге жазбаша түрде және уақтылы хабарлайды. Жеткізуші осы сынақтар үшін барлық шығыстарды көтереді.

Техникалық бақылау және сынақтар Жеткізушінің немесе оның бірлесіп орындаушысының аумағында, тауарларды жеткізу орнында және (немесе) соңғы межелі орнында жүргізілуі мүмкін. Егер олар Жеткізушінің немесе оның қосалқы мердігерінің аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс берушінің өкілдеріне Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар беріледі және көмек көрсетіледі.

Егер техникалық бақылаудан немесе сынақтан өткен тауарлар техникалық ерекше нұсқамаға жауап бермесе, Тапсырыс беруші тауарларды қабылдаудан бас тартады. Бұл ретте, Жеткізуші техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз ақауларды түзетеді, ақаулы тауарды ауыстырады не қажетті өзгерістер енгізеді.

Жоғарыда көрсетілгендер Жеткізушіні шарт бойынша кепілдік пен басқа да міндеттемелерден босатпайды;

7) шартта Жеткізуші дайындайтын немесе іске асыратын қосалқы бөлшектер туралы, атап айтқанда Тапсырыс беруші Жеткізушіден сатып алу үшін және кепілдік мерзімі өткеннен кейін пайдалану үшін таңдап алуы мүмкін қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасы туралы ақпаратты Жеткізушіден ұсынуы туралы талаптың көзделуіне жол беріледі.

Қосалқы бөлшектерді шығару тоқтатылған жағдайда Жеткізуші:

Тапсырыс берушінің қажетті мөлшерде қажетті сатып алуды жүзеге асыруына мүмкіндік беру үшін оған алдағы өндірісті тоқтату туралы алдын-ала хабарлайды;

қажет болған жағдайда өндіріс тоқтатылғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге арналған сызбаларды, жоспарларды және техникалық құжаттамаларды тегін ұсынады.

6. Қызметтер көрсеткен жағдайда, Шартқа мынадай талаптарды қосуға жол беріледі, бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмейді:

1) Жеткізуші Тапсырыс берушінің бірінші талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге сапа сертификатын, қызметтер көрсету құқығына лицензияны, сондай-ақ оның құқыққа қабілеттілігін дәлелдейтін өзге де құжаттарды береді;

2) Жеткізуші өзіне қызмет көрсету үшін берілген Тапсырыс беруші жабдықтарының, материалдарының, құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді. Олардың жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, барлық жөндеу (қалпына келтіру) шығындарын және жөндеу мерзімі ішінде жөндеу уақытында тұрып амалсыз тұрып қалудың (оның ішінде жіберіп алған пайда үшін) өтемақы төлейді;

3) Жеткізуші қызметтер көрсету кезеңінде қызмет көрсету бойынша қызметті үйлестіру үшін байланыс жасаушы адамды белгілейді;

4) Жеткізуші Тапсырыс берушінің қалауы бойынша оның қызметкерлеріне көрсетілетін қызметтерді пайдалану тәртібіне, олардың сипаттарына және ерекшеліктеріне қатысты консультациялар береді;

5) Жеткізуші қызметтер көрсетуге байланысты техникалық мәселелерді шешу бойынша тәжірибелік көмек көрсетеді;

6) Жеткізуші қызмет көрсетудегі кешіктіру фактісі, оның болжамды ұзақтығы мен себептері туралы, егер Жеткізуші Шартты орындау кезеңінде қызметтерді уақтылы көрсетуге кедергі келтіретін жағдайларға тап болған кезде ғана, Тапсырыс берушіге дереу жазбаша немесе телефон, факсимильді байланыс арқылы хабарлайды;

7) бірлескен орындаушының (орындаушылардың) болуы Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы шарт талаптарын өзгертпейді;

8) шарт бойынша көрсетілген қызмет оның сапасына шағым-талаптар болмаған кезде қызмет көрсету туралы тиісті актіні ресімдеу арқылы қабылданады;

9) көрсетілген қызметтерді қабылдағаннан кейін сапасына берілген кепілдіктің қолданылу кезеңінде одан ақаулар анықталған жағдайда Тапсырыс беруші осылай хабарлаған сәттен бастап шартта белгіленген мерзімде Жеткізуші ақауларды жояды.

7. Жұмыстарды орындаған жағдайда шартқа мынадай талаптарды қосуға жол беріледі, бірақ олармен шектелмейді:

1) Тапсырыс беруші Мердігерге Объектінің құрылысына (жөндеу, қайта құрастыру) арналған жобалау-сметалық құжаттаманы береді. Толық аяқталған құрылысты жүргізу кезінде осы талап шартта келісіледі;

2) Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында сатып алуды ұйымдастырушы құрылысқа, қайта құрастыруға тиесілі деп айқындаған және Мердігер Тапсырыс берушіге Шартта көзделген түрінде берген үй-жайлар, ғимараттар (бұдан әрі – Объект) құрылысы мәселелеріне қатысты ресми қарым-қатынастың тек жазбаша нысанда ғана күші бар;

3) қосалқы мердігердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы шарт талаптарын өзгертпейді;

4) Объектінің құрылысы немесе жұмыстарды орындау үшін белгіленген аумақта (бұдан әрі – Учаске) қосалқы мердігерлер болған кезде Мердігер өз жұмысын олармен бірге үйлестіреді;

5) егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды себептерін көрсете отырып, Объектідегі жұмысты орындаудан шеттеуді өтінсе, Мердігер ол тұлғаны 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен шығарады, одан кейін бұл тұлғаның шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланыста болмауы тиіс;

6) Мердігер Тапсырыс берушінің шығындарына және мүлкіне залал келтіруге, өз қызметкерлерінің меншігі мен денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің опат болуына байланысты және шартты орындау барысында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауап береді;

7) Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлері үшін, атап айтқанда: соғыс, көтерілістер, төңкеріс, азамат соғысы, бүлік, тәртіпсіздік үшін (егер оларға Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) жауап береді. Мердігер анықтаған және Тапсырыс беруші көрсетпеген жердің улы және жарылғыш заттармен қанығуы және осы анықталғандар жұмыстың орындалуына тікелей әсер ететін болса, бұл да Тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады;

8) Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған күннен бастап жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге сақтандырудың өтелуін қамтамасыз етеді.

Сақтандыру объектілері мен сомалары (жабдықтарды жеткізуді сақтандыру, адамдарды сақтандыру және т.б.).

Мердігер сақтандыру полистері мен сертификаттарын жұмыстар басталатын күнге дейін бекіту үшін Тапсырыс берушіге береді.

Егер Мердігер талап етілген сертификаттарды бермесе, Тапсырыс беруші сақтандыруды өз бетінше жүзеге асырады және бұл шығыстарды шарт сомасынан ұстап қалады.

Мердігер Тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру талаптарына ешқандай өзгерістер енгізе алмайды. Бұл ретте Талаптар сақтандыру полистерінің барлық талаптарын сақтайды;

9) әрбір Тарап олардың бірлескен іс-әрекеттерінің немесе қателерінің нәтижесі болып табылған шығындар, шығыстар және шығындар бойынша шағым-талаптар, адамдардың денсаулығына залал келтірілгені және адамдардың опат болғаны үшін жауап береді және оларды екінші тарапқа өтейді;

10) Мердігер Объектідегі жұмыстарды орындаудың қауіпсіздік техникасына толық жауап береді;

11) Тапсырыс беруші Мердігерге Объектінің құрылысы үшін бөлінген барлық Учаскесін пайдалануға рұқсат береді. Егер Учаскенің құрылысқа бөлінген бөлігі Учаскені беру күніне берілмесе және осының себебінен жұмыстарды орындау кешіктірілсе, мұндай жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстардың аяқталу мерзімін осы Учаскені берудің кешіктірілген мерзіміне ұзартады;

12) Тапсырыс берушінің немесе оның уәкілетті адамының, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеушілердің Учаскеге немесе шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез-келген басқа жерлерге кіруіне әрқашан да рұқсаты болады;

13) егер Мердігер шарттық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету бойынша міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды соңына дейін орындауға қабілетсіз

болып шықса, Тапсырыс беруші тоқтату себептерін жойғанға дейін жазбаша ұйғарыммен Мердігерге жұмысты түгелдей немесе оның бір бөлігін тоқтату туралы өкім береді;

14) егер Мердігер Тапсырыс белгілеген мерзім ішінде жұмысты түземесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіре алмаса) және жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе, Тапсырыс беруші көрсетілген мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталайды. Егер Мердігер келесі белгілеген мерзім ішінде көрсетілген ақауларды түзете алмайтын жағдайда болса, Тапсырыс беруші басқа ықпал ету әдістерін қолданатын өз құқықтарынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындайды. Мұндай жағдайларда өзгерістер туралы бұйрық шығарылады, оның негізінде Мердігерге төленуге тиісті сомалар Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындарының өтемақысын қоса алғанда, аталған ақауларды түзеу құны ұсталынады. Егер Мердігерге төленуге тиісті сомалар көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, онда Мердігер Тапсырыс берушіге өз қаражатынан айырмасын төлейді;

15) Мердігер Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысы бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі жазылған жұмыстарды жүргізу кестесін, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан төлемдер жүргізу кестесін бекіту үшін береді;

16) Тапсырыс беруші егер дүлей күш (төтенше жағдай) немесе ауытқушылықтар орын алса, оларға ұсынылған жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады, жұмыстарды орындау үшін, содай-ақ егер жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталса қосымша уақытты талап етеді.

Егер Тапсырыс берушінің немесе Мердігердің бақылауына алынбаған дүлей күш (төтенше жағдай) шарттың орындалуын тоқтататын болса, Тапсырыс беруші шарт қолданысының тоқтатыла тұруды куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарламаны алғаннан кейін ең қысқа мерзімдерде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні консервациялау күніне дейін орындалған жұмыстардың тұтас көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлейді;

17) Мердігер білімін және барлық өзіндегі мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмысты бақылайды және жібереді. Мердігер жұмысты орындау құралдары, әдістері, техникасы жүйелілігі мен сапасы үшін, сондай-ақ шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіру үшін толық жауап береді;

18) Мердігер Тапсырыс берушінің алдында өз қызметкерлерінің, қосалқы мердігердің, қосалқы мердігер қызметкерлерінің және сенім білдірген тұлғаларының, сондай-ақ Мердігермен шарт негізінде бір шарт шеңберінде жұмыстың бөлігін орындайтын өзге де тұлғалардың іс-әрекеттері мен қателіктері үшін жауап береді;

19) Тапсырыс беруші жұмысты немесе құрылымды тексеру үшін сынақ жүргізеді. Егер тексергеннен кейін тексерілген жұмыста немесе құрылымда ақаулар бар болса, Мердігер жұмыстың ақауын түзетеді және (немесе) құрылымды ауыстырады;

20) Мердігер жеткізілетін материалдар мен жабдықтардың техникалық ерекше нұсқамаға және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келетініне, жұмыстың оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкеспейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына Тапсырыс берушіге кепілдік береді. Осындай талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде аз негізделген және рұқсат етілмеген өзгерістері бар жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер ұсынатын кепілдікке пайдалану қағидаларының бұзылуы, Мердігер (Қосалқы мердігер) жүзеге асырмаған түрлендіру салдарынан, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету салдарынан, сондай-ақ жабдықты дұрыс пайдалану кезінде тозуы немесе бүлінуі салдарынан залалды қайтару немесе ақауларды жою кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтар сапасының техникалық ерекше нұсқамаға және (немесе) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкесетінін куәландыратын құжаттарды ұсынады;

21) егер Мердігердің шарт талаптарын айтарлықтай бұзуы салдарынан Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ уақытша ғимараттар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және шартты бұзуға байланысты қаржылық тексеруді шешкенге дейін оның басқаруында болады;

22) Мердігер орындалған жұмыстарды және барлық материалдарды, жабдықтарды, қорлар мен жұмысқа байланысты өзге де ұстанымдарды климаттық шөгінділерге, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты барлық залал, зақымдалу, жойылу түрлерінен қорғауды қамтамасыз етеді. Мердігер өзінің жұмыстарын жасау кезінде жоба бойынша басқа жұмыстардың, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншіктің және оған тиесілі ғимараттардың жолды, үй-жайларды, материалдардың қоймалары мен жылжитын және жылжымайтын мүліктердің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ осылармен шектелмей) зақымдалудың қандай да бір түрінен қорғалуын қамтамасыз етеді. Мердігердің жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындары Тапсырыс беруші тарапынан қосымша өтелмейді.

Тапсырыс беруші Мердігер жұмыстарының толық аяқталғанға және қабылданғанға дейін жоғарыда айтылған себептер бойынша қандай да болмасын залал келгені немесе қандай болмасын зақымдалғаны үшін жауап бермейді және жоғарыда айтылғандарың нәтижесінен болған қандай болмасын залалды, қандай болмасын зақымдауларды және өзге де ақауларды қосымша ақысыз түзетеді;

23) Мердігер Объектіге жеткізетін барлық материалдар мен жабдықтардың жеткізілуін, тасымалдануын, түсірілуін және сақталуын ұйымдастыру үшін жауап береді. Жеткізу тек Мердігердің атына ғана жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші қандай болмасын жағдайларда жеткізуге, өңдеуге, сақтауға көлік құралдарының тұрып қалуына ақы төлеуге байланысты шығыстар үшін жауап бермейді. Ешқандай да жеткізулер Тапсырыс берушінің атына жіберілмейді;

24) егер Шарт бұзылса, Мердігер дереу жұмысын тоқтатады, Объектіні тоқтатып қоюды және оны белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге өткізуді қамтамасыз етеді;

25) егер Шартта Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарын жеткізу көзделсе, Мердігер оларды жеткізу үшін қажетті болуы мүмкін мерзімдері туралы Тапсырыс берушіге алдын-ала хабарлайды. Бұл мерзімдер Мердігердің жұмыстар кестесінде көзделеді.

Мердігер Тапсырыс берушіге Участкедегі материалдар мен жабдықтарды алу кестесін ұсынады. Сақтау, салу немесе дестелеу үшін тек Тапсырыс беруші бөлген учаскелер ғана қолданылады. Егер Мердігер өзінің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды кідіртсе, және бұлай кідірту жалпы жұмыстың жүзеге асырылуына залал келтірсе, Тапсырыс беруші Мердігердің материалдары мен жабдықтарын түсіруді және сақтауды Мердігердің есебінен жүзеге асырады (бірақ мұны жасау міндетті емес). Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстың басталу күнін және орнын көрсете отырып, осындай жұмыстардың жүзеге асырылғаны туралы бір жұмыс күні бұрын Мердігерге хабарлайды. Егер мұндай түсіруді немесе сақтауды Тапсырыс беруші жүзеге асырса, жоғарыда ескертілгендерге залал келуіне немесе зақымдалуына байланысты барлық тәуекелді Мердігер көтереді;

26) Тапсырыс беруші ұсынатын материалдар мен жабдықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігер бірлесе отырып қабылдайды және тексереді. Құрылыс алаңында жүк түсіруді Мердігер жүзеге асырады. Мұндай қабылдау Мердігер дайындайтын қабылдау туралы жазбаша құжатта көрсетіледі. Мұндай материалдар мен жабдықтарға сәйкес кез-келген кем шығу немесе зақымдалу қабылдау туралы жазбаша құжатта тіркеледі. Мұндай материалдар мен жабдықтарды қабылдап алғаннан кейін Мердігер олар жоғалған немесе зақымдалған жағдайда осындай материалдар мен жабдықтарды өңдеу және сақтау үшін толық жауап береді. Мердігер өзінің жұмыстарын толық аяқтағаннан кейін қалған кез-келген материалдардың немесе жабдықтардың артық шыққаны Тапсырыс берушіге қайтарады;

27) егер Тапсырыс беруші шартқа сәйкес шартта көзделген жұмыстарды орындау үшін негізделген санда электрмен және сумен қамтамасыз етеді, Мердігер қосуды орындағаны үшін Тапсырыс беруші белгілеген қосу орындарынан электр энергиясын және суды тарату үшін жауап береді. Осы қызметтермен қамтамасыз етудегі үзілістер жұмыстың ұзақтық мерзімін өзгерту үшін негіз болып табылады;

28) Мердігер Учаске аумағын таза ұстайды. Мердігер Учаскедегі барлық құрылыс қоқыстарын жояды және Учаскені тез арада ретке келтіреді.

Егер Мердігер Учаскені шартта талап етілгендей таза ұстай алмаса, Тапсырыс беруші шығыстарды Мердігердің есебіне жатқыза отырып, бұл жұмысты өзі орындайды;

29) Мердігер шартта келісілген барлық жұмыстарды аяқтағаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде шартқа сәйкес жұмыстың аяқталуын бағалау жөнінде комиссия (Жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

Жұмыс комиссиясы Мердігердің қатысуымен өткізіледі.

Жұмыс комиссиясы актісінің күні жұмысты аяқтаған күн болып табылады.

Жұмыс комиссиясы шала істелгендер тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Шала істелгендерді жою күні шарттың аяқталу күні болып табылады. Барлық шала істелгендерді жою фактісі Объектіні пайдалануға түпкілікті қабылдау актісімен (Мемлекеттік комиссияның актісі) айқындалады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің,
оның ведомстволарының, оның құрылымына
кіретін ұйымдардың және дауыс беретін
акцияларының (жарғылық капиталға қатысу
үлестерінің) елу және одан да көп пайызы
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне
тиесілі немесе оның сенімгерлік
басқаруындағы заңды тұлғалардың және
олармен үлестес заңды тұлғалардың
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін
қызметтерді иеленуі қағидаларына
28-қосымша

Нысан

Банк кепілдігі

(шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны)

Банктің атауы: _____
(банктің атауы және деректемелері)

Кімге: _____
(тапсырыс берушінің атауы және деректемелері)

№ _____ Кепілдік міндеттеме

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____
(орналасқан жері)

_____, «Жеткізуші», _____
(жеткізушінің атауы) (тауарлардың, жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің атауы)
жеткізуге (орындауға, көрсетуге) арналған _____ жылғы _____ №__ сатып алу туралы шартты
жасағанын (жасайтынын) және Сіздің Шартта жалпы сомасы _____
(сомасы санмен және жазумен)

теңгеге банк кепілдігі түрінде оның орындалуын қамтамасызетуді енгізетінііз, ол
_____ теңге мөлшеріндегі Шарттың жалпы сомасының __ %-на сәйкес
(сомасы санмен және жазумен)
келетіні көзделді.

Осы арқылы _____ жоғарыда көрсетілген Шарт бойынша кепіл
(банктің атауы)

болып табылатынын және ақы төлеуге Сіздің жазбаша талабыңызды, сондай-ақ
Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының немесе тиісінше
орындамауының жазбаша растамасын алған соң Сіздің талап етуіңіз бойынша Сізге банк
кепілдігінің сомасын төлеу бойынша өтеусіз міндеттемені өзіне алатындығын растаймыз.

Осы кепілдік міндеттеме оған қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Жеткізуші
Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін қолданылады.

Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен
міндеттемелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Кепілгердің қолы
Мөр орны (болған кезде)

Күні және мекенжайы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларына 29-қосымша

Нысан

Шарттарды тіркеу және есепке алу журналы

Р/с №	Шартты (қосымша келісімді) тіркеу күні, нөмірі	Шарттың атауы (мәні)	Жеткізушінің атауы	Жауапты бөлімше
1	2	3	4	5